

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Т. Есембеков
С. Дәрібаев
Ш. Шортанбаев

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ӘДЕБИЕТІ
БОЙЫНША МӘТІН ТАЛДАУ
САБАҚТАРЫ

Оқу-әдістемелік құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5қаз)

Е 79

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама 27 маусым 2019 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы *Г. Орда*
филология ғылымдарының кандидаты, доцент *Л. Мұсалы*

Есембеков Т.

Е 79

Қазақ фольклоры мен әдебиеті бойынша мәтін талдау сабақтары: оқу-әдістемелік құралы / Т. Есембеков, С. Дәрібаев, Ш. Шортанбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 181 б.

ISBN 978-601-04-4170-5

Оқу-әдістемелік құралында қазақ ауыз әдебиетінен бастап қазіргі заман әдебиетіне дейінгі тарихи кезеңдер бойынша өтілетін практикалық сабақтардың мазмұны мен үлгісі берілген. Басылымда тың ғылыми-теориялық ақпарат, жаңа оқу-әдістемелік ұсыныстар, тәжірибелік кеңестер, теориялық түсіндірмелер, семинар сабақтардың құрылымы мен мазмұны, тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар, негізгі дерек көздер тізімі бар. Сонымен қатар студенттердің біліктілігі мен құзыреттілігін анықтауға бағытталған тапсырмалар ұсынылған.

Оқу-әдістемелік құралы Қазақстан университеттерінің филология және журналистика факультеттерінің студенттеріне арналған. Аталмыш оқу-әдістемелік құралын қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихына қатысты элективтік курстарда, гимназиялар мен колледждерде пайдалануға болады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5қаз)

ISBN 978-601-04-4170-5

© Есембеков Т., Дәрібаев С., Шортанбаев Ш., 2019
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

КІРІСПЕ

Назарларыңызға ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралы Қазақстан жоғары оқу орындарының филология және журналистика факультеттерінің студенттеріне арналған. Халық ауыз әдебиеті мен қазақ әдебиетінің тарихы пәндерінің типтік оқу бағдарламаларының негізгі бөлімдеріне сәйкес түзілген.

Аталмыш оқу-әдістемелік құралының негізгі мақсаты – білім алушыларды ұлттық сөз өнерінің тарихын оқып үйренудің заманауи әдістемелерімен, көркем шығармаларды талдау мен бағалаудың қазіргі талаптарымен таныстыру. Сондай-ақ бұл еңбек студенттердің зерттеу жұмыстарының тақырыбын таңдауына, маңызды ақпараттармен танысуына және қазақ әдебиетінің тарихын терең және жүйелі меңгеруге көмектеседі.

Қазақ әдебиетінің тарихы бойынша оқылатын дәрістер әдеби дамудың теориялық негіздерін, тарихи заңдылықтарын, тарихи-әдеби құбылыстарды, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің өркендеуіне үлкен үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармашылығын зерделеуді қамтиды. Ал практикалық сабақтар әдебиеттің даму көріністері мен заңдылықтарын, тарихи-әдеби үдерістердің барысын, әдеби құбылыстардың тақырыптық-идеялық астарына назар аудармақ. Асылы, филологиядан кәсіби маман дайындауда әдеби үрдістің жалпы заңдылықтарын теориялық тұрғыдан зерделеуге жете мән берген орынды. Сондықтан осы ақпаратты нақты әдеби құбылыстармен эстетикалық және көркемдік сападан біріктіре қарастыруға мүмкіндік беретін тарихи-әдеби мәнді практикалық сабақтардың тигізер пайдасы мол болмақ. Демек, негізгі міндет студенттің оқу материалын жүйелі меңгеру деңгейін тексерумен

қатар оларға әдеби мәтіндерді тегі мен түріне сай талқылау мен талдаудың тиімді амалдарын, көркем шығармаға ғылыми-мәдени сараптама жүргізуді үйрету болғаны абзал.

Қазақ әдебиетінің тарихы бойынша практикалық сабақтар мына мәселелерді қамтуы тиіс:

– дәріс курстарынан алынған білімді бекіту, ғылыми ақпаратты нақтылау, шығармашылық ізденіс ауқымын кеңейту және тереңдету;

– студенттердің оқытушының жетекшілігімен атқарылатын өзіндік жұмысы арқылы логикалық ойлауы мен шығармашылық белсенділігін, кәсіби дағдылары мен әдістерін дамыту;

– студентті өзіндік жұмысын ұйымдастыруға баулу арқылы оның кәсіби танымдық қабілеттерін арттыру.

Практикалық сабақтар, негізінен, дәрістер курсының мазмұны және бағытымен тығыз байланыста болғаны жөн, екеуінің арасында сабақтастық пен бірізділік жүйенің сақталғаны тиімді. Қысқасы, практикалық және семинар сабақ дәрістің мазмұнын нақтылап, ондағы зәру мәселелерді, күрделі сұрақтарды қарастырмақ. Әрине, тақырып бойынша басты теориялық ұстындарды, негізгі тұжырымдарды бекіту, өзекті ойларды жинақтау да мәнді. Талдау үшін фольклорлық, эпикалық, лирикалық, драмалық шығармалардың қолжетімді үлгілері ұсынылған. Тәжірибелі, білікті маман дайындауға бағытталған аталмыш оқу-әдістемелік құралының еліміздің мектептерінде, колледждерінде, ЖОО-да қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың деңгейін көтеруге пайдасы тиер деп ойлаймыз. Асылы, бұл құрал оқытушыдан да кәсіби білім мен білікті, педагогикалық шығармашылық ізденісті талап ететіні сөзсіз. Ұстаз, алдымен, автор тұлғасы, мәтін табиғаты, шығармашылық үдеріс жөніндегі ғылыми ақпаратпен жете таныс болғаны абзал, көркем шығарманы талдау мен талқылаудың жетекші әдістерін терең меңгергені де маңызды. Сюжеттік оқиғаларды қасаң мазмұндау, шығарманың тақырыбы мен идеясын схема түрінде қисындау мен зерделеуге орын бермеу керек. Басылым оқушы жастарды ұлттық әдебиеттің теориясы мен тарихының негізгі мәселелеріне өздігінен нақты сараптама жүргізуге де

баулиды. Қазақ әдебиеті тарихына арналған бұл практикумда оқу жоспарында белгіленгеннен гөрі көбірек сабақтар саны берілген. Осы арқылы студенттерге тақырыптарды еркін таңдауға, белгілі бір сабақта қолданылатын шығармаларға өзіндік талдау жасауға, оларға оқулықта назар аударылмаған тақырыптар туралы толығырақ, тереңдетілген мәлімет беру көзделді. Сонымен қатар аудиторияға түрлі мәселелерді бірлесе талқылауға мүмкіндік беретін маңызды сұрақтар берілген.

Библиографиялық көрсеткіштер мен нұсқаулар тізімі әркімнің таңдау мүмкіндіктерін ескере отырып ұсынылған, кейде олар маңызды мәтіндер мен зерттеулердің нақты тізімімен шектеледі. Жаңа еңбектерді пайдалана отырып, студентке сыни көзқарасты талап ететін белгілі бір мәселелерді өз бетінше пайымдауға мүмкіндік жасалған. Бұл басылымда «оралман» қаламгерлердің шығармашылығына да орын берілген. Әдебиеттер тізіміне соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттер мен жана әдеби мәтіндер енгізілген.

Қазақ әдебиетінің тарихы бойынша практикалық сабақтар қолданыстағы оқу жоспарының мазмұнына сәйкес. Сабақтар студенттердің «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ халық ауыз әдебиеті» секілді курстар бойынша алған білімдері мен дағдыларын дамытуға, жалғастыруға, нақтылауға бағытталған.

1-бөлім

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Жоғары оқу орындары мен мектептердің оқу тәжірибесі көрсеткендей, көркем мәтінді филологиялық тұрғыдан талдай білу – қазіргі маманның осалдау тұсы. Демек, бұл – ұстаз филологты даярлауда баса назар аударатын мәселе. Сондықтан практикалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізудің басты мақсаты студенттерді әдеби туындының мазмұны мен пішінін, оның мәнмәтіні мен дискурстарына қатысты көркем ақпараттарды, астарлы мағыналарды тануға және түсінуге баулу, көркем мәтінге жалпы филологиялық талдау жүргізуге, жазушының шығармашылық мақсат-мүддесі мен ниетін анықтауға, автор ұстанымы мен шығарма құрылымының ерекшеліктерін тануға үйрету болып табылады.

Әдебиет пен өнердің әлеуметтік болмыспен және қоғамдық өмірмен байланысы сан алуан, ендеше мұндай коммуникативтік қарым-қатынастарды ауқымды түрде есепке алып отырудың қажеттілігі мол, ал әдебиет нысандары мен түрлерінің байлығы оны зерттеуге арнайы дайындықпен кірісуді талап етеді. Әдеби құбылыстарды зерттеудің заманауи талаптары, негізінен, интегративтік қағидаттарға сүйенеді, олар әдеби шығармаларды жаңғырта пайымдауға, интерпретациялық тұрғыдан талқылауға, тың ғылыми ақпарат пен әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Негізгі әдістер – тарихи-генетикалық, салыстырмалы, әлеумет-

тік-құрылымдық, құрылымдық-семантикалық, тарихи-функционалды, жүйелі-типологиялық, стилистикалық, кластерлік және т.б.

Тарихи-генетикалық тәсіл, ең алдымен, әдеби құбылыстың пайда болуы мен қалыптасуының тарихи-мәдени бастауларын, рухани негізін, шығармашылық табиғатын анықтауға мүдделі. Осылайша, әдеби құбылыс өзі қалыптасқан дәуірімен, сол кезеңдегі болмыстың басқа құбылыстарымен өзара ықпалдастықта, тығыз бірлікте қарастырылады. Сонымен қатар шығарманың жазылу тарихы, ондағы жаңа тақырыптар мен идеялардың пайда болуының әрқилы себеп салдарлары және әлеуметтік болмысқа байланысы зәру мәселе түрінде зерттеледі.

Компаративистік зерттеу барысында әр түрлі әдебиеттер мен көркем құбылыстардың арасындағы байланыстарды айқындауға мүмкіндік беретін салыстыру және салғастыру әдістері қолданылады. Негізгі назар өзара жүретін әдеби әсер мен ықпалға ғана аударылмайды, сонымен қатар бұл әдіс жеке қаламгерлер арасындағы шығармашылық байланыстарды, ұлттық әдебиеттер арасындағы эстетикалық және көркемдік сабақтастықтарды қарастыруға бағытталады.

Әдебиетті жүйелі-типологиялық зерттеу тегі ортақ, туыстас құбылыстардың негізін генетикалық байланыстардан немесе олардың структурасының басты қасиеттерінің ұқсастықтарынан іздейді. Мұнда әдеби құбылыстарды белгілі бір типке жатқызу үшін, алдымен, оларға ортақ әдеби-эстетикалық құндылықтарды анықтап алу талап етіледі. Әдеби ағымдар мен бағыттар, тарихи кезеңдер, стильдер мен жанрлар арасындағы типологиялық белгілерді айқындау да осы әдістің құзырында.

Типологиялық зерттеулер түрлі деңгейлерде жүзеге асырылады: әдеби үрдістер, көркемдік көзқарастар, әдеби үдерістегі жалпы көріністер, ауызша өнердің тектері мен түрлерінің тарихи даму типологиясы, образдар мен персонаждар типологиясы.

Жүйелі-типологиялық әдіс әлеуметтік-құрылымдық және жүйелік талдаулар деп бөлінеді. Әлеуметтік-құрылымдық көзқарас жазушы шығармашылығының ішкі заңдылықтарын қалыптастыратын факторларды, сондай-ақ шығарманың идеялық-

тақырыптық негіздерін, көркем шығармадағы әдеби тартыс пен қайшылықтардың қоғамдық, әлеуметтік, тарихи астарын жүйелі талдауға бағытталған. Бұл әдіс – сөз өнерінің туындысын гармониялық және динамикалық бірліктердің нақты көрінісі, өзара ажырамас байланыстағы эстетикалық өлшемдер мен көрсеткіштерден тұратын белсенді жүйе ретінде зерттеуге арналған. Қысқасы, жүйелі талдау дегеніміз – көркем мәтіннің барлық компоненттерінің арасындағы көркемдік байланыстарға кешенді сараптама жүргізу.

Құрылымдық-семантикалық әдістің өзіндік ерекшеліктерін арнайы атап өткен жөн. Заманауи зерттеушілер көбінесе структуралық құрылымдардың негізінде айрықша семантикалық және семиотикалық қатынастар жатыр деп санайды. Сондықтан аталмыш бағыттағы зерттеушілер көркем шығарманың мазмұны мен пішіні арасындағы күрделі қатынастарды тұтас структуралық құрылымның ауқымында қарастыруға тырысады.

Әдеби шығарманы тарихи-функционалдық тұрғыдан талдау белгілі бір мәтінді әр түрлі тарихи кезең оқырманының өзінше түсініп, өзгеше қабылдайтын феноменге тікелей байланысты. Әдеби шығарманың тағдыры, уақыт бедері, оқырман ықыласы, әдеби орта әсері, мәтінді бағалау шкаласының өзгеру шамасы сияқты мәселелер – осы бағыттың зерттеу нысандары. Тарихи-функционалдық талдау әдісі әдеби шығармалардың идеялық және эстетикалық мазмұнының көп қабаттылығын, мағыналар арасындағы иерархияны анықтауға мүмкіндік береді.

Әдеби-стилистикалық зерттеу әдісі, әдетте, екі бағытта жүзеге асырылады: мәтінді лингвостилистикалық сипатта талдау және шығарманы әдеби-стилистикалық тұрғыдан саралау. Бірінші бағытты көбінесе стилистикалық фигуралар мен олардың ерекшеліктерін зерттейтін лингвистер қолданады. Әдеби-стилистикалық талдаудың мақсаты – сюжеттің көркемдік бірлігін, композиция ерекшелігін, жанрлық түрлердің өзіндік табиғатын талдау. Бұл жерде негізгі басымдық әдеби тілді талдауға (кейіпкерлердің идиостилі, идиолект, авторлық баяндау тілі, диалог пен полилог және т.б.) беріледі. Көркем шығарма тілін мұқият зерттеу арқылы

автор образы мен баяндаушының түрін ажыратуға болады. Сөйлеудің семиотикалық коды, семантикалық алуан түрлілігі өнер туындыларында жиі қолданылатын диалогтік формамен тығыз байланысты. Мұндағы полифониялық мағыналар, мәнді монологтар, кідірістер мен үзілістер, қайталаулар, «бөтенге арналған репликалар», қисынсыз сөз, ішкі ой мен сыртқы сөздің қайшылығы сияқты көркем ақпараттар «толғауы тоқсан қызыл тілдің» қызметі мен қасиеттерін түсінуге көмектеседі және шығарманың құрылымдық ерекшеліктерін, автордың қаламгерлік шеберлігін тануға да мүмкіндік береді.

Текстологиялық талдау көркем мәтіннің жазылу тарихын, оның әр түрлі басылымдарының тағдырын, канондық немесе соңғы нұсқаларын зерттеумен айналысады. Бұл тәсіл мұрағат материалдарымен мұқият жұмыс істеуді, түпнұсқа мен қолжазбаларды салыстыра қарауды, автор мен зерттеушілердің ескертулерін есепке алудың жолдарын діттеп, әр түрлі басылымдардағы мәтіндерге қатар жүгінуді талап етеді.

Студенттер көркем туындыны зерттеу үшін әдеби шығармаларға талдау жасаудың тәсілдерін, әдістері мен қағидаттарын меңгеріп, олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтай алатын болуы керек. Сонымен қатар олар осы ұстанымдардың ішкі байланыстарын көріп, оларды тиімді пайдалануға дайын болғандары жөн. Дәріс сабақтарында, негізінен, тарихи-генетикалық тәсіл кеңінен қолданылатыны мәлім. Бұл өз кезегінде әдеби құбылысты (әдеби бағыт, жазушы шығармашылығы, көркем туынды) нақты әдеби дәстүр және дәуірмен тығыз бірлікте қарастыруға, әдеби үдерістің басқа компоненттерімен байланыстарын зерделеуге мүмкіндік береді. Дәріскердің салыстырмалы-тарихи тәсілмен қатар әлеуметтік-құрылымдық, тарихи-функционалдық, кейс стади сипаттағы талдауларды пайдаланғаны да тиімді.

Практикалық сабақтарда әдеби талдаудың негізгі нысаны ретінде бір немесе бірнеше кішігірім туындылар алынады. Негізгі міндет – осы шығармалардың мәтіндерін нақты проблемалық тұрғыдан жүйелі талдау. Әдеби туынды эстетикалық бірліктен

тұратын дара образды жалқы микроәлем ретінде қарастырылады. Ол көркем әлем – болмыстың аса күрделі құбылыстары мен қайшылықтарын өзінше түйсініп бейнелеуге ұмтылған автордың идеялық-көркемдік ұстанымының көрінісі. Мәтінді талдау барысында әр түрлі әдістерді жекелей әрі қабыстыра отырып та қолдануға болады. Сондықтан шығарманың мазмұны мен пішінінің күрделі және түсінуге қиын қырларына қатысты мәселелер мен сұрақтарды алдын ала дайындап алған жөн.

Әдеби талдаудың негізгі ережелерімен таныстыру үшін кішігірім туындыларды, көлемі шағын жеке өлеңдер мен әңгімелерді тандап алған қолайлы. Мысалы, А. Құнанбайұлының өлеңдерін, М. Әуезовтің әңгімелерін, Б. Майлиннің бір актілі пьесаларын студенттердің оқып танысуы мен түсінуіне арнайы жоспары бар тапсырма беріледі, шығармаларды алдын ала өзінше талдауға дайындық жасау жолдарымен таныстырған тиімді. Кейін оқытушы қажетті түсініктемелер беріп, талдауда қолданылатын әдістердің ерекшеліктері мен көркемдік құрылымдарды зерттеудегі оңтайлы тұстарын атап көрсеткен соң ұжымдық талқылауға көшуге болар. Практикалық сабақтарда жиі қолданылатын тәсілдердің бірі – әлеуметтік-құрылымдық, жүйелілік зерттеу тәсілдері. Бұл талдауларда стилистикалық, тарихи-генетикалық, функционалдық тәсілдердің элементтерін біріктірген пайдалы. Мысалы, тарихи-функционалдық әдісті Абай лирикасын немесе жанрлық тұрғыдан күрделі шығарма болып табылатын С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын талдауда қолдануға болады. Тарихи-генетикалық ұстанымның қағидаттары ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылардың (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов) шығармаларындағы ортақ ағартушылық идеялар өрісін, типологиялық тұтастықты көрсетуде тиімді.

Практикалық сабақтардың материалдарын алдын ала тандап алу өте маңызды. Өйткені бұл сабақтардың өз жүйесі бар, сондықтан бірізділік, біртінделік, жүйелілік қағидаттары сақталуы шарт. Талданатын әдеби туындылар арасындағы ықпалдастық пен

үйлесімділікке ерекше мән берген абзал. Көркем мәтіннің әрбір элементінің белгілі бір көркемдік, эстетикалық, поэтикалық функция атқаратыны есте болсын. Әрбір сабақтың перспективасын ескере отырып біртұтас жүйедегі сабақ жоспарын жасау орынсыз қайталаулардың алдын алар. Сонымен қатар осындай кешенді жоспар семинарларға бөлінген сағаттарды өнімді пайдалануға, сөйтіп, оқу бағдарламасының талаптарын толық түрде орындауға мүмкіндік береді.

Ұлттық сөз өнерінің заңдылықтары мен даму үдерісінің нақты көрінісі, тарихи нәтижесі болатын әр түрлі жанрлар жүйесін жоспарлы талдау, олардың эстетикалық әлуетін, көркемдік қуатын көрсетіп отыру, ұлттық ерекшеліктерін анықтау студенттерге фольклорлық, поэзиялық, прозалық, драмалық мәтіндердің мағыналарын терең тануға, тиімді меңгеруге көмектеседі. Практикалық сабақтың перспективалық жоспарын құруда таңдалған мәтіндерді атап көрсету ғана жеткіліксіз, шығармадағы автор ұстанымы мен идеясын анықтауға тапсырма беріліп, олардың жүзеге асуына себі бар түрлі сұрақтар дайындалады, талдаудың бағыты мен арналарын ашып көрсету де тиімді болмақ. «Абай жолы», «Ақжайық», «Көшпенділер», «Қан мен тер» секілді ауқымды шығармаларды жүйелі талдау оңай емес. Бұл жағдайда арнайы талдау түрлерінің берері мол, өйткені сабақ барысында студенттерге танымдық, тағылымдық мәні бар қосымша ақпарат беріледі, эстетикалық және рухани құндылықтардың біршама мәселелері қоса шешімін табады. Студент сюжет, тақырып, идея, көркемдік образ, әдеби характер, фабула, композиция, поэтика секілді ұғымдар туралы жаңа мағлұматтарды меңгерген соң, әрі қарай қазақ әдебиетінің тарихи даму заңдылықтары мен бағыттарын, негізгі жанрларын танып-біліп, әдебиетті тарихи-әдеби тұрғыдан зерделеуге кірісе алады.

Аудиторияға арналған тапсырмалар әрбір сабақтың мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты жасалады. Сонымен қатар студенттерді арнаулы сөздіктермен, баламалы оқулықтармен, хрестоматиялармен, ғылыми монографиялармен, арнайы зерттеу мақалаларымен өз бетінше жұмыс істеуге икемдеген орынды. Әсі-

ресе шығарма мәтінін қабылдау, түйсіну, түсіну барысында пайда болған сауалдар мен түйткілдерді есепке алып отыруға, оларға жауап іздеуге бағыттау керек.

Тапсырмаларға дайындалу оқу тобының барлық мүшелеріне бірдей міндеттеледі. Сұрақтарға жауап беруді әңгімелесу, проблемалық диалог, диспут түрінде жүргізген де тиімді. Яғни сабақ барысында студенттермен алдын ала дайындалған сұрақтар бойынша дәстүрлі пікір алмасулар арқылы бақылау мен бағалау қатар жүреді, ал соңында алған білім бекітіліп, алдағы жоспарлар да талқыланады. Бұл үрдіс студенттерді өз ойларын еркін жеткізуге, көзқарастарын қорғай білуге үйретеді.

Оқытушының алдын ала дайындаған жоспарына сай жеке студенттерге монографиялық зерттеу жөнінде шолу хабарлама жасауға арнайы тапсырма беруіне де болады. Оған қоса жекелеген теориялық мәселелер төңірегіндегі таластардың төркіні жөніндегі ақпаратты жинақтау турасында арнайы тапсырмалардың да берері мол.

Әдебиеттанудағы күрделі мәселелері бойынша жарық көрген сыни, ғылыми әдебиеттерді шола қарастыруды да бөлек тапсырудың қисыны бар. Қазақ әдебиетінің жеке шығармаларына жазбаша рецензия дайындау, белгілі бір сұрақтар бойынша кішігірім шолулар мен әдеби есеп жаздыру секілді тапсырмалар беру студенттерді ынталандыруға пайдалы болады деп ойлаймыз.

Практикалық сабақтардың тиімді түрлерінің бірі понорамалық сабақтар болуы тиіс. Бұл сабақтарда белгілі бір кезеңдегі әдебиет туралы немесе сол дәуірдегі күрделі тақырыптар турасында жалпы мәліметтер беріліп қана қоймайды, сонымен қатар ұлттық әдебиетті халықаралық әдеби мәтін ретінде қарастырудың үрдістері мен заңдылықтары атап көрсетіледі.

Практикалық сабақтардағы тапсырмалар көркем мәтінге және ғылыми-әдістемелік әдебиетке сүйене отырып мынадай жұмыстарды жүргізуді талап етеді: әдеби құбылысты дұрыс қабылдау, шығарманың идеялық-көркемдік маңызын тану, проблемалық талдау үшін қажет дерек жинастыру, ол бақылаулардың нәтижелерін жинақтау, әдеби шығармаға жүйелі мәтіндік сараптау жасау,

көркем шығармаға объективті баға беруге тырысу. Студенттерден сабақ барысында қажеттілікке орай конспектілер мен тезистер дайындау, талдаудың жеке жоспарын жасау, мәтіндерді жатқа айту, өз пікірін жазып беру, пікірталасқа әзірлену, жеке мәселелер мен сұрақтар бойынша жауап жазу, шығарма мәтінін ойша жаттау, өз пікірін қағазға түсіру, сонымен қатар дискуссия мен әңгімелесуге дайындалу секілді тапсырмаларды орындау талап етіледі.

Сабақтың жоспары. Әрбір сабаққа арнап құрылатын жеке жоспар қарастырылатын мәселелер тізімінен, талқыға ұсынылатын сұрақтардан, қажет деректер атауынан тұрады.

Практикалық сабақ барысында белгілі бір әдеби шығармаларды талдау жұмыстары бойынша позитивтік ойлар, оқушылар тарапынан ұсыныстар туындауы мүмкін. Қазақ әдебиетіндегі кейбір әдеби үлгілерді терең талдауға деген студенттердің ынтасы мен ықыласын да ескерген жөн.

Жоспардың жеке сұрақтарының қисынды жалғасы кеңейтілген дербес хабарламалар да болуы мүмкін. Ол жұмыс барысында студенттер практикалық сабақтарда ауызша немесе жазбаша түрде баяндамалар жасауға жаттығады. Сабақтың қорытындысын тезистік негізде құрылған экспресс-тексерулер немесе бақылау жұмыстарымен аяқтаған жөн.

Сабақ дереккөздерінің тізімі. Әр сабақты тереңірек игеру үшін тақырыпқа сай негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады. Талданатын шығармалар мәтінінің атауы да осы тізімде көрсетіледі.

Бұрынғы сабақтардан таныс оқу құралдары мен өткен курстағы материалдарға сабақ барысында жиі жүгінетін сәттер болады, сондықтан олар арнайы түрде жаңа сабақтың әдебиеттер тізімінде қайта көрсетілмейді. Алайда оларды аталмыш тақырыпқа дайындалу барысында студенттің өзі қолдана береді.

Жалпы теориялық және анықтамалық әдебиеттер тізімі ауқымды болғаны орынды, себебі оқушыға таңдау мүмкіндігі берілуі тиімді деп есептеледі. Бір тақырып бойынша әр түрлі пікірлермен және әрқилы көзқарастармен етене таныс болу талапкерге ең құнды материалдарды саралап алуға қолайлы жағдай жасайды,

ал оларды өз тезінен өткізе отырып, басқа тұжырымдармен салыстыру орнықты қорытынды жасауға жетелейді. Болашақ маманға түрлі сыни-ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу кезінде арнайы картотека жасауға, өз дәптерлерінде қажет деректерді белгілеуге, аннотациялар, сілтемелер жасап отыруды үйрету керек. Бұл дағдылардың кәсіби қызметте берері мол.

Оқу-әдістемелік құралының әрбір бөлімі мынадай жүйеге сәйкес түзілген:

1. Негізгі мәселелердің қысқаша мазмұнымен таныстыру.
2. Үлгі негіздегі сабақ жоспарын ұсыну.
3. Пайдаланылатын әдебиеттер тізімін көрсету.
4. Маңызды материалдарды игеру бойынша кеңестер, өзін-өзі тексеруге арналған бақылау тапсырмалары.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ АМАЛДАРЫ

Қазақ әдебиеті бойынша өткізілетін практикалық сабақтардың басты міндеттерінің бірі – студенттердің өзіндік жұмыстарын да ұйымдастыру. СӨЖ білім стандартына сәйкес екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен атқарылатын студенттің өзіндік жұмысы (СОӨЖ) және студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ). Жүйелі жұмыстың бірінші сатысы – сабақтың мақсаты мен міндеттерін айқындау. Осыдан соң туындайтын нақты мәселелер белгіленеді, сұрақтар анықталып, сабақ құрылымы түзіледі. Осылайша, сатылай дайындықтың жоспары қалыптасады. Демек, мазмұндағы жүйелілік, жұмыстардың бірлігі алдын ала ойластырылады. Сабақтардың тақырыптарын таңдау әдеби мәтіндер мен сыни әдебиеттің қолжетімділігімен байланысты болғаны тиімді. Себебі шығарманы талдауды бірінші рет оқығаннан бастаудың қисыны аз. Түсініп оқу, келістіре оқу, асықпай мән беріп оқу сияқты мәтінді қабылдау түрлеріне жаттыққан соң талдауға кірісуге болар.

Практикалық сабақтар мен оларға дайындық барысында студенттердің бойында зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру

маңызды. Студенттер талдау жасаудың әртүрлі типтерін (тұтас, проблемалық, салыстырмалы) меңгеріп, әдеби терминдер мен категорияларды (жанр, әдеби әдістер, стиль, тақырып, идея, проблематика, тип, характер, образ, персонаж, тартыс, сюжет, композиция, поэтика) орынды пайдалануды үйренеді.

СӨЖ барысында алдыңғы сабақтардың материалдары тиянақты қайталанып, бекітілуі керек. Мысалы, қазақ эпосы бойынша практикалық сабақтарда бірінші курс студенттері соған дейін өткен эпос, фольклор секілді терминдер төңірегіндегі білігін тексеріп қойғанның артықтығы жоқ, оларды аталмыш сабақпен байлаанастырудың қисындарын көрсету нәтижелі болмақ. Асылы, қазақ эпосы бойынша практикалық сабақтар тек ұлттық спецификалық ерекшеліктерді айқындап қоймай, осыған дейінгі студент санасында орныққан ұғымдарды жүйелеп, білімді толықтырып отыруға міндетті. Сабақ барысында кейбір ұғымдар жана мағыналық үлгіде өзгертіле қайталанып айтылып та отырады, ал кейбірі талдау барысында нақтыланады (мысалы, гипербола әдеби көркемдегіш құрал ретінде, гиперболизм фольклордың эстетикалық сипаты ретінде), фольклорлық жанрлық жүйелер ауқымы кеңейтіледі, формулалық құрылымдар жинақтай топтастырылады (қайталаулар, клише, жиі кездесетін эпитеттер), жана ұғымдар енгізіледі (эпикалық космос, архаикалық рәсімдік әлем, эпикалық кеңістік пен уақыт, ұлттық бояу).

Өздік жұмыстың алғашқы кезеңі – лекция мен оқулық материалдарын пысықтау арқылы жүйелі игеруге машықтану. Практикалық сабақтың келесі дайындық кезеңдері мынадай жалпы элементтерден тұратын болады. Біріншісі – әр түрлі хронологиялық, тізімдік кестелер әзірленетін библиографиялық жұмыстар. Асылы, бұл ақпараттың әдеби үдерісті зерттеудің бағыты мен бағдарын белгілеуге көмегі көп. Сабаққа дайындалудың маңызды бөлігі ретінде дерек көздермен жүргізілетін түрлі жұмыстарды атап өту керек. Мұндай дайындық сабақтың нәтижесіне оң септігін тигізеді. Студент өзі оқыған материалдарынан алған жалпы түсінігін жазып қоюға жаттығуы тиіс. Бұл жазбалардың шығарманы қайталап оқуда да пайдаланылатыны жиі кездесетін

жайт. Әрбір оқылымнан кейін бұл жазбалар өңделіп, толықтырылып отырғанын қадағалау артық емес.

Уақыт өте келе студентке жеке әдеби шығарманы талдау жұмыстары ғана емес, оны жалпы әдеби құбылыс (ағым, бағыт, кезен) көлемінде бағалау да жүктеледі. Бұл тұста аталмыш құбылыстың әдеби үдерістің синхрония мен диахрониялық байланыстарын, өзіндік эстетикалық ерекшеліктерін анықтап алу маңызды.

Практикалық сабақтардағы қолданылатын тағы бір әдіс – студенттердің баяндама жасауы. Алайда бұл тәсілмен көп әуестенудің қажеті жоқ. Себебі сабақтың бұл түрі басқа студенттердің белсенділігін төмендетуі мүмкін. Осыны ескере отырып, оқу процесіне барлық студенттердің ықыласпен қатысуын қадағалау қажет, яғни баяндама тақырыптары проблемалық пікірталастарды тудыра алғаны абзал. Баяндамашыға қойылған сұрақтар барлық студенттерге қатысты әрі қызықты болғаны қисынды. Проблемалық жеке түйткіл мен түйінді шешу үшін бірнеше студенттердің шығармашылық ізденістерін жарыстыра тыңдау да нәтижелі болмақ.

Қазақ әдебиетінің тарихы курстарының сабақтарында коллоквиумдар мен миниконференцияларды қолдану да тиімді. Студенттер бірнеше топтарға бөлініп, әр топ белгілі бір сұрақты қарастырып, сабақ барысында жеке пікірлерден кейін жалпы қойылған сұрақтар жинақталып, қорытынды шығарылады. Кейбір жағдайларда фронталь сауалнамаларды да қолдануға болар. Ол сұрақтардың алдын ала берілгені дұрыс. Сабақ түрлерін араластырып отыру студент дайындығының біржақтылығының және салғырттылығының алдын алады.

Оқу үдерісіндегі тыңдаушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыратын мәселелер мынадай:

1. Сабақта туындаған сауал мен сұрақ ұжымдық түрде талқылануы шарт.
2. Студенттер оқытушының немесе курстастарының қойған барлық сұрақтарын жазып алып, өз жауабын берулері керек.
3. Сабақ барысында студенттер үйде дайындап келген мәтіндері мен материалдарын дерек пен дәйек ретінде қолдана алады.

2-бөлім

ҚАЗАҚ ФОЛЬЛОРЫ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАНҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Қазақ әдебиетінің тарихы курстарының бастауында қазақ халқының фольклорлық поэзиясы, эпостар, ертегілер, айтыстар, халық прозасының түрлі нұсқалары, өзге де фольклор жанрлары тұратыны заңды. Пәннің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты курс екі циклге бөлінген. Бірінші бөлім проблемалық-тақырыптық мәнге ие. Яғни студент ғылыми-сыни және оқу материалдарын өз бетінше оқып игереді және ұсынылған тақырып бойынша арнайы зерттеулермен танысады. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің белгілі бір жанрына монографиялық талдау жасауға, фольклорлық нұсқалардың поэтикасы мен тарихи дамуына ерекше көңіл бөлінгені жөн.

Екінші цикл мәтін талдау мәселелерін қамтиды. Оның фольклордың дәстүрлі жанрлық белгілерін (ауызекі таралу, дәстүрлілік, анонимдік, ұжымдық, варианттылық, синкреттілік) негізге ала отырып, былайша жүргізілгені қисынды болар:

- сюжет пен оның дәстүрлі ұғымдары деңгейіндегі талдау;
- мәтіннің нақты нұсқасының дәстүрлі мәтінге сәйкестігін немесе айырмашылығын тексеру;
- фольклорлық образ жасаудың дәстүрлі амалдарын зерделеу, арнайы формулалардың, құрылымдық клишелердің, пішіндік стереотиптердің, мағыналық блоктардың, әрқилы қайталаулардың қызметіне зер салу.

Алғашқы сабақтардан бастап студенттің назарын халық ауыз әдебиеті пәні бойынша белгілі оқулықтарға, фольклортанудың іргелі әдіснамалық мәселелерін қамтитын еңбектерге аударған дұрыс. Практикалық сабақтарда фольклорлық мәтіндерге талдау жасаудың түрлі аспектілерін үйрету жұмыстары да жүргізілсін. Тапсырмалар қазақ әдебиеті бойынша оқулықтағы материалдар, соның ішінде фольклорлық шығармалар жинағы негізінде құрастырылады.

Фольклордың сөз өнеріндегі орны біршама зерттелген. Оқулықтар мен оқу құралдарында фольклорға көбіне халықтың ауызекі шығармашылығы немесе ауызша-поэтикалық, ұжымдық шығармашылық деген анықтама беріледі. Бұл турасында М. Горькийдің бұрыннан белгілі мына пікірі назар аударарлық: «Фольклор – халықтың еңбек ету барысында жинақтаған барлық білімі. Мағыналық тұрғысынан, мәнінің маңыздылығы жағынан бұл ғылым мен әдебиет болып табылады». Бұдан байқайтынымыз – фольклор тек қана сөз өнері емес, онда тұрмыстық, дүниетанымдық, тілдік, психологиялық, мәдени ақпарат аса мол. Себебі алғашқы фольклор үлгілері өнердің өзге де түрлерін қамтығаны белгілі (музыка, би). Фольклордың халықтың тұрмысымен, шаруашылығымен, сол секілді өзге де өмірлік салаларымен тығыз байланысты екендігі даусыз.

Синкреттілік (көпмағыналылық, көпфункционалды) – фольклордың негізгі белгілерінің бірі. Бұл ұғым фольклордың түрлі қасиеттерінің бір жанрлық формада тоғысуымен түсіндіріледі. Мысалы, қазақ халқының тұрмыс-салт өлеңдерінде үйлену дәстүріне байланысты рәсімдерден түрлі өнер элементтерін көруге болады. Атап айтқанда, қара өлең үлгілерін, жеке орындаушылардың өнерін, хордың қайырмаларын, музыкалық сүйемелдеуді, түрлі сахналық іс-әрекеттерді, мимиканы, салттық жоралғыларды қамтиды. Алғашында, синкретизм музыка мен қимылдың, сөздің органикалық үйлесімінен көрініс тапқан. Кейінірек, қимыл (би) өзіндік жанр ретінде бөлініп шығып, фольклорлық туындылар негізгі дауыспен орындала бастайды. Феодализм дәуіріндегі синкретизм сөз бен музыканың үйлесімі не-

гізінде дамыды. Синкретизм, сонымен қатар ежелгі түркі дәуірі әдебиетінің үлгілеріне де тән. Мысалы, «Күлтегін жазбасы» әрі әдеби туынды, әрі тарихи құжат, әрі әуендетіп орындалған.

Сөз өнері фольклордың құрамдас бөлігі ретінде ерте кезеңде қалыптасқан. Қазақтың халық ауыз әдебиеті сан ғасырлық қалыптасу, даму кезеңдерінен өтті. Дамудың әрбір кезеңінің өзіне тән қоғамдық-тарихи ерекшеліктері болды және олардың негізінде түрлі фольклорлық жанрлар қалыптасты. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарында батырлар жыры, тарихи эпостардың сюжеттері, образдары заманауи жаңғыруды бастарынан өткерді.

Фольклорлық туындылар халық санасы мен түпсанасында берік орын алған. Аталмыш шығармалардың өне бойында дәуірдің шығармашылық қуаты, рухани күші мен эстетикалық көркемдігі көрініс тапты. Әсіресе эпостардың ұлттық идеологиясы көшпенді тайпалардың бірігуіне, ұлттың патриоттық тәрбиесіне ерекше ықпал етті. Атап айтқанда, Қобыланды батыр, Алпамыс, Қамбар батыр жырларынан қазақ халқының ұлттық мінез-құлқының озық үлгілерін, үлгісі мен әрекеттерін көруге болады. Бұл жырларда аса мол этномәдени ақпарат, архаикалық наным мен сенім көріністері, архетиптер, анимистік түсініктер, ежелгі салт пен сана көріністері бар. Жас ұрпақ үшін олардың тарихи, танымдық, тәрбиелік, тағылымдық, эстетикалық, образдық мәні мен маңызы ерекше бағалы. Сонымен қатар халық ауыз әдебиетінде қазақ этносы басынан кешкен замандардағы қоғамдық және әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстар төңірегіндегі мағлұматтар мен деректер бейнеленген. Мәселен, ұлттық тарихи дастандар мен жырларда Алтын Орда дәуіріне, қазақ хандығына қатысты маңызды ақпарат пен мәліметтер сақталған. Қазақ халқының өзіндік болмысын сақтауға бағытталған қуатты образдарды айқын байқауға болады.

Фольклорлық жарқын көркем образдар сөз өнерінің өресі биік үлгілері ретіндегі елеулі өзгерістері халықты бүгінгі күнге жеткізді. Ауыз әдебиетінің туындыларының этномәдени ақпараттың қайнар көзі, халық өнері мен мәдениетінің алтын қоры, баға жетпес мұрасы екендігін әрбір студент терең түсінсін.

Әрине, тарихи даму барысында халық ауыз әдебиетінің мазмұны, құрылымы өзгеріске ұшырап отырған, сондықтан халық санасының эстетикалық көріністерінің барлық белгілі варианттары мейлінше кең қамтылғаны жөн. Қазақ ауыз әдебиетінің практикалық сабақтарының мақсаты мен міндеттеріне сай мәселелерді топтап, жинақтап қарастырудың тиімділігі мол болмақ.

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Фольклордың өзіндік ерекшелігі және даму тарихы, өрістеу заңдылықтары, оны өзге өнер түрлерінен ерекшелеп тұратын басты белгілері. Халықтық, ұжымдық, дәстүрлік, синкреттілік, варианттылық, анонимдік сияқты ұғымдардың анықтамасы.

Фольклорлық шығармашылықтағы халықтық ұғымы. Таптық қоғамдағы халықтық ұғымының әлеуметтік айқындығы. Фольклордағы халықтық және ұлттық ұғымдардың арақатынасы. Халық шығармашылығының қоғамдық мазмұны. Атақты әдебиеттанушылардың халық ауыз әдебиетінің әлеуметтік табиғаты турасындағы ойлары.

Қазақ фольклорындағы көркемдік жүйелер, жанрлар, бейнелеудің поэтикалық көркемдегіш құралдары. Фольклор және көркем әдебиет. Болмыстық шындықтың ауызша әдебиетте суреттелу ерекшеліктері. Ауызекі шығармалардың табиғаты, олардың пайда болуы, таралуы, сақталуы. Дәстүр, үлгі, қалып, сарын сияқты ұғымдардың халықтық үлгілерді ауызша орындаудағы стильдік бояулары.

Фольклордың көп нұсқалығының бастаулары мен себептері. Вариант пен нұсқаның арақатынасы. Фольклорлық мәтіндердің өзгермелі және тұрақты компоненттері мен элементтері. Өзгермейтін, құрылымы берік компоненттер мен элементтер (фабула, сюжет, ситуация, әуендер мен композиция құраудың тәсілдері). Стильдік көркемдегіш құралдардың мағыналары (ұйқас, рит-

мика). Түрлі жанрлардың дәстүрлілігі. Ән лирикасы мазмұнының өзгеруіне себеп болатын объективтілік пен субъективтілік.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Фольклордың танымдық, тәрбиелілік, эстетикалық мәні.
2. Қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері.
3. Қазақ фольклорының бүгінгі өзекті мәселелері.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – 1-т. – Алматы: Қазақпарат, 2005. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974.
2. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991.
4. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы, 1999.
5. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы, 1993.
6. Қасқабасов С. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы, 1993.
7. Ғабитов Т. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы, 1998.
8. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы, 1983.
9. Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. – Ленинград, 1986. – 243 с.
10. Путилов Б. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – М., 1976.
11. Мировая фольклористика: В 3-х томах. – Алматы: Таймас, 2007.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

1. Алғашқы қауымдық құрылыстағы фольклордың пайда болуы мен қалыптасуы. Еңбектің, табиғат күштері туралы түсініктің, отбасылық, рулық, тайпалық қатынастардың фольклордың дамуындағы орны. Шаманизмнің, тотемизмнің, антропоморфизмнің, магияның, ата-бабалар рухына, отқа табыну дәстүрлерінің фольклордағы көрінісі. Матриархат пен патриархат. Мифологиялық ойлау мен мифтер (тотемдік, дуалистік, этиологиялық). Бақсы сарынының рәсімдігі. Қазақ фольклорының көне жанрлары: аңыздар, аңшылық және мал шаруашылығына байланысты өлең-

дер мен әңгімелер, бәдік, бата, алғыс және қарғыс мәндегі сөздер, тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілер мен эпостар.

2. Орта ғасырлардағы фольклор. Түрік қағанаты дәуіріндегі ауыз әдебиетінің дамуы, ислам өркениетімен ықпалдасуы, Қазақ хандығы дәуіріндегі фольклордың дамуы. Ислам дінінің ауыз әдебиетіне ықпалы. Фольклор мен ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің және ақын-жыраулар поэзиясының байланысы. Батырлар жырының, лиро-эпостық поэмалардың, ертегілердің, аңыздардың, әпсаналардың, шешендік өнер мен тарихи жырлардың пайда болуы мен дамуы.

3. XX ғасырдағы фольклор. Әншілік лирика және терме. Айтыстың түрленуі. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы фольклор. Жұбату мен жоқтау жырларының жаңғыруы. Эпистолярлық лирика, терме, мақал-мәтелдер жайы.

4. Фольклордың бүгінгі жай-күйі. Үйлену жырларының дамуы. Айтыс өнерінің қайта түлеуі. Мақалдардың тақырыптық аясының кеңеюі, сықақ жанрларының белсенділігі.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Халық ауыз әдебиетінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері.

2. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі жанрлардың даму эволюциясы мен жаңа жанрлардың пайда болуы (ақындар айтысы, шешендік өнер, терме, қисса, дастан).

3. Фольклор және тарихи оқиғалар (1731 ж., 1916 ж., 1931 ж.). Халықтың ерлік істерінің ауыз әдебиетінен көрініс табуы (жоңғар басқыншыларына қарсы соғыс).

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – 1-т. – Алматы: Қазақпарат, 2005.
2. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы, 2001.
3. Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы, 1993.
4. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981.
5. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. – Алматы, 1973.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991.
7. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы, 2007.

8. Әуесбаева П., Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, 2004.
9. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы, 2004.
10. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы, 1993.
11. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана, 2006.
12. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
13. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1970.
14. Ақатаев С. Тереңнен тартқан тамырлар. – Алматы, 1987.
15. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. – Алматы, 1972.
16. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, 1993.
17. Тілеужанов М. Ел әдебиеті. – Алматы, 1992. – 176 б.

ТҰРМЫС-САЛТ ӨЛЕҢДЕРІ

Тұрмыс салт жырларын талдауда олардың әрбірінің жанрлық ерекшеліктері мен тақырыптық циклдерін, әлеуметтік және функционалдық ерекшеліктерін ескеріп, жеке-дара қарастырған жөн. Себебі жырлардың жанрлық топтары бір-бірінен айқын белгілермен ажыратылып тұрады.

Халық жырларының зерттелуі мен классификациясы. Ш. Уәлиханов пен В.В. Радловтың саралауы. Қазіргі фольклортанудағы тұрмыс-салт жырларын жүйелеу мәселелері. Жанрдың анықтамасы.

Халық жырларының дәстүрлерге, салттарға, түрлі сенімдерге тікелей және жанама қатынасы.

Мал шаруашылығына байланысты жырлар. Жырлардағы көшпенді өмірдің көрінісі және жануарлар туралы ескі наным-сенімдер. Жырлардағы малшылар мен жануарлардың образы. Жырлардың өзіндік формалары.

Аңшылыққа байланысты жырлар. Қазақ халқының ежелгі аңшылық өнері мен қол өнеріне байланысты ауызекі дәстүрлері. Аталмыш процестердің халық поэзиясынан көрініс табуы.

Наурыз жырлары. Табиғаттың өзгеру, түлеу мерекесіне арналған бата-тілектер. Діқаншылық, егіншілікке байланысты жырлардың ерекшеліктері. Тасаттық дәстүрі.

Культтік және діни жырлар. Сөздің сиқырлы сырлары. Тәңірлікке, зороастризмге байланысты дәстүрлер мен наным-сенімдер. Бақсының рәсімдері. Жарапазан. Тілектер, тыйым сөздер, баталар, олардың құрылымы мен стильдік ерекшеліктері.

Үйлену дәстүріне байланысты жырлардың мазмұны мен құрылымы. Той рәсміндегі халықтық драмалық өнердің элементтері. Сыңсу, жұбату, той бастар, жар-жар, беташардың көркемдік және функционалдық ерекшеліктері. Олардың орындаушылары мен орындалатын уақыты.

Жұбату, жоқтау жырлары мен олардың дәстүрмен байланысы. Жоқтаудың негізгі түрлері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Күңтізбелік-салттық поэзияның мазмұны мен түрлерінің пайда болуы.

2. Күңтізбелік поэзияның үлгілері: а) Наурызға байланысты дәстүрлі рәсімдік өлеңдер; ә) көшіп қонуға байланысты рәсімдер; б) мал шаруашылығына байланысты мәтіндер.

3. Үйлену дәстүріне байланысты жырлардың сабақтастығы.

1. Тұрмыс-салт жырларының түрлері. Дәстүрге байланысты емес жырлардың пайда болуы. Тақырыптық циклдердің қалыптасуы.

2. Жырлардың мазмұны, құрылысы, орындалу түріне байланысты (хор, жеке орындаушылық, қысқа, ұзақ) айырмашылықтары.

3. Мәтіндердегі кейіпкерлердің образдары (күйеу жігіт пен келін, күйеуі мен әйелі, тірі адам мен өлі адам, т.с.с.).

1. Халық жырларының стильдік, композициялық құрылымындағы симметриялық шарты. Бұл заңдылықты атқаратын көркемдік құралдар: параллелизм, символика, сатылай даму, образдардың қысқаруы, қайталау, қайырма.

2. Қазақ халық ауыз әдебиетінің тұрмыс-салт жырларындағы образдар және олардың мағыналары.

3. Қаһарманның өзін-өзі танытуы мен көрсетуінің формалары мен құралдары. Қаһарманның психологиялық жай-күйін сурет-

теудегі заттардың һәм құбылыстардың тілі. Сатира мен әзілдің рөлі. Ирония, гротеск, парадокс, фантастика, гипербола, пародияның мағынасы.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1993.
2. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы, 2003.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1959.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
6. Матыжанов К. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы, 1996.
7. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.
8. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М., 1976.
9. Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – Л., 1976.
10. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы, 1976.
11. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970.
12. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы, 1976.
13. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
14. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы, 1986.
15. Тал бесіктен жер бесікке дейін (қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). – Алматы, 1996. – 256 б.
16. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 1994. – 222 б.
17. Наурыз – жаңғырған салт-дәстүрлер. – Алматы, 1991. – 256 б.
18. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы, 1992. – 78 б.
19. Беташар. – Алматы: Өнер, 1991.
20. Касымова Г. Ритуальная музыкальная культура казахов. – Алматы, 2008.

ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Лирикалық поэзияның жанрлық ерекшеліктері. Жүйелеу мәселелері. Ғұрыптық жырлар. «Қара өлеңмен» жыр жазу дәстүрі. Өлеңдік лирика және оның көркемдік-идеялық ерекшелігі, әуезділігі, образдар жүйесі, композициясы. Лирикалық өлеңдердегі қазақ халқының эстетикалық дүниетанымы. Тұрмыс-салтқа байланысты поэзиядағы лирикалық өлеңдердің ұқсастығы мен айырмашылығы.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Халықтық лирикалық өлеңдердің пайда болуы. Лирикалық поэзияның тайпалық белгілері. Лирикалық кейіпкер. Оның өзін-өзі таныту амалдары мен көркемдік құралдары.

2. Халықтық лирикалық өлеңдердің поэтикасы, композициялық типтері, құрылымы, ырғағы мен ұйқасы.

3. Тұрмыстық лирикалық өлеңдердің бүгінгі жай-күйі, олардың тақырыптық өрісі.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – 1-т. – Алматы: Қазақпарат, 2002.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 320 б.
3. Сейфуллин С. Шығармалар. Қазақ әдебиеті. – 6-т. – Алматы, 1964. – 455 б.
4. Асфендияров С.Л. История Казахстана с древнейших времен. – Алма-Ата-М.: Казахстанское краевое издательство, 1935. – Т. I.
5. Ауэзов М.О. Мысли разных лет. – Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1959. – 556 с.
4. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы, 1983.
5. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы, 2007.
6. Дербісәлин Ә. Өмір және поэзия. Кітапта: XX ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 3-20 б.
7. Путилов Б. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – М., 1976. – 243 с.
8. Мировая фольклористика: В 3-х томах. – Алматы: Таймас, 2007.
9. Қазақ халық творчествосы. Ә. Диваев жинаған қазақ фольклорының үлгілері. – Алматы, 1989.
10. Әлімбай Н. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 1994. – №1. – 36-48 б.
11. Күйеу келтір, қыз ұзат. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 112 б.
12. Тэйлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1989.
13. Сейдімбеков А. Мың бір маржан. – Алматы, 2001. – 256 б.
14. Қамалашұлы Қ. Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. – Өлгий, 1995. – 341 б.
15. Саттаров Қ. Қазақтың теріс өлеңдері – жылау-жоқтау. – Ташкент, 1999. – 95 б.
16. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. – Алматы, 2001.

ТАРИХИ ЖЫРЛАР

Тарихи жырларда жалпы тарихи мағынамен қатар хронологиялық ақпараттың бірге жүретіні белгілі. Бұл өз кезегінде тарихи жырларды оқуда түрлі кедергілер тудырады. Біріншіден, ежелгі мәтіндер жаңа тарихи кезеңнің ықпалымен жаңарып, өзгертіліп отырған. Екіншіден, кейбір жырларда аталмыш кезеңге ғана тән астарлы ойлар болып, кейінгі жылдарда бұл ойлардың мазмұны өзгерген. Үшіншіден, тарихи жырлардың мазмұны жаңғыртылып, кейде жаңа кейіпкерлермен, образдармен толықтырылып отырғаны жасырын емес. Сонымен қатар қазақтың тарихи жырларының көркемдік ерекшеліктері мен жанрлық табиғаты толық түрде зерделенбеген. Әсіресе тарихи жырлардың жеке дара жанрлық белгілері төңірегінде түйткілдер бар. Олардың эпостармен байланысы тек стадиялық деңгейде ғана емес. Себебі әрбір тарихи кезеңге тән тарихи жырлардың бір-бірінен көркемдік құрылымы мен идеясы тұрғысынан айырмашылықтары үлкен. Сонымен қатар тарихи жырлардағы тарихи шындық пен ойдан қосылған фактілердің аражігін ажыратып алған жөн. Мүмкін болса, тарихи жырлардың нақты тарихи оқиғаға қатысын анықтау қажет. Тарихи жырлардың кейде тарихи ақпараттың эстетикалық тұрғыдан синтезделген түрі ретіндегі нұсқалары да кездеседі.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Тарихи жырлар. Тарихи жырлардағы ерлік мәселелері. Жинақтау түрлері. Ойдан шығару мен қиялдың көрінісі.
2. XVIII-XIX ғасырдағы 1916 жылғы саяси оқиғалардың қазақтың тарихи жырларында көрініс табуы. Тарихи жырлардағы эпикалық дәстүр.
3. Кеңестік дәуірдегі тарихи жырлар. Олардың сюжеттеріндегі динамика мен статика.

Әдебиеттер:

1. Әзібаева Б. Қазақ тарихи дастандары. – Алматы, 1999.

2. Дастандар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 324 б.
3. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 258 б.
4. Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007 – 368 б.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 т. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 1-т. – 269 б.
6. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2 т. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 2-т. – 279 б.
7. Қазақ жырлары тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
8. Тұрсынов Е. Қазақтың тарихи жырлары мен өлеңдері / Е. Тұрсынов // Түркі әлемі. – 2016. – қазан-қараша (№10/11). – 17 б.; 2017. – қаңтар (№1). – 6 б.; ақпан-наурыз (№2/3). – 21 б.; сәуір (№4). – 11 б.; мамыр (№5). – 27 б.; маусым (№6). – 27 б.; шілде-тамыз (№7/8). – 6 б.; қыркүйек (№9). – 6 б.; қазан-қараша (№10/11). – 6 б.
9. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар: Қытайдағы қазақ фольклоры. – 28-т. – Астана: Фолиант, 2006.
10. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар: 56-т. – Астана: Фолиант, 2009.
11. Бабалар сөзі: 59-т. Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – 400 б.
12. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. – 60-т. – Астана: Фолиант, 2010. – 448 б.
13. Қазақ қолжазбалары: 10 т. Авторлық тарихи жырлар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 1-т.
14. Қазақ қолжазбалары: 10 т. Авторлық тарихи жырлар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 2-т.
15. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы: Тарихи жырлар. – Алматы: Ғылым, 1981. – 3-т. – 220 б.
16. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979.
17. XIX ғасырдағы тарихи жырлар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
18. Бисенбаев П. «Кенесары-Наурызбай» жырындағы фольклорлық сарындар сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. – 2011. – №4.
19. Қасқабасов С. Тарихи жыр: жалпы сипаты // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы, 2008. – 1-т.
20. Нысанбай жырау. Зерттеу. – Алматы: Арыс, 2013.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақал-мәтелдердің жанрлық белгілері. Жүйелеу қағидаттары. Мақал-мәтелдерді тақырыптық, логика-семантикалық тұрғыдан жіктеу. Структурасының тұрақтылығының себептері. Мақалдардың тура, ауыспалы, жалпы, өзіндік мағыналары. Троптардың құрылымы, ұйқасы, қызметтері. Мақалдың мәтелден айырмашы-

лығы. Мақалдың қанатты сөздермен, афоризмдермен, тұрақты тіркестермен қатынасы.

Ескерту. Бүгінде паремиологияда ежелгі мақал-мәтелдердің мағынасын анықтап түсіндіру біршама қиындап кетті. Оның басты себебі – мақал-мәтелдер халықтың сан ғасырлық өмірлік тәжірибесінің жемісі ретінде халық философиясына айналып кеткен. Сол себептен классификация мәселесіне келгенде нақты мақал жанрының өзіндік жеке-дара ерекшеліктерін көрсету – бүгінгі күнге дейін толық шешілмеген мәселе. Әсіресе мақал жанры мен мәтелдер, қанатты сөздер, афоризмдер, идиома секілді жанрлардың аражігін ажырату мәселесі өзекті.

Қазақ мақал-мәтелдерінің жалпы қорын қамту өте қиын. Бүгінгі паремиологияда мақал-мәтелдердегі салыстыру тәсілі арқылы ортақ ұлттық ерекшеліктерді анықтау жұмыстары белсенді жүргізілуде. Қазақ мақал-мәтелдері идеялық, тақырыптық, ұлттық, танымдық ерекшелік тұрғысынан жақсы зерттелгенін айта кеткен жөн.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Анықтамалары. Жүйеленуі. Генезисі. Мақал-мәтелдердің эмоционалды-экспрессивті бояулары. Сатира және юмордың мақалдардағы көп мағыналығы.

2. Мақалдардағы қос мүшелік – оның мазмұны мен формасының өзіндік белгісі. Мақалдардағы антитеза мен каламбурдың, гипербола мен кейіптеудің қызметі.

3. Мақалдардағы өлең көрінісі. Мақал-мәтелдердегі ұйқас пен ырғақтың көркемдік функциялары.

Әдебиеттер:

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996. – 367 б.
2. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 200 б.
3. Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – М.: Наука, 1972. – 190 с.
4. Негимов С. Мәлік Ғабдуллин. Филологиялық-деректанулық зерттеу. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.
5. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. – Алма-Ата: Наука, 1972.

6. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 267 б.
7. Асанова Р., Тайжанова Г. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 196 б.
8. Керимов Ш. Қазақ мақал-мәтелдерінің поэтикасы. – Алматы, 2001.

ЖҰМБАҚТАР

Қазақ жұмбақтарының жинастырылуы мен зерттелуі. Жұмбақ жанрының анықтамасы. Диалог-жұмбақтар, аңыз-жұмбақ, сұрақ-жұмбақ. Жұмбақ және миф. Жұмбақ және әдет-ғұрып. Қазақ жұмбақтарының тақырыптық аспектісі. Жұмбақтардағы метафоралық қолданыстар тәсілі. Жұмбақтардың құрылымы. Жұмбақтардағы параллелизм. Антитеза, контраст композициялық тәсілдері. Тенеулер, олардың жұмбақтағы рөлі. Жұмбақтардағы сатира, комизм, юмор және олардың қызметтері. Парадокс, қисынсыздық, оксюморон эффектісі. Жұмбақтардағы аллитерация, ассонанс пен ұйқас. Жұмбақ пен ертегі. Өлеңдегі жұмбақ. Жұмбақ пен балалар әдебиеті.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Қазақ жұмбақтарының жүйеленуі, олардың ұлттық ерекшеліктері.
2. Жұмбақтардағы сюжет. Драматизм элементтері. Жұмбақтардағы диалогтың орны мен мағынасы.
3. Жұмбақтардағы образдардың құрылуының әдістері.

Әдебиеттер:

1. Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. – 1-т. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.
2. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006.
4. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и восток. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 200 б.
6. Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата, 1967. – 134 б.
7. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. – М., 1976. – 210 б.

8. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 200 б.
9. Сәлімгерей Қ. Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы // Ұлт тағылымы. – 2001. – №1. – 74-79 б.
10. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Ана тілі, 2007.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Шешендік өнердің әлеуметтік маңызы мен қоғамдық мәні, жанрлық түрлері.

Жинастырылуы, жүйеленуі мен зерттелуі. Аталмыш нұсқалардың көркемдік функциясы, ырғақты проза мен өлеңдік форманың үйлесімділігі. Айқындауыш сөйлемдердің мәні. Шешендік әңгімелердің аңыздармен және жұмбақтармен байланысы. Майқы би, Қазыбек би, Төле би, Сырым шешеннің сөздері мен олардың тақырыптық циклі. Шешендік сөздердің эстетикалық һәм тәрбиелік маңызы.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Шешендік өнердің генезисі.
2. Жанрдың анықтамасы мен түрлері.
3. Шешендік сөздердің композициясы мен сюжеті.

Әдебиеттер:

1. Негимов С. Шығармалары. 5 т. – 1-т. – Астана: Фолиант, 2018. – 400 б.
2. Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы, 1986.
3. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
4. Мұсаұлы Ж. Қазақ шешендік өнері. – Көкшетау, 2004. – 165 б.
5. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Білім, 2003. – 260 б.
6. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы, 1978. – 160 б.
7. Бұлдыбай А. Жетісу шешендері. – Алматы: Білім, 2010. – 180 б.
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
9. Песни степей. Антология казахской литературы. – М., 1940. – 197 б.
10. Нарымбетов Ә., Тұрбекова А. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1966. – 96 б.

11. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 290 б.
12. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 209 б.

ЕРТЕГІЛЕР

Халық прозасы туралы түсінік. Ертегілік және ертегілік емес прозаның жанрлық сипаты. Ертегілерді өзге фольклорлық эпикалық жанрлардан (аңыздар, әпсаналар, мифтер) ажырату белгілері. Ертегілердің жүйеленуі. Ертегілердегі халықтық ой, қиялдағы көркемдік шарттылық, олардың фантастикаға ара-қатынасы.

Еңбек – халықтың өмір туралы түсінігінің негізі. Еңбек идеалдарының, сұлулық пен қайырымдылықтың байланысы. Ертегілердегі бақыт ұғымы, оның диалектикалық қиындықтары (бақыт – еңбек, бақыт – байлық, бақыт – береке, бақыт – махаббат, бақыт – ханның тағы мен уәзірдің мансабы, т.б.). Ертегілердегі кейіпкердің бақытқа жету жолдары. Ертегілердегі сұлулық пен әсемдік идеалдары. Әр түрлі жанрдағы ертегілердегі ішкі және сыртқы сұлулық туралы ұғым, олардың гармониялық үйлесімділігі, ақыл-ойдың, тапқырлық пен зеректіктің мағынасы, олардың сұлулық идеалдарымен байланысы. Ертегілердегі ақыл мен қулық, аталмыш категориялардың қазақ ертегілерінде берілуінің қиындықтары мен әртүрлілігі.

Қазақ халқының этикалық идеалдары. Идеалдардың қаһармандарға айналуының жолдары (қиял-ғажайып ертегілер мен хайуанаттар туралы ертегілердің материалдары негізінде), қаһарманның жаулармен қақтығысы.

Ертегілердегі қоғамдық идеалдар.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІ

Қиял-ғажайып ертегілердің пайда болуы. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің тарихи-әлеуметтік сипаты, олардағы ұлт-

тық бояулар. Ертегі сюжеттерінің қиялмен, аңыз, мифтермен астасуы. Ертегілердегі халықтық дүниетанымның, жергілікті табиғи жағдайлардың, флора мен фаунаның, жергілікті дәстүрлер мен ғұрыптардың, ұлттық тұрмыстың элементтерінің көрініс табуы.

Ертегілік мотив пен сюжет, олардың ерекшеліктері. Қиял-ғажайып ертегілердегі сюжеттік құрылымның ерекшеліктері. Сюжеттік дамудың ішкі логикасы, жеке қимылдар мен әрекеттердің уәждемесі.

Қиял-ғажайып ертегілердегі образдар жүйесі. Бас кейіпкердің әрекет ұйымдастырудағы қызметі. Фантастикалық және мифологиялық қаһармандар («Самұрық құс», «Күнікей», «Ұшқыш кілем», «Алтын асық», «Жақсылық пен жамандық») және т.б.

Фольклористикадағы халықаралық сюжеттердің табиғаты, олардың жүйеленуі мен жіктелуі. Сюжет компоненттері. Қиял-ғажайып ертегілердегі көркемдік-эстетикалық, композициялық-эстетикалық болмыстар, олардың құрылымы, сюжеттік бірізділікпен дамуы, баяндау мен күтпеген жағдайларды ұйымдастырудағы стильдік формулалар.

Ертегілердегі көркем кеңістіктің нақты түрлерге ажыратылуы. Өзіндік, өтпелі, бөтен кеңістік туралы ұғым. Кеңістіктердегі шекара, олардың байланысы. Сюжеттегі кеңістіктің жалпы құрылымы мен рөлі.

Қиял-ғажайып ертегілердегі уақыт. Біртұтас хронотоп. Ертегідегі уақыттың эстетикалық функциясы. Сюжеттік, орындаушылық уақыт.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Қиял-ғажайып ертегілердің пайда болуы. Ертегінің құрылымы мен оның дамуы. Қиял-ғажайып ертегілердегі әлеуметтік мотивтер.

2. Жағымды қаһарман образының генезисі. Ертегі кейіпкерлерінің фантастикалық немесе шынайы әрекеттерінің болу-болмауына, шығу тегіне, мақсат-мұраттарын таңдауына, оларға жету жолдарына байланысты жіктелуі.

3. Қиял-ғажайып ертегілердегі «өзгеге айналудың» мотивтері. Қаһармандарды бейнелеудегі гипербола, фантастика, ирония, гротеск элементтері. Қиял-ғажайып ертегілердің аяқталуының мәселелері.

Әдебиеттер:

1. Қоныратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2005.
4. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Өнер, 1989.
5. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы, 2004.
6. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы, 2000.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 2004.
8. Пропп В. Исторические корни волшебной сказки. – М., 2011.
9. Пропп В. Морфология волшебной сказки. – М., 2011.

ӘПСАНАЛЫҚ ПРОЗА

Әпсаналар, ертегілер, аңыздар, ауызекі әңгіме түрлері. Олар, негізінен, танымдық, тәрбиелік, ақпараттық мәнге ие болады. Бұл туындылардың сюжеттерінің негізін ру-тайпалардың пайда болу тарихы, шежіре, топонимикалық атаулар тарихы құрайды. Бұл шығармаларда халықтың ұлы тұлғалары туралы естеліктер сақталады. Аталмыш туындылардың құрылымдық-типологиялық ерекшеліктері, олардың дәстүрлі мотивтері, фантастика мен шынайылықтың арақатынасы.

Бағзы замандардан халық арасында табиғаттың құпия рухы, тылсым қасиеттерге ие адамдар туралы әңгімелер болған. Зерттеушілер оларды әр түрлі атаған: аңыз әңгіме, әпсана, әуезе, наным мен сенім көріністері.

Әпсана жанрының анықтамасы. Тарихи-топонимикалық және өзге де әпсаналар. Қазақ әпсаналарының басты кейіпкерлері: Асан қайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Жәнібек хан. Композициясы мен баяндау тәсілдері.

Албасты, жезтырнақ, жындар секілді демонологиялық образдардың сипаты.

Миф. Мифтік дәуір. Этиологиялық, генеологиялық, космогониялық мифтер. Мифтердің танымдық маңызы. Қазақ мифтерінің көне табиғаты.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Әпсана табиғаты. Аңыз-әңгімеден айырмашылығы. Дүниенің жаратылысы, жерұйық, әулие-әнбиелер туралы сюжеттер. Қорқыт ата, Ескендір туралы әпсаналар.

2. Миф. Танымдық қызметі. Архаикалық сипаты.

3. Ертегісімектің ерекшелігі. Ескі наным-сенім. Тақырыбы мен баяндау тәсілдері.

Әдебиеттер:

1. Қазақ мифологиясы. – Алматы, 2003.
2. Қасқабасов С. Қазақ аңыздары. – Алматы, 2001.
3. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991.
4. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – 1-т. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
5. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973.
6. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы, 1996.
7. Гусев В.Е. Эстетика фольклора. – Л., 1967.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – 1-т. – Алматы: Қазақпарат, 2002.
9. Қондыбай С. Аргықзақ мифологиясы. – Алматы, 2004.

ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫ

Қазақ эпосының жанрлық құрамы. Көне эпостар, батырлар жыры, лиро-эпостар. Эпос және болмыс.

Көне эпос. Тақырыбы мен сюжеттік құрамы. «Дотан батыр» эпосындағы матриархат пен патриархаттың көріністері. Образдар жүйесі – ұнамды басты қаһарман мен оған қарсылас образдар жүйесі (диюлар мен перілер).

Батырлар жыры. Жанрдың анықтамасы. Пайда болу мерзімі. Батырлар жырларында түркі қағанатының дәуіріндегі, ноғайлы кезеңіндегі, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихи

оқиғалардың көрініс табуының себептері. Эпостардағы халықтық пен тарихилық мәселелері. Сюжеті, образдық жүйесі, формулалық элементтері, ауызша орындалу дәстүрі.

Лирико-эпос. Жанрдың анықтамасы. Лирико-эпостық поэмалардағы индивидуализм мен әлеуметтілік. Басты кейіпкерлердің өмірлік трагедиясының себептері. Тұрмыстық-әлеуметтік («Айман-Шолпан») және махаббат («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу») лирико-эпостарындағы аңсар (идеал) мен жалқы тұлға. «Бозжігіт», «Таһир-Зуһра», «Жүсіп-Зылиха» секілді қазақтың романдық дастандарының өзіндік ерекшеліктері. Халық кітабы туралы ұғым.

Тарихи эпостар, олардың жанрлық өзгешеліктері. Тарихи оқиға мен тарихи эпостың арақатынасы. Абылай, Наурызбай, Олжабай, Қабанбай, Бөгенбай, Сырым, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы секілді батырлар мен 1916 жылғы оқиғалар туралы эпикалық жырлар.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қазақ халқының батырлық эпостарының тақырыптары, тарихи-ұлттық белгілері. Батырлар жырының басты идеялары, халықтығы.

2. Қазақтың эпикалық дастандарының даму стадиялары мен циклдері, олардың жанрлық формалары (көп құрамды және бір сюжетті).

3. Қазақтың батырлық эпостарының идеялық-эстетикалық мәні.

1. Қобыланды батыр туралы эпикалық сюжеттердің пайда болуы мен дамуы. Эпостың басты мазмұны.

2. Халықтың қорғаушысын тәрбиелеу шарттары, оны жауларымен жолықтыру жағдайлары. Шайқастардың сипатталуы. Өзге кейіпкерлердің ұрыс кезіндегі әрекеттері. Дұшпандардың образдары. Батырдың сыртқы тұрпатын бейнелеудегі гипербола мен гротеск, олардың көркемдік маңызы.

3. Батырлардың ерлік істерін көрсетудегі ажарлау, айшықтау, суреттеудің қисындық мәні. Тайбурыл образы.

1. Эпикалық жырлардың идеялық-көркемдік міндеті. Эпикалық композициядағы контоминация, олардың пайда болу кезеңі. Фабуладағы ұшқырлық, шапшаңдық, ретардация.

2. Эпостардағы көркемдік уақыт және олардың тарихи кезеңмен байланысы. Өткенді бейнелеудің тәсілдері. Эпостағы статика мен динамиканың арақатынасы. Эпостағы табиғат суреттері.

3. Орыс блиналары мен қазақ эпостарының құрылымдарын салыстыра талдау.

1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосы негізінде лиро-эпос жанрына анықтама беру.

2. «Айман – Шолпан» жырындағы характерлер, портреттер, көркемдік жинақтау мен даралау түрлері мен қағидалары.

3. Төлеген мен Қыз Жібек образдары, лиро-эпостың идеялық мақсаты.

1. Тарихи эпостардың жанрлық белгілері.

2. Қазақтың тарихи эпостарының тақырыбы мен жүйеленуі.

3. Қазақтың романдық дастандарының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері, олардың өзге шығыстық классикалық дастандарымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алматы, 1972.
2. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы, 1984.
3. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы, 1969. – 140 б.
4. Ақберен. – Алматы: Жазушы, 1972. – 222 б.
5. Ахметов З.А. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 328 б.
6. Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
7. Дербісәлин Ә. М. Сералин. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап – Алматы: Ғылым, 1965. – 210-217 б.
8. Елеукунов Ш.Р. От фольклора до романа эпопеи. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 352 с.
9. Қасқабасов С. Алтын жылға. – Алматы, 2010. – 576 с.

10. Турсынов Е. Казахская бытовая сказка. – Алматы, 1982.
11. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1976.
12. Ыбыраев Ш. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979.
13. Сәкенов С. Тарихи жырлардағы сюжеттік тұтастану құбылысы. – Алматы, 2002.
14. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976.
15. Ыбыраев Ш. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979.
16. Сыдықов Қ. Біртума жыр санлақтары. – Алматы, 2001.
17. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. 56-60 томдар. – Алматы, 2010.

АЙТЫС ЖАНРЫ

Айтыстың көне формалары: иесі мен малдың айтысы, өлі мен тірінің айтысы, бәдік. Олардың дәстүрімен байланысы.

Айтыстың түрлері (қайым, сүре, түре), олардың өзіндік ерекшеліктері. Диалог, оның қызметтері. Композиция және жыр додасының даму заңдылықтары. Айтыстың поэтикалық құрылысы, образдық жүйесі, көркемдік-поэтикалық элементтері.

Ақындар айтысы, олардың әлеуметтік, мәдени, эстетикалық маңызы. Біржан мен Сара айтысы. Қыз бен жігіт айтысының өзіндік ерекшеліктері.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Ақындар айтысының генезисі мен түрлері. Айтыстың көркемдік ерекшеліктері. Ақындар айтысының даралық сипаты.
2. Кеңес дәуіріндегі айтыстың дамуы. Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыстар.
3. Айтыстың қазіргі даму сипаты. Өкілдері.

Әдебиеттер:

1. Қазақ мифологиясы. – Алматы, 2003.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. – Алматы, 2002.
3. Тебегенұлы Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2001.
4. Сыдықов Қ. Біртума жыр санлақтары. – Алматы, 2001.
5. Сәтпаева Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2011.
7. Өбдіхалықова Л. Сыр сүлейлерінің жазба айтысы. – Астана, 2004.
11. Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы, 1992. – 2-т.

12. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1989.
13. Жармұхамедов М. Айтыстың жаму жолдары. – Алматы, 1976.
14. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы, 1977.
15. Айтыс / құраст.: Ш. Ахметов, Б. Ысқақов. Айтыс. – 1-2-т. – Алматы, 1965.

ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ

Балалар фольклорының жанрларының жіктелуі, көптеген формалардың жас ерекшеліктеріне байланысы мен сәйкестігі.

Сәбилерге арналған өлеңдер, олардың мәні (бесік жыры, «өс-өс» жыры, аялау, әлпештеу жырлары және т.б.).

Балалардың ойлау, сөйлеу, таным дағдыларын дамытатын өлеңдер (такпақтар, мазақтаулар, күлдіргі өлеңдер, өтірік өлеңдер).

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Қазақ жұмбақтарының, жаңылтпаштарының, балалар ертегілерінің өзіндік ерекшеліктері мен олардың ересектерге арналған фольклормен байланысы.

2. Балалар фольклорының поэтикасы. Қысқалық, нұсқалық, қарапайымдылық, ойнақылық.

3. Балалар фольклорының құрылымдық ерекшеліктері. Көркемдегіш құралдары.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы, 1993.
2. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 140 б.
3. Ақберен. – Алматы: Жазушы, 1972. – 222 б.
4. Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
5. Қуырмаш. – Алматы, 1988.
6. Қасқабасов С. Алтын жылға. – Алматы: Жібек Жолы, 2010. – 576 б.
7. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 144 б.
8. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері. – Алматы, 1965.
9. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы, 1962.
10. Ақ сандық, көк сандық. – Алматы, 1988.
11. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы, 1974.
12. Ғабдулин Н. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы, 1991.

3-бөлім

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

Ғасырлар бойы ұлттық дамудың куәсі мен шежіресі болған көне эпостар және ежелгі түркі жәдігерліктері мен әдебиеті көркемдік, тарихи-әдеби тұрғыдан қызығушылық тудырып отыр. Алайда сағат санының шектеулі болғанына қарамай, Түркі қағанаты, Оғыз дәуіріндегі әдебиеттердің, Қарахан және Алтын орда кезеңі әдебиеттері мәтіндерінің күрделілігіне байланысты ежелгі әдеби нұсқалардың көлемді мәтіндерімен толығырақ танысудың қажеттілігі артып отыр. Сонымен қатар бүгінгі таңда студенттердің ежелгі түркі әдебиеті туралы білімге деген ынтасы жоғары екенін ескерген жөн. Сондықтан бұл әдеби кезеңнің өзіне ғана тән ерекшеліктерінің мол екенін ескеріп, практикалық сабақтарда аталмыш кезең әдебиетін оқытуға баса мән берген жөн болар. Қысқасы, мүмкіндігіне орай, бүгінгі күнде біршама зерттелген, көпшілікке танымал «Күлтегін» ескерткішін, Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанын, әл-Хорезмидің «Махаббат нама» дастаны секілді туындыларды практикалық сабақтарда кеңірек қарастыру керек. Асылы, негізгі назарды ілкі заманның танымы мен сенімі көбірек көрінген, рулық-қауымдық құрылыстың айқын белгілері сақталған тарихи-батырлық нұсқаларға бұрған жөн болар.

Ежелгі түркі әдебиетіндегі лирикалық поэзияға арнайы тоқтауға болады. Аталмыш үрдіс, әсіресе Алтын Орда дәуірі әдебиетінде айқын көрінеді. Бұл кезеңдегі әдеби жырларда махаббат

тақырыбының маңызы зор, өйткені мұнда алғаш рет сұлу әйел образының культі жасалған. Студенттер автордың әр түрлі поэтикалық формаларға деген ұмтылысына назар аударуы қажет.

Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастаны – мазмұны жағынан үлкен әрі күрделі шығарма. Сол себептен аталмыш шығарманы толығымен бір сабақта талқылаудың қисыны аз. Поэманың белгілі эпизодтары мен негізгі кейіпкерлері шоғырланған бөліктерін жекелей талдау сабақтың тиімділігін арттырмақ.

Әр түрлі елдердегі зерттеушілер еңбектерінің нәтижесінде соңғы жылдары қазақ әдебиетінің ежелгі түркі әдебиетімен тығыз байланыстары сарапталды, оның ішкі заңдылықтары мен болмысты образды тануының ерекшеліктері зерттелуде.

Бұл курстың практикалық сабақтарының негізгі мақсаты – студенттерді ежелгі түркі дәуірінің көркем әлемімен таныстырып, оларды сол уақыттағы әдеби процестің ерекшеліктерін түсінуге үйрету. Заманауи оқырман үшін күрделі поэтикалық тілде жазылған туындылардың көркемдік мағынасын меңгеруде студенттің дәстүрлі қиындықтарға тап болатыны мәлім. Ежелгі түріктердің тарихымен, әсіресе олардың дүниетанымдық, идеологиялық, әлеуметтік, діни негіздерінің ерекшеліктерімен мұқият таныспай, орта ғасырлық ойды, поэтикалық құрылымның идеялары мен бейнелерін, **нюанстарын** түсіну оңай емес. Яғни арнайы әдебиетпен, түрлі сөздіктер мен энциклопедиялармен жұмыс істеуге дағдылану қажет.

Ежелгі түрік әдебиетінің ең маңызды шығармалары әдеби және тарихи типологиялар тұрғысынан қарастырылып, монографиялық негізде талданғаны тиімді. Сондықтан ұсынылған практикалық сабақтардың тақырыптары көбінесе автор тұрғысына және жанрдың ерекшелігіне байланысты болады. Осы тақылеттес жұмыстар барысында ежелгі мәтінді түсіндіре талдау жүргізіліп, содан кейін проблемалық талқылауға көшкен тиімді. Сондай-ақ әр түрлі жанрдағы мәтіндерді талдай білуге жаттықтыру, тарихи ескерткіштердің типологиялық белгілерін анықтау және жеке тарихи кезеңнің әдебиетіне шолу жасауды да үйрету міндеті қойылған.

Практикалық сабақтардың негізгі бағдары – студенттерді ежелгі түркі мәтінінің мәнін түсінуге баулу, оларды ежелгі түркі әдебиеті мен қазақ сөз өнерінің үлгілері арасында байланыстарды айқындауға мүмкіндік беретін мәселелер шеңберіне енгізу болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алматы, 1986.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап: оқулық. – Алматы, 1991.
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
4. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч. – М., 1968. – Т. 5.
5. Бердібаев Р. Қәусар бұлақ. Зерттеу. – Алматы, 1989.
6. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы, 1983.
7. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1986.
8. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
10. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.
11. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VII–VIII веков. – М., 1965.

ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ

Түркі қағанатының саяси, әлеуметтік құрылымы. Негізгі тарихи оқиғалар, қоғамның тұрмысы мен өмірі, салт-жоралары мен әдет-ғұрыптарының, наным-сенімдерінің негіздері. Жартылай көшпелі және жартылай отырықшы халықтар мәдениетінің ерекшеліктері, эстетикасы мен психологиясы.

Түркі халықтары арасында руникалық алфавиттің пайда болуы туралы ғылыми болжамдар. Ежелгі жазулар және олардың руникалық алфавит бойынша жазылған мәтіндермен байланысы.

Орхон, Енесей, Талас ескерткіштерінің жүйеленуі мен жіктелуі. Эпитафиялық үлгідегі мәтіндерде лирикалық монологтың мәні. Кейіпкерлердің ішкі психологиялық ахуалы. Енесей жазбаларының идеялық мәні, автохтондылығы, аутентивтілігі және түпнұсқалылығы, қазақ әдебиетіне байланысы мен қатысы.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Орхон жазба ескерткіштері тобының жанрлық сипаты. Жазбалардың табылуы, ашылуы, зерттелуі. «Күлтегін», «Тоныкөк» жазба ескерткіштері елдің береке бірлігін сақтауға деген өсиет пен аманат мазмұны, олардың ауызекі халықтық поэзиямен (жоқтау, жұбату, тыйым, мадақтама сөздермен) байланысы.

2. Орхон жазба ескерткіштерінің құрылымы, сюжеті, ырғағы, тарихи және батырлық жырлармен байланысы және ерекшеліктері, аталмыш ескерткіштердің поэтикалық құрылымы. Орхон жазба ескерткіштеріндегі мекеншақ (хронотоп).

3. Орхон жазбалары және қазақ эпосы. Қаһармандық образдар жасаудағы ортақ дәстүрлер, поэзиялық қағидаттардың ұқсастығы.

Әдебиеттер:

1. Классикалық зерттеулер: көп томдық. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 6-т. – 408 б.
2. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алматы, 1986.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005.
4. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986.
5. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч.– М., 1968. – Т. 5.
6. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Зерттеу. – Алматы, 1989.
7. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы, 1983.
8. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1986.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.
12. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.
13. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VII–VIII веков. – М., 1965.
14. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991.
15. Түркі дәуіріндегі әдебиет // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – 2-т: Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: Қазақпарат, 2006.
16. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996.
17. Әбіласан Ә. Көне сөздер құпиясы. – Алматы, 1998.
19. «Оғызнама» дастаны және қазақ әдебиеті // Жармұхамедов М. Көненің көзі. – Алматы, 1996. – 41-60 б.
20. Қыраубайқызы А. Оғыз қаған жыры // Егемен Қазақстан. – 1998. – 19 мамыр.
21. Мәсімхан Д. «Оғызнама» – ортақ мұра // Астана: Елорда, 2001. – 32-43 б.

ЗАМАНЫМЫЗДАН БҰРЫНҒЫ ЖАЗУ-СЫЗУЛАР

Қазақстан жеріндегі жазудың пайда болуы алғашқы феодалдық дәуірдегі жазулармен байланыстырылып жүр. III–V ғасырлардағы феодалдық мемлекет құрған үйсіндер дәуіріндегі маңызды тарихи оқиғалар. Белгілі ғалым А. Ремюзе: «Үйсіндер руникалық жазумен (қазір ол Орхон жазуы деген атпен белгілі) жазған», – деген пікірінің мәні. Кейінгі жылдары табылған үлкен бір жаналық – Іле өзенінің бойынан табылған алтын киімді адамның киімдері және басқа да мүліктеріндегі ою-өрнек, зергерлік өнер, көркем жазу түрлерінің маңызы. Алғашқы феодалдық мемлекеттер кезеңі (III–V ғасырлар).

Тасқа жазылған көне замандық кітаптар (VII–VIII ғасырлар).

Руникалық жазудың ең ескі ескерткішінің бірі Талас жазуларының қазіргі қазақ тілімен тамырластығы. Тіл құрылысы, лексикалық ақпараттың жақындығы. Тілші ғалым С. Аманжолов: «Қазіргі дулаттар V–VIII ғасырлардағы ежелгі Орхон-Енисей түріктерінің тікелей ұрпақтары», – деген. Ғалым сол түркілік дәуірде белгілі болып, кейін қазақ халқын құраған, жазу-сызу өнері дамыған, мәдениеті өскен руларды да атайды. Олар: Үйсін, Қаңлы, Керей, Найман, Дулат, Қыпшақ, Кердері сияқты рулардың қоғамдық бірлестіктері.

Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген қалықтардың мәдениетінің руникалық жазумен, ұйғыр алфавитімен, араб графикасымен байланысы. Аралас «арамей» жазуы туралы мәлімет.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Ежелгі мәтіндердің фрагментарлық сипаты, оқиғалар мен сәттердің жабықтығы мен тұйықтығы. Батырды, деректі, оқиғаны, дәуірді бағалаудың әдіс-тәсілдері.
2. Талас ескерткіштерінің мазмұны мен құрылымы.
3. Автор және оның сюжет құрылымындағы орны. Автордың тарихи санасы мен саяси көзқарастарының көрінісі.

Әдебиеттер:

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996.
2. Ақмұқанова Б. «Тауарих хамса» және қазақ әдебиеті. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1983.
3. Лихачев Д.С. Человек в литературе древней Руси. – М.: Наука, 1970.
4. Дулати М.Х. Тарих и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003.
5. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2001.
6. Сүйіншәлиев Х. XVIII–XIX ғғ. қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1981.
7. Уахатов Б. Тарихи өлеңдер. Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979.
8. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 352 б.
9. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986. – 3-18 б.
10. Еңсегенұлы Т. Түркі руна жазба поэзиясы мен философиясы // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – 2012. – №10. – 3-13 б.
11. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеушілер. – Алматы, 1983.
12. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 502 б.
13. Сартқожа Қ. Көне түріктер. Бірінші кітап. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.
14. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996.
15. Әбіласан Ә. Көне сөздер құпиясы. – Алматы, 1998.
16. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1994.
17. Қорқыт ата кітабы. – Алматы, 1986.
18. Қорқыт ата кітабы / ауд. Б. Ысқақов. – Алматы, 1994.

КӨНЕ ЭПОС

Қорқыт туралы аңыздар және «Китаби дәдем Қорқыт» кітабы. Қорқыт образының көпқырлылығы. Кітаптың мазмұны. Эпостың әлемдік маңызы және оның 12 бөлімінің көркемдік мәні. «Оғызнаме» дастанының орны мен мәні, қазақ әдебиетіне қатынасы. Эпостың мазмұны, образдар жүйесі, баяндау әдістері мен тәсілдері.

Әл-Фарабидің шығармашылығы. Әл-Фарабидің әдебиет туралы трактаттарының ғылыми маңызы және оның лирикалық шығармаларының мағынасы, образдары. VIII–IX ғасырлар әдебиетіндегі ақындық дәстүрдің пайда болуы және дамуы.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. «Оғыз наме» жырының зерттелуі.

2. «Оғыз наме» жырының композициялық құрылымы.
3. «Оғыз наме» жырының әлемдік маңызы.

Әдебиеттер:

1. Қорқыт ата кітабы /ауд. Қоңыратбаев Ә., Байділдаев Б. – Алматы, 1986.
2. Дедем Қоркут кітабі. – Анкара, 1964.
3. Әбенев Е. Дала даналары. – Алматы, 2001.
4. Сыдықов Қ. Ғасырлар кәусар бұлағы. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 213 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 386 б.
6. Маргулан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. В кн.: М.О. Ауэзов: Сборник статей к его шестидесятилетию. – Алма-Ата, 1959.
7. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1960. – 1-т
9. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.
10. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы, 1996.

«ҚОРҚЫТ АТА» КІТАБЫНЫҢ КӨРКЕМДІК, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қорқыт жайындағы деректердің белгілі бола бастауы. Қазақ арасына таралған аңыздардан Қорқытты айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген, қамқоршы ретінде көрінеді. Терең ойлар, ауыр мұхнат-азабымен өлмеуді арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді. Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт көпті көрген батагөй, ақылгөй, атақты күйші, сарыншы әрі ойшыл дарын болып танылады. Ол айтқан болжау дәл келіп отырған деседі. Адам өмірі, мінез-құлқы, тағдыры жайында тұңғыық, кемелді толғаулар қалдырған.

XIV ғасырдағы өзбектің ақыны Әлішер Науаи Қорқытты мына түрде сипаттайды: «Түрк ұлысы арасында Қорқыт атадан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқына ешкім тең келмейтін. Өзінен кейінгі көп жылғы келешекті болжаған айтқыш, данышпан еді. Оның даналық нақыл сөздері осы күнге дейін бар».

Қорқыт ата хикаясы VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, кейін ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тараған. Яғни рухани қазына ретінде бүгінге дейін өзінің әдеби көркемдік, тарихи, этнографиялық мәнін жоймаған аса құнды шағарма.

Тарихи деректерге және халық шежіресіне жүгінсек, Қорқыт – VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыттың қыпшақтар мен сол кезде Сырдария бойын жайлаған оғыздар арасында екі жаққа бірдей ел ағасы атануы. Данышпан қарттың ұзақ жылдар бойы ел басқарған көсем болғаны, өз өмірінде үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарғаны жайлы деректер.

Ал оның теңдесі жоқ күйші-композитор болғандығын халықта сақталған «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны» сияқты музыкалық шығармалары дәлелдейді.

Қорқыт – жыр мен күйдің атасы, ерте кезде оғыз-қыпшақ және қаңлы тайпаларын басқарған данышпан кісі бейнесінде VIII–IX ғасырларда-ақ аңыз кейіпкері болған жан.

Қорқыт ата жөніндегі жыр-дастан Орта Азия мен Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша сан ғасырлар бойы ауызша айтылып келген. Тек XVI ғасырда ғана Қорқыт есімімен байланысты бұл дастан қағазға түсірілген.

Күй атасы Қорқыттың ажалға қарсы күресуін бағалаудың тарихы. Қорқыт тақырыбы – өмір мен өлім тартысы.

Қорқыт жайындағы ақпараттың басқа мәліметтермен арақатынасы. Прометей жайындағы аңыз, осетиндердің Әміран жайындағы аңызындағы құдаймен қастасуымен сабақтастық.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Тарихи Қорқыт бейнесі.
2. «Қорқыт ата» кітабының нұсқалары, жиналуы, зерттелуі.
3. «Қорқыт ата» кітабының тілі, тақырыбы, идеясы, жанры, көркемдік ерекшелігі.

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алматы, 1986.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі /ауд. Б. Әбілқасымов. – Алматы, 1992.
3. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч. 5-т. – М., 1968.
4. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч. Т. 2. – М., 1963.
5. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.-Л., 1950.
6. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Зерттеу. – Алматы, 1989.
7. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы, 1983.
8. Короглы Р. Огузский героический эпос. – М., 1976.
9. Кононов Н. Родословная туркмен. Сочинение Абул-газы хана Хивинского. – М.-Л., 1958.
10. Қорқыт ата кітабы / ауд.: Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – Алматы: 1986.
11. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
12. Сүйіншәлиев Х. VIII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.
13. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1967.
14. Амин ал-Холи. Связи между Нилом и Волгой XIII–XIV вв. – М., 1962.
15. Греков Б.Ф., Якубовский А.Ю. Золотая орда и ее падение. – М.-Л., 1950.
16. Ибатов А. Құттың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. – Алматы, 1974.
17. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
18. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Зерттеу. – Алматы, 1988.
19. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. – Алматы, 1986.
20. Негимов С. «Қорқыт ата кітабы» – ұлт мәдениетінің бас кітабы // Қазақ және әлем әдебиеті = Казахская и мировая литература. – 2005. – № 2. – 6-7 б.
21. Қорқыт ата кітабы. – Астана: Фолиант, 2008. – 608 б.
25. Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер: Сыр бойының ежелгі тарихы мен мәдениеті: зерттеу. – Алматы, 1996.
26. Қорқыт ата кітабы / түрік тілінен ауд.: Б. Ысқақов, Ш. Ыбыраев // Қорқыт ата: Энциклопедиялық жинақ / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1999.
27. Қорқыт ата кітабы // Қорқыт ата. – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2003 – 5-14 б.

ҚАРАХАН ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ

X-XII ғасырлардағы тарихи және әлеуметтік жағдай. Қарахан мемлекетінің пайда болуы. Ислам дінінің тарала бастауының әдебиетке әсері.

Аталмыш кезеңнің белді өкілдері Махмұд Қашқари, Ахмет Йассауи, Ахмет Йүгенеки, Жүсіп Баласағұн шығармашылығы және олардың идеялық тұғырнамалары.

«Құтты білік» дастанының жанрлық сипаты. Поэма құрылымының ерекшелігі, оның қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерімен байланысы. Дастандағы әрбір кейіпкердің мазмұндық, әлеуметтік, көркемдік, дүниетанымдық функциялары, персонаждар ұстанымының анықтығы, автордың тұрғысы. Поэманың сюжеттік құрылымы, ақынның поэмадағы оқиғаларды дамытудағы ізденістері мен әдіс-тәсілдері. «Құтты білік» дастанында кең қолданыс тапқан поэтикалық формалар мен өлшемдер.

М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» еңбегінің маңызы мен мәні. Махмұд Қашқари кітабындағы түркі әдеби үлгілерінің жанрлық құрамы, әдеби, фольклорлық шығармаларды жүйелеудегі принциптер.

Ахмет Йассауидің «Диуани хикмет» кітабының проблематикасы. Суфизмнің негізгі қағидаларының бейнеленуі, автордың адамгершіліктің негіздерін түсіндірудегі өзіндік көркемдік-образдық ерекшелігі. А. Йассауидің прогрессивтік тарихи-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық ой-толғамдары. Өмірдегі қарама-қайшылықтар, дүниетанымдық және логикалық ойлар мен толғамдардағы тартыстар, мистицизмнің діни және философиялық сана ретіндегі көрінісі А. Йассауидің «хикметтерінің» көркемділігі.

Н. Рабғузидің «Қисса-ул Рабғузи» еңбегі – ортағасырлық апокрифтік әдебиеттің көрнекті ескерткіші. Н. Рабғузи кітабындағы діни аңыздар мен сюжеттер. Әдеби ескерткіштің маңызы.

С. Бақырғанидың «Бақырғани», «Хакім ата», «Қасиетті Мәриям» шығармаларының мәні. Ақын шығармашылығындағы діни-мистикалық сарындардың рөлі. Әулиенің идеал бейнесін жасаудағы әрекеттері. Адамгершілік, діни, моральдық, дидактикалық идеялардың бірігуі, автордың болмыс туралы сыни ойлары.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанының жанры, діни және философиялық проблематикасы, кітаптың әлеуметтік бағыты.

2. Басты кейіпкерлерді сипаттаудағы әдіс-тәсілдер, жағымды кейіпкерді бейнелеудегі автордың тұрғысы.

3. Күнтуды мен Айтолдының арасындағы пікірталастың негізгі тақырыбы.

1. Қ. Иасауидің «Диуани хикмет» атты шығармасының жанры, діни және философиялық проблематикасы, кітаптың әлеуметтік бағыты.

2. Иасауидің нәпсі туралы тұжырымдары.

3. Иасауи туралы аңыздар желісі.

4. «Диуани хикметтегі» суфизмнің негізгі қағидаларының бейнеленуі.

5. «Диуани хикметтің» зерттелуі және аударылуы.

1. А. Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты шығармасының жанры, діни және философиялық проблематикасы, кітаптың әлеуметтік бағыты.

2. А. Иүгінекидің жақсы мен жаман, жомарттық пен сараңдық туралы тұжырымдары.

3. А. Иүгінекидің «Ақиқат сыйының» зерттелуі және аударылуы.

1. «Диуани лұғат ат түрк» – түркі дүниеснің ғажайып жәдігері

2. М. Қашғаридың «Диуани лұғат ат түрк» атты шығармасындағы ауыз әдебиеті үлгілері.

3. М. Қашғаридың «Диуани лұғат ат түрк» атты шығармасының зерттелу, жариялану және аударылу мәселелері

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алматы, 1986. – 22-60 б.
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия / құраст. А. Қыраубаева. – Алматы, 1991. – 5-37 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Өлке, 2006.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Астана, 2003.
5. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. – Астана: Аударма, 2005. – 5-т. – 230-264 б.

5. Мырзахметов М. Ясауидегі «Жан ғалымы, тән ғалымы» хақында // «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты халықаралық конф. (29 қыркүйек – 1 қазан 2008 ж.). – Алматы, 2008. – 9-11 б.
6. Пірәлиев С., Керімов Л. Қ.А. Иассауи және А. Иүгінеки шығармаларындағы тағылымдар, тәлім-тәрбие ғибраты // Таным және студент. – Алматы: Санат, 2007. – 171-194 б.
7. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет: Ақыл кітабы. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.
8. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет. – Алматы: Арыс, 2001. – 272 б.
9. Йүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985.
10. Қожа Ахмет Ясауи (ХІІ ғасыр) Диуани хикмет (Ақыл кітабы) // Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. – 4-т. – Алматы: Раритет, 2014. – 301-3312 б.
11. Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ фольклорындағы сабақтастық // Жұлдыз. – 2010. – № 12. – 176-179 б.
12. Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясауи туралы қазақ аңыз-эпсаналары. Қазақ халық прозасындағы және «Диуани хикметтегі» Ясауи бейнесі // Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 157-189 б.
13. Классикалық зерттеулер: көп томдық. Т. 6. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 408 б.
14. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет. – Алматы: Арыс, 2001. – 272 б.
15. Ахмет Йүгінеки (ХІ ғасыр) Хибатул хақайық (Ақиқат сыйы) // Келімбетов Н. Көп томдық шығармалар жинағы. – 4-т. – Алматы: Раритет, 2014. – 287-301 б.
16. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Гүлстанның бұлбұлдары. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 4-том. – 17-23 б.
17. Дәуітұлы С. Құл Қожа Ахмет Иассауи: Ұлы ақынның асыл мұрасы «Диуани хикмет» туралы // Егемен Қазақстан. – 1993. – 6 наурыз.
18. Дәуітұлы С. «Құтты білік» дастаны // Керуен. – 2013. – № 1. – 3-14 б.
19. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн (ХІ ғасыр) «Құтадғу білігі» // Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы: Раритет, 2014. – 254-286 б.
20. Кенжетай Д. Ясауи іліміндегі болмыс мәселесі // Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 167-171 б.
21. Кенжетай Д. Ясауи іліміндегі нәпсі мәселесі // Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008 – 204-207 б.
22. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы / ауд.: Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов. – Алматы, 1985.
23. Кашқари Махмұт. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1993.
24. Қожа Ахмет Иасауи. Хикметтер / ауд. Ә. Жәмішев. – Алматы, 1995.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІ

XIII-XIV ғасырлардағы тарих, мәдениет, әдебиет. Мысырдағы, Мәуринахрдағы, Хорезмдегі түркі әдебиеті мен өнерінің орталықтары. Аталмыш кезең шығармаларына қыпшақ диалектісінің тигізген әсері. Жалпы түркі әдеби тілінің пайда болуы және қалыптасуы (шағатай тілі).

«Кодекс Куманикус» және оның қазақ тіліне қатысы. Сөздіктегі шешендік өнердің үлгілері, өсиет сөздер, жұмбақтар және олардың қазақтың ауыз әдебиетімен байланысы.

Әл-Хорезмидің «Мухаббатнаме» поэмасының жазылу тарихы, оның қазақ әдебиетіне қатысы. Поэmanın композициясы, тартыс пен характер мәселелері, поэмадағы психологизм мен лиризм элементтері, табиғатты көркем бейнелеу, сұлу әйелдің портретін жасау жолдары. Ақынның әр түрлі поэтикалық формаларды, шығыс поэзиясының клишелерін, салыстырудың айрықша түрлерін, эпитеттер мен өзге де троп түрлерін қолданудағы табыстары.

Кейқауыстың «Қабуснаме» кітабындағы әлеуметтік, діни, дидактикалық, моральді-тұрмыстық мотивтер. Бұл кітаптың Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі халықтардың мәдени өміріндегі рөлі. Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Сайф Сараидың «Түрікше Гүлстан» поэмалары. Аталмыш туындылардағы сопылық астар. Назира дәстүрінің түркі әдебиетіндегі рөлі. С. Бақырғани, Сопы Аллаярдың шығармашылығы. М.Х. Дулатидың «Тарихи Рашиди», Қыдырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Әбілғазы баһадүрдің «Шежіре-түрк», Бабыршаһтың «Бабырнама» кітабы мен «Шыңғыснама», «Темірнама» кітаптарының қазақ әдебиетінің тарихын оқытудағы рөлі мен маңызы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Әл-Хорезмидің «Махаббатнама» поэмасының идеялық-тақырыптық ерекшелігі, шығармадағы махаббат пен сұлулық мәселесі.

2. Поэманың сюжеті мен құрылымы, хаттан хатқа дейінгі эмоционалды-экспрессивті күйдің дамуы, қаһарманның поэма соңындағы шешімінің көркемдік уәждемесі.

3. Кейіпкерлер арасындағы сезімдерді ашып көрсету мен ғашықтар образын жасаудағы көркемдік құралдар мен әдіс-тәсілдер.

1. «Кодекс Куманикус» (қыпшақ тілінің сөздігі).
2. Алтын Орда дәуірінің әдеби ескерткіштерінің ерекшелігі.
3. «Кодекс Куманикус» кітабының тілі, жанры.

1. Рабғұзидың «Қисса сул әнбия» атты еңбегіндегі ғалам жаратылысы туралы қисындар.

2. Рабғұзидың «Қисса сул әнбиясындағы» пайғамбарлар шежіресі.

3. «Қисса сул әнбияның» қазақ тіліндегі аудармалары.

Әдебиеттер:

1. Тілепов Ж. XIV–XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 2015.
2. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 352 б.
4. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алматы, 1986. – 237 б.
5. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия / құраст. А. Қыраубаева. – Алматы, 1991. – 257 б.
6. Дала даналары. – Алматы, 2001. – 356 б.
7. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өнер, 2008. – 2-т. – 197 б.
8. Бердібаев Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы, 1996.
9. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы, 1994;
10. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1986.
11. Жұртбаев Т. Дулыға. 1-2 кітап. – Алматы, 1994.
12. Есімов Ф. Хакім Абай. – Алматы, 1994.
13. Келімбетов Б. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1991.
14. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1974.
15. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М., 1966.
16. Қазақ тарихы. – Алматы, 1998.
17. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы, 1988.
18. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы, 1996.

19. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1993
20. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы, 1994.
21. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985.
22. Маданов Х., Мусин Н. Ұлы дала тарихы. – Алматы, 1994.
23. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1994.
24. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1995.
25. Өмірәлиев Қ. VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы, 1985.
26. Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. – Алматы, 1997.
27. Сүйіншәлиев Х. VII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.
28. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
29. Фильштинский И.М., Шидфар Б.Я. Очерк арабо-мусульманской культуры. – М., 1971.
30. Еңсегенұлы Т. «Махаббатнама» құпиясы // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 1. – 116-119 б.
31. Құрышжанов Ә. «Кодекс куманикус» – ескі мұрамыз // Қазақ әдебиеті. – 1960. – 12 август.
32. Қыраубайқызы А. Алтын Орда әдебиеті // Егемен Қазақстан. – 1998. – 19 желтоқсан.

XV–XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Қазақ әдебиеті ежелгі түркі және орта ғасырлық әдебиеттердің заңды мұрагері болды. Ұлттық сөз өнері мен эстетикасы, бір жағынан, өткен ғасырлардағы әдебиет дәстүрлерінің рухында дамыса, екінші жағынан, әлеуметтік-саяси, экономикалық және тұрмыс жағдайларына байланысты өзіндік ерекше көркемдік құндылықтарды қалыптастыра білді.

Бұл практикалық сабақтарда студенттер қазақ әдебиетінің бастапқы кезеңі (жалпы түркілік) туралы қажетті тарихи және әдеби деректерді оқып-білумен қатар, қазақ әдебиетінің өзіндік тарихы туралы мағлұматтар алады. Яғни студенттердің білімі жүйеленеді, көркем ойлау эволюциясы заңдылықтарының табиғаты туралы жаңа ақпарат игеріледі. Студенттер негізгі жанрлардың мазмұнымен толығырақ танысады, сонымен қатар бүгінгі қазақ әдебиетіндегі поэтикалық идеялар, көркемдік құрылымдардың бастаулары туралы олардың өзіндік ой-пікірлері қалыптасады.

Курс бойынша тәжірибелік сабақтардың жоспары осы жағдайларды негізге ала отырып түзілді. Бұл сабақтар XV–XVIII ғасырлардағы ұлттық әдебиеттің дамуына үлкен үлес қосқан, жаңа идеялар мен бейнелердің көзі болған ең айтулы жыраулар мен ақындардың шығармашылығы негізінде жасалды. Әдеби талдау үшін сол дәуірдегі поэзияның өзіндік ерекшеліктерін, құбылыстары мен негізгі мәселелерін көрсете алатын шығармалардың

мәтіндері іріктеліп алынды. Архаизмдер мен көнерген сөздердің молдығы, синтаксистік құрылымдардың күрделендірілген түрде берілуі, образдылық, аллегориялар мен метафоралардың көп болуы – шығарманы талдауда түрлі қиындықтар тудырады. Сондықтан, бұл сабақтарда интерпретациялық талқылауға мән беріп, мәтіндерге арналған комментарийлермен, сөздіктермен көп жұмыс жүргізу ұсынылады. Аталмыш кезең әдебиеті бойынша жоспарланған практикалық сабақтарды персоналиялық негізге сүйене отырып ұйымдастыруға да болар, бірақ тарихи кезеңнің ауқымдылығы, шығармашылық тұлғалар қатарының молдығын ескерген дұрыс. Әрине, қазақ әдебиетінің қалыптасуы ұлттық мәдени мұраның негізгі ерекшеліктері мен ұлттық поэзияны дамыту жолдары. Шығармашылық өнердің дифференциялану процесі, ақындар поэзиясы мен жыраулық дәстүрдің қалыптасуы мен дамуы, ауыз әдебиетінің дәстүрлерін жалғастырушылардың образдарының трансформациясы. Суырып салу өнерінің негіздері.

Қазақ хандығында жыраулардың әлеуметтік-саяси орны, олардың шығармашылығының көркемдік-идеялық маңызы. Жыраулық поэзиядағы әлеуметтік, дидактикалық, этикалық, тұрмыстық мотивтер. Тарихи оқиғалардың жыраулар шығармашылығында көрініс табуы және олардың көркемдік бейнеленуі, қазақ сөз өнерінің алғашқы кезеңіндегі тарихилық мәселелері.

Қазақ ру, тайпаларының бірігуі мен тұтастану үдерістері. Азаттық пен егемендік жолындағы күрестермен халық тұтастығын аңсаудың XV–XVIII ғасырлардағы поэзиядан көрініс табуы.

Асан қайғы Сәбитұлының шығармашылығындағы көркемдік-поэтикалық болжамдар, үгіт-насихаттар, уақыт, жерұйық, әділетті қоғам мен халық арманы турасындағы поэтикалық ой-толғамдар және бұл әдеби дәстүрлердің Қазтуған жыраудың шығармашылығында жалғасын тауып, дамуы.

Доспамбет, Марғасқа, Ақтамберді жыраулардың шығармаларындағы қазақ қоғамының әлеуметтік дифференциясы, қаһармандық һәм оптимистік рухтың күшеюі, азаттық пен бірлікті ұлықтау, өмір мен өлім, болмыстағы жақсы мен жаман, қоғам, адам рухы тақырыптары.

Шалкиіз жырау – қазақ әдебиетіндегі сыни поэзияның негізін қалаушы. Ақын шығармаларындағы афоризмдердің, қанатты сөздер мен шешендік үлгілердің мәні. Жыраудың шынайы өмірді поэтикалық әмбебап құралдармен бейнелеуі, оның әлеуметтік тұрғыдағы прогресивті көзқарастары.

Толғау жанрының өзіндік ерекшеліктері, оның жүйеленуі мен жіктелуі. Жанрдың тақырыптық-идеялық, көркемдік-экспрессивтік ауқымының дамуы. Толғаулардың құрылымдық-композициялық ерекшеліктері, түйдектің, белгілі бір семантикалық және синтаксистік құрылымдардың толғаудағы қызметі. Толғаулардағы дыбыс, үн, әуез, әуеннің және колоросемантиканың көркемдік, эстетикалық қызметтері. Әр кезеңдегі толғаулардағы статика мен динамика мәселелері. Жиёмбет жыраудың толғаулары мен термелеріндегі жаңа сарындар. Толғау жанрының тарихпен байланысы, әлеуметтік астары. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы соғысының орта ғасыр әдебиетіндегі көрінісі.

Бұхар жыраудың қоғамдық, идеялық ұстанымдары. Абылай ханға қатысты қатаң сыни пікірлері, ар, ұят, иман, достық туралы ойларының мазмұны.

Шал ақынның толғауларындағы әлеуметтік-сыни бағыт және осы идеялардың Қобылан жырау, Абыл ақын шығармаларында дамуы.

Жыршылық дәстүрдің, ақындар айтысының дамуы, Қазақстандағы импровизациялық өнердің түрлі мектептерінің қалыптасуы. Ауызша поэзияның жаңа жанрлық формаларының қалыптасуы мен дамуы, көркемдік экспрессивті құралдар құрамының кеңеюі. Үлкен эпикалық формалардың пайда болуы.

Сабак жоспарының үлгілері:

1. XV-XVIII ғасырлардағы шығармашыл күштердің жіктелуі. Жыраулық, ақындық, термешілік, ертегішілік, жыршылық бағыттардың қалыптасуы мен дамуы.

2. Осы кезеңдегі ұлттық поэзияның негізгі тақырыптары мен мотивтері.

3. «Жамиат-Тауарих» жинағының («Жылнамалар жинағы») қазақ әдебиеті тарихындағы орны.

1. Поэзияның жанрлық құрылымы, ақындық поэзия мен халықтың ауызша поэзиясының формаларының қабысып, үйлесуі.

2. Толғау жанрының мазмұны мен пішінінің ерекшеліктері.

3. Толғаудағы түйдектеудің, шендестірудің, қайталаулардың поэтикалық қызметі.

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: оқулық. – Алматы, 1986. – 133 б.
2. Қыраубаева А. Ежелгі дүние әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. – Алматы, 1991. – 185 б.
3. Сүйіншәлиев Х. VIII–XVIII ғ. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989. – 265 б.
4. Дала даналары. – Алматы, 2001. – 165 б.
5. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991. – 225 б.
6. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1993.
7. Аманшин Б. Дауылпаз ақын. Кітапта: Жыр-семсер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 5-14 б.
8. Ауэзов М.О., Лизунова Е.Б. Из истории казахской литературы. – Вестник АН КазССР, 1957. – №11.
9. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық / құраст.: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1-т. – 358 б.
10. Дүйсенбаев Ы. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 20-57 б.
11. Дербісәлин Ә. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Кітапта XV – XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 3-63 б.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 3-4 томдар.
13. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы, 2013.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИЛЫҚ

XIII ғасырда Шыңғысхан әскерінің батысқа жасаған жорығының ұлттық әдебиетте бейнеленуі. Шыңғысхан иелігінің, Жошы ұлысының, Алтын Орда мемлекетінің құрылуы. Дешті Қыпшақ Ордасы Алтын Орда және Көк орда туралы толғамдар.

Ұлық орда (Ұлы орда) Үлкен Ноғайлы Ордасы (Еділ мен Жайық бойында) Кіші Ноғайлы ордасы, Қазан хандығы, Қырым хандығы, Астрахан (Хаджы-Тархан) хандығы, Сібір хандығы, Көшпелі Өзбек ұлысы сияқты құрылымдардың қазақ тарихына қатысы. Қазақ хандығының құрылуы. Олардың арасындағы саяси-әлеуметтік қатынас. Көшпелі өзбек, өзбек-ноғай, ноғай-қазақ, өзбек-қазақ байланыстарының тарихы. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақтың алғашқы хандары – Керей, Әз-Жәнібектің ұлттық поэзиядағы образдары. XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. Қасымхан тұсындағы қазақ хандығының нығаюы. Қасым ханның қасқа жолы қағидаларының ұлттық мәні мен маңызы. Тәуекел хан (1586–1598) тұсында Қазақ Ордасы мен Мәскеу патшалығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың нығая түсуі. XVII ғасырдағы қазақ хандығы. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты. Есім хан мен Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхаммед Сұлтан арасындағы қайшылықтың ауыз әдебиетінде бағалануы. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Салқам Жәңгір (Жаһангир) тұсындағы әскери реформа. Осы кездегі дүрбіт ойрат шапқыншылығының үдеуі. Тәуке хан тұсындағы (1680–1718) қазақ хандығының саясаты. Қазақ елінің ішкі бірлігін нығайтуға бағытталған Тауке хан реформаларының бейнеленуі. Тәуке хан шығарған «Жеті жарғы заңы». Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қазақ тарихынан алатын орны, оның жыраулар поэзиясындағы көрінісі. Ойраттардың 1723–1725 және 1740–1742 жылдардағы қазақ даласына шабуыл жасауы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлматын суреттеген шығармалар. Қазақтың ержүрек батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сары мен Баян сияқты батырлардың, Абылай хан бейнелерінің жыраулар поэзиясында бейнеленуі.

Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттегі (XV–XVIII ғ.) жыраулар поэзиясының орны. Жыраулар поэзиясының арғы негіздері. Кете жырау (**Қашғари «Диуани лұғат ат-түрік»**) Ахмет, Кетбұғы тайшы және Қотан жырау шығармалары, Сыпыра жырау дәстүрі. Сыпыра – ноғайлы жырларының ортақ кейіпкері. Қазтуған, Асан Қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа,

Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар, Көтеш, Шал поэзияларының тарихи, мәдени, тақырыптық, идеялық арналары.

Жырау мен жыршы ұғымдарының байланысы мен айырмашылығы. Толғау жанрының табиғаты, онда психологиялық және синтаксистік шендестірулердің жиі қолданыс табуы. Дәстүрлі айқыштау мен ажарлаудың дамуы. Тың ұйқастар мен өлшемдерге мән берілуі. Аллитерация мен ассонанстың мол қолданылуы. Жырау поэзиясының екпіндік сипаты (тоникалық). Екпінді ырғақтың басымдылығы туралы Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин пікірлері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қазақ хандығы қалыптасуының қоғамдық әлеуметтік, саяси жағдайлары.
2. Тарихи оқиғаларды жырлаудың қағидаттары.
3. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттегі жетекші жанрлар. Жыраулар поэзиясының көркемдік, эстетикалық ұстанымдары.

1. Жырау және жыршы табиғаты.
2. Толғау жанры. Жыраулық дәстүр табиғаты.
3. Қазақ әдебиеті тарихынан жыраулар поэзиясының алатын орны.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. Үшінші кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы, 2013.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
4. Жұртбаев Т. Дулыға. 1-2 кітап. – Алматы, 1994.
5. Дербісалин Ә. Толғау жанры туралы // Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1983.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992.
7. Казахстан в XV–XVIII веках. Вопросы социально-политической истории. – Алматы, 1969.
8. Қазақтың көне тарихы. Зерттеу. – Алматы, 1993.
9. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. – Алматы, 1992.

10. Қазақ әдебиетінің тарихы II том. – Алматы, 1967.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том / XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
12. Абылқасымов Б.Ш. Жанр толғау и казахской устной поэзии. – Алматы, 1984.
14. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
15. Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976
16. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы / Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы, 2001.

АСАН ҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ

Қазақ арасындағы Асан Қайғы туралы аңыздардың сипаты, Асанның Қайғы аталуы, жас кезінен тапқыр дана аталуы. Асанның жер-суға байланысты сындары. Асан Қайғы туралы аңыз бен ақиқат.

Асан Қайғының тарихи тұлға екендігі. Оның XIV ғасырдың соңғы ширегінде туып, XV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға, мемлекет қайраткері екендігі. Белгілі орыс және қазақ ғалымдарының Асан Қайғының тарихи тұлға екендігі жайында айтқан пікірлері. Оның Алтын Орда ханы Ұлық Мұхамедтің (кейіннен Қазақ ханы Ормамбет) қазақ ханы Жәнібектің ақылшы бий, уәзірі болғандығы. Халық арасындағы жыраудың зираты жөніндегі әңгімелер.

«Асан Қайғы – көшпелілердің ұлы философы» (Шоқан). Жырау толғауларының жалпы сипаты. Ел қамын ойлаған Асанның Өз-Жәнібек ханға арнап айтқан толғауының әлеуметтік мәні, тарихи сипаты. Асан Қайғы толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі, өсиет-ғибрат сөздерінің мәні. Жыраудың «Қырында киік жайлаған», «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», «Бұл заманда не ғаріп», «Еділ болда Жайық бол», «Көлде жүрген қоныр қаз» деп басталатын толғауларын талдау.

Жырау толғауларында кездесетін аллитерация, ассонанс, психологиялық егіздеу (параллелизм), басқа да тілдік айшық, көркемдік өрнектерді толғау мазмұнындағы идеялық-мазмұндық тұтастықпен байланысы.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Асан Қайғы және «Жерұйық» образы.
2. Асан Қайғы толғауларының тарихилығы.
3. Асан Қайғы мұраларының көркемдік сипаты. Жырау толғауларының тақырыптық ерекшелігі.

1. Асан туралы аңыздар. Қазақ хандығы, Жәнібек ханмен байланысты Асан шығармасында кездесетін тарихи деректер.
2. Асанның өмір сүрген дәуірі мен жасын анықтауға қызмет ететін хатқа түскен мағлұматтар.
3. Асанның Литва королі Ягайлоға барған елшілік сапары туралы мәліметтер түйіні.
4. Асан Қайғының дін, адамгершілік, ел бірлігін жырлаған шығармалары.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар үшінші кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. Қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы,
3. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
4. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992.
6. Қазақтың көне тарихы. Зерттеу. – Алматы, 1993.
7. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса / Бек тарих. – Алматы, 1992.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т. – Алматы, 1967.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т / XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
10. Абылқасымов Б.Ш. Жанр толғау и казахской устной поэзии. – Алматы, 1984.
11. Ауезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
12. Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976.
13. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы / Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы, 2001.
14. Алдаспан. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 280 б.
15. Бабалар сөзі: 100 т. 85-т. Тарихи аңыздар (VI–XVI ғасырлар). – Астана: Фолиант, 2012. – 416 б.

16. Асан қайғы: [Өмірі, ол туралы аңыздар және оның өлеңдері] // Жар-мұхамедов М. Көненің көзі. – Алматы, 1996. – 88-112 б.
17. Асанқайғы (Асан Сәбитұлы, XV ғ.) Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады: накыл сөздер // Ақыл-ой антологиясы: Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін) / құрст. Е. Шаймерденұлы. – Алматы: Өлке, 2004. – 92-95 б.
18. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы Т. 2. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 204-205 б.
19. Сәкенов С. «Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы Асан қайғы бейнесі // ҚарМУ хабаршысы. Филология сериясы – 2007. – №2. – 63-68 б.

ҚАЗТУҒАН СҮЙІНШҰЛЫ

Қазтуған Сүйіншіұлының өскен ортасы, тарихи дәуірі туралы. Осы мәселе турасында профессор Х. Сүйіншәлиевтің пікірі. Жыраудың өз толғауларында оның өмірі туралы аздаған деректер кездесуі. Жыраудың өмірі, тегі туралы әдебиетші ғалым М. Мағауин пікірі. «Алаң да, алаң, алаң жұрт» («Еділмен қоштасу жыры») толғауындағы жырау өміріне қатысты жайттар.

Жырау толғауларының тақырыптық сипатын нақтылау. Жырау толғауларының негізгі тақырыптық сипаты туған елге, жерге деген зор ықылас, сүйіспеншілік, құрмет, махаббат, өмір туралы даналық байламдар, жауынгерлік рух, өршіл, болмыс, өзінің тектілік болмысын паш ету болып келетіндігі. «Мадақ» жырындағы батыр болмысы. Жырау поэзиясының тақырыптық сипаты жөніндегі М. Мағауин пікірі.

Қазтуған жырларының әуенді, дыбысты, аруақты күшті поэзия екендігі. Бірыңғай ассонанс пен аллитерацияның молдығы. («Арғымақтың баласы», «Жабағылы жас тайлақ»). Қазтуғанның өлең құрылымына мән берген шебер жырау екендігі. Образды, ұтымды теңеулердің молдығы. («Еділмен қоштасу жыры») Батыр образының, портретінің шебер сомдалуы. («Мадақ жыры») Қазтуған жыраудың жыраулық поэзиядағы орны, өнерпаздық болмысы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Өмірі мен шығармашылығы.
2. Жырау толғауларының тақырыптық мәні.
3. Жырау поэзиясының көркемдік әуезі, ырғағы, құрылымы.

1. Қазтуған жырау Сүйіншіұлының туған жер, ел тағдыры жайлы шығармалары.
2. Қазтуған туындыларының 1480-1481 жылдардағы оқиғалармен байланысы.
3. Қазтуғанның Асан қайғының, Абаттармен ара-қатынасынан мәлімет беретін деректер.

1. Қазтуғанның Шыңғыс ұрпақтарынан тараған хандарды аңсау себебі және 1480 жылғы тарихи оқиғалар.
2. Қазтуған – қазақ әдебиеті тарихында ең бірінші болып туған жері туралы дерек берген автор.
3. Қазтуғанның «Мадақ» жыры және эпостық туындылардағы батырлар тұлғасы.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. Үшінші кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия / құраст. М. Мағауин. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншіәлиев Х. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1997.
4. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихи: оқулық. – Алматы, 1997.
5. Қазақ әдебиетінің тарихи. 3-т. / XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
6. Мағауин М. Қобыз сарыны // Классикалық зерттеулер: көп томдық. – 25-том. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 279-365 б.
7. Қорабай С. Қазтуған // Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 т. – 3-т. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 290-293 б.
8. Алдаспан: XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 279 б.
9. Қазтуған жырау // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Т. 4. – Алматы, 347-348 б.

10. Қазтуған жырау (XV ғасыр) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996.
11. Қазтуған Сүйіншұлы (XV ғасыр): Өмірі мен творчествосы туралы анықтама // Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 т. – Алматы, 1984. – 1-т. – 30 б.

ШАЛКИІЗ ТІЛЕНШҰЛЫ

Ноғайлы Ордасының ең ұлы жырауларының бірі екендігі. Ата-тегі, өскен ортасы (Алшын ішіндегі Құяс табынан шыққандығы. Ноғайлының ұлы биі Мұсаның жиені екендігі. Жастай жетім қалып, Мұсаның тәрбиесінде болуы. Саналы ғұмырының барлығын ақсүйек шонжар әулеттерінің ортасында, Ордада өткізгендігі.

Әкесі Тіленші – әскери шонжар ортадан шыққан батыр екендігі. Шалкиіздің Ноғайлы Ордасының әміршілері Темір би, Жүсіп, Мамайлардың ақылшысы, кеңесшісі болғаны).

Шалкиіздің өскен ортасы жайында М. Тынышбаев, В.В. Вельяминов-Зернов, М. Мағауин, В.Д. Смирнов пікірлері. Ноғай Ордасында Жүсіп пен Исмайылдың билікке таласу күресінде Жүсіптің жағында болуы. Жыраудың өз өмірінің соңғы кезеңін қазақ ханы Хақназардың жанында өткізгендігі. Қолда бар дерек көздеріне сүйене отырып, Шалкиіздің шамамен 1465 – 1560 жылдардың арасында өмір сүргендігі.

Шалкиіз жыраудың революциядан бұрын ең көп баспа бетін көрген жырау екендігі. Орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің Шалкиіз мұрасына ең жоғары баға бергендігі. Революцияға дейін жыраудың би Темірге айтқан жырлары орыс тілінде шыққан әр түрлі жинақтар мен мерзімді баспасөз бетінде төрт рет жарық көруі. Ы. Алтынсарин, В. Радлов, М. Бекмұхамедов, Ғ. Мұштак, М. Османов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Е. Ысмайлов, Ә. Марғұлан, Х. Сүйіншалиев, Ә. Дербісалин, М. Мағауин, Қ. Сыдықов еңбектерінің мәні.

Шалкиіз жыраудың арнау, толғаулары. Шалкиіз жырлаған белгілі тақырыптардың қатарында оның би Темірге арналған

толғаулары жататындығы. Шалкиіздің қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушы екендігі («Асқар, асқар, асқар тау», «Елден шыққан сызашық», «Қоғалы көлдер, ком сулар», т.б.).

Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі – ойлылық, көркемдік, нақтылық, ойнақылық, тереңділік аз сөзге көп мағына сыйғызушылығы.

Шалкиіз поэзиясының рухынан ерлік сипатының көрінуі. Жырау толғауларында соғыс майданы, найза ұстаған жауынгерлер, қаптаған қалың қол сияқты көріністердің әсерлі берілуі. Би Темірге айтқан толғауларындағы бейнелілік, образдылық сипаттары, ұлғайған метафора, ұтымды теңеулердің қолданылуы.

Шалкиіз жырау толғауларының тіл нақыштары, нақыл сөздер, афоризмдер, егіздеу (психологиялық, синтаксистік), аллитерация мен ассонанс. Шалкиіз шығармаларында кездесетін: экзотизм (рұқсат), көшілі (сұңқар), алдаспан (наркескен, өткір қылыш), күлік (жүйрік, тұлпар, сәйгүлік), асмар ету (қалдыру, тастау), сайғақ (қабірдің басына шаншылатын ағаш), жазы (дала, жазық), балаңқы (бала-шаға, осал, нашар) секілді архаизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылмауы.

Шалкиіз поэзиясының өзінен кейінгі поэзияға әсері (Доспамбет, Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұқар, Махамбет) жыраулық үлгідегі Шалкиіз дәстүрін ақындық поэзия өкілі Махамбеттің ақындық мақамға, үлгіге салып түрлендіруі, жаңғыртуы (трансформация, понтаминация).

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Жырау өмірінің зерттелу сипаты.
2. Шалкиіз толғауларының тақырыптық өрісі.
3. Жырау толғауларының көркемдік мәні, дәстүрлік сипаты.

1. Шалкиіз толғауларының тақырыптық өрісі, дәстүрлік сипаты.

2. Шалкиіздің Би Темірмен арадағы қатынастарын сипаттайтын толғаулары.

3. Шалкиіз – қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушы.

4. (Шәлгез) Шалкиіз шығармашылығының XIX–XX ғасырлардағы жариялануы және зерттелуі.

1. Шәлгездің кеңестік дәуірге дейінгі жарық көрген шығармалары.

2. Шалкиіздің Мамайға айтқан жырының мәні. XV ғасырдың сексенінші жылдары мен он алтыншы ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ хандығы мен ноғай ұлысының жай күйі.

3. Шалкиіз Тіленшіұлының ата-тегіне байланысты шежіре деректер мен тарихи мәліметтер.

4. Қазақтар мен Қырым ноғайлары арасындағы Шалкиіз жырау толғауларының мәтіндері.

1. Шалкиіз шығармаларында өрнектелген тарихи оқиғалар.

2. Жырау есімін ғалымдардың түрліше оқу себептері.

3. Шәлгезді Би Темір қасынан кетуге себепкер еткен жағдайлар.

4. «Ер Шобан» жырына байланысты Ә. Дербісәлин, М. Мағауин пікірлері.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: хрестоматия. 4-кітап. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1 т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2 т.

10. Алдаспан. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 280 б.
11. Мағауин М. Қобыз сарыны // Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 25-т. – 279-365 б.
12. Сыдықұлы Қ. Шалкиіз (Шәлгез) жырау // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 3-т. – 299-341 б.
13. Қодар Ә. Ақ сауыт киген ақындар: [Орта ғасырлық жыраулар Асан қайғы, Шалкиіз және Ақтамбердінің поэзиясы туралы]. // Қазақ әдебиеті. – 1998. – 16 желтоқсан (№ 50). – 8-9 б.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Доспамбет жыраудың XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген жырау екендігі. Оның есімінің бүкіл Ноғайлы Ордасы мен Азаулыға мәлім мәшһүрлігі. Доспамбет жорықшы жырау, талай шайқастарда ерлік көрсеткен батыр, қолбасы. Ол Азаулы Ордасы (Кіші Ноғайлы) Қырым хандығы, Астрахань хандығы, Үлкен Ноғайлы Ордасы арасындағы (ағайын аралық) қиян-кескі ұрыста қаза табады. (1523) жырау ол кезде отызға да толмаған болатын. Бұл жайындағы Н.М. Карамзиннің дерегі. (Карамзин Н.М. История Государства Российского. – СПб., 1817. – Т. VII. – С. 123; В.Д. Смирнов, Крымское ханство под верховенством Отаманской Порты до начала XVIII в., – СПб., 1887. – С. 392).

Доспамбеттің қазасы жайындағы ел арасындағы әңгімені орыс ғалымы В. Радловтың Қырым ноғайларынан жазып алуы.

Доспамбет өз толғауларында батырлықты, жауынгерлікті, ерлік рухты жырлады. Оның идеалы – қан майданда қаза болу («Айнала бұлақ басы тен», «Тоғай, тоғай, тоғай су»), «Қоғалы көлдер, ком сулар», «Бетегелі Сарыарқаның бойында соғысып өлген өкінбес» деген жырау арманының мәні). Бұлардан басқа Еділдің бойын ен жайлап, бейбіт тұрмыс кешкен заманды өз толғауларына өзек етуі («Айналайын Ақ Жайық»).

Доспамбет жырау толғауларындағы дәуір көрінісінің шебер берілуі. Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, ком сулар», «Арғымаққа оқ тиді», «Айналайын, Ақ Жайық», «Тоғай, тоғай,

тоғай су» толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктерін талдау.

Көркемдік өрнегі (аллитерация, ассонанс, метафора, теңеу).

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Доспамбет жырау өмірінің деректері.
2. Жырау толғауларының тақырыптары.
3. Жырау мұраларының көркемдік мәні.

1. «Озушылар озмаңыз», «Азау, азау дегенің» шығармаларындағы автордың өзі, өмір сүрген дәуірі туралы тұжырымдары.

2. Доспамбет жырау мұрасына байланысты әдебиетші ғалымдардың еңбектері.

3. Доспамбет жырау – қазақ әдебиетінің тарихында өзінің алған жарының бейнесін жасаған тұңғыш автор.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: хрестоматия. 4-кітап. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1989.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – 1-т. – 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Тілепов Ж. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
9. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
11. Қорабай С. Доспамбет // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 3-т. – 294-298 б.
12. Доспамбет жырау (XVI ғасыр): өмірі мен творчествосы // Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 т. – Алматы, 1984. – 1-т. – 34 б.
13. Доспамбет жырау (XVI ғасыр) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 34-35 б.
14. Жәлелұлы О. Доспамбет жырау іліміндегі шаһидтік философия // Ақ Жайық kz. – 2017. – № 3. – 236-239 б.

ЖИЕМБЕТ БОРТАҒАШҰЛЫ

XVII ғасырдағы қазақ хандығындағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Есім мен Жәңгір ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты.

Есім хан мен Қатаған ұлысы және Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхамед Сұлтан арасындағы қайшылықтың себептері. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Сыртқы жау ойрат шапқыншыларына қарсы Есім мен Жәңгірдің қазақ жерін азат ету соғысы. Жәңгір ханның әскери істегі реформаларының мәні. Осы дәуірде өмір сүрген Жиёмбет пен Марғасқа жыраулардың толғауларында Есім хан заманының кемел оқиғаларының көрініс табуы.

Бортағашұлы Жиёмбет жыраудың Алшын руының көшкен әскери аристократиясынан шыққандығы.

Алшын руынан Самарқан қаласының әкімі болған атақты Жалаңтөс баһадүрдің шығуы (Ол Самарқан шаһарындағы Регистанда орналасқан жері – Дор медресесі мен Тіллә қари мешіттерін салғызған).

Халық аңыздарының және шәкірттерінің айтуынша, Жиёмбеттің арғы атасы – Ноғайлыдан шыққан атақты Алау батыр. Алау – XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, тарихқа белгілі адам екендігі.

Жиёмбет – Есім ханның әскербасы батырларының бірі әрі жорықшы жырау екендігі. Сонымен бірге Жиёмбет – ел аузынан алынған тарихи әңгімелерге және өз шығармаларындағы кейбір сөздерге қарағанда, өз заманының мемлекет істерінде үлкен рөл атқарған қабырғалы биі екендігіне тоқталу.

Жиёмбет толғауларынан байқалатыны оның мемлекет ішіндегі, халық алдындағы беделі жоғары болғандығы. Жиёмбеттен қалған ең елеулі мұра – оның Есім ханға арналған толғауы. Толғаудың туу себебі жайында ел арасында сақталған әңгімеге тоқталу. (Жиёмбеттің батыр інісі Жолымбет батырдың хан олжасы қалмақтың сұлу қызын барар жеріне жеткізбей жолдан тартып әкетуі жайында) өмірінің соңында Жиёмбеттің осы оқи-

ғаның әсерінен ханмен араздасуы. Өз елі Алшын ішіне кетіп, хан ордасынан сырт, шет жүруі. Осы оқиғалардың «Әмірің қатты Есім хан», «Қол-аяғым бұғауда» толғауларында көрініс табуы. Жыраудың «Әмірің қатты Есім хан», «Қол-аяғым бұғауда», «Еңсегей бойлы ер Есім» тағы басқа толғауларының мәні. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырының әу баста ұзақ тарихи жыр-толғау болғандығы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. XVII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет.
2. Жырау өмірінен деректер.
3. Жырау толғауларының тақырыптық мәні.

1. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ елінің тарихи тағдырын танытатын Жиёмбет туындылары.
2. Жиёмбет толғауларындағы Есім хан бейнесі.
3. Жиёмбет пен Есім ханның Жолымбет оқиғасына дейінгі арақатынасын көрсететін шығармалары.
4. Жиёмбет – қазақ хандығының іргесін нығайтуға қосқан үлес қосқан жырау.
5. Жиёмбет туындыларындағы автордың өз бейнесі.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар: оқулық. – Алматы, 1992. – 3-кітап.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV– VIII ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы (XV–XVIII ғ. Қ.Ә. тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.

11. Алдаспан: XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Қазтуған жырау. – Алматы: Жазушы, 1970. – 279 б.
12. Жиёмбет Бортоғашұлы (XVII ғ.): Өмірі мен творчествосы туралы // Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдың XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 т. – Алматы, 1984. – 1-т. – 58 б.
13. Қосан С. Жиёмбет // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 3-т. – 342-348 б.
14. Жиёмбет жырау // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 4-т. – 100-104 б.
15. Еңсегей бойлы Ер Есім // Қазақ тарихи жырлары / құраст. Б.С. Рахымов. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2009. – 9-14 б.

МАРҒАСҚА ЖЫРАУ

Марғасқа жыраудың Есім ханның белгілі батырларының бірі әрі жорықшы жырауы болғандығы. XVII ғасырдың айтулы тарихи тұлғаларының бірі екендігі. Мұраларының біздің заманымызға толық жетпеуі. Марғасқа жыраудың (XVII ғасыр) ерлікті, достықты, адалдықты жырлаушы, қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы екендігі.

Марғасқа жыраудың Есімге қарсы бағынбау саясатын ұстанған Ташкент ханы Тұрсын-Мұхамед Сұлтанның бүлігін басуға қатысуы (1627 жыл). Осы оқиғаға байланысты ел арасында сақталған әңгіме мен нақты тарихи деректерді салыстыра тоқталу.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Жырау өмірінен деректер.
2. Марғасқа жыраудың әдеби мұрасы.
3. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» жырының тарихи мәні.

1. Марғасқаның Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы трагедиялы жағдайды баяндайтын «Қатағанның хан Тұрсын» шығармасының тарихи мәні.

2. Қырғыздың Шоңбағыш руының басшысы Көкемнің Тұрсын хан-Есім хан оқиғасына қатынасы.

3. Есім хан мен Тұрсын оқиғасын көзімен көрген Әбілғазы баһадүр хан жазбасының маңызы.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. (XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. 1-т. – Алматы, 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы (XV–XVIII ғ. Қ.Ә. тарихы). – Алматы, 2000. – 3-т.
11. Кляштарный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992.
12. Қазақтың көне тарихы: зерттеу. – Алматы, 1993.
13. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
14. Алдаспан. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 280 б.
15. Дәуітұлы С. Марғасқа жырау: [XVII ғ. өмір сүрген Марғасқа ақын туралы] // Заман Қазақстан. – 1994. – 31 желтоқсан (№ 32). – 7 б.
16. Құрманғали Г. Марғасқа // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қаз-ақпарат, 2008. – 3-т. – 349-356 б.

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

XVIII ғасырда қазақ даласына ойрат басқыншыларының жойқын шабуыл жасауы. Қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясына ұшырауы (1723 ж.). Қазақ хандығының іштей ыдырап, елдің ауыр дағдарысқа ұшырауы.

Саяси бірліктің әлсіздігі. Ел бірлігіне шақыратын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қазақ тарихынан алатын орны, оның жыраулар поэзиясындағы көрінісі. Ойраттардың 1723 – 1725 жә-

не 1740 – 1742 жылдардағы қазақ даласына шабуыл жасауы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» апаты. Ойраттың Сыбан Раптан (1697 – 1727 ж.) және Қалдан Церен (1727 – 1746 ж.) сияқты Қоңтайшыларына күйрете соққы берген қазақтың ер жүрек батырлары (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Олжабай, Райымбек, Жанатай, Жәпек, Сары, Баян, Малайсары, Ер Жәнібек) мен үш жүздің басын қосып, сыртқы жауға бастаған ержүрек хан Абылай бейнелерінің жыраулар поэзиясында асқақ жырлануы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайы. Жоңғарлар мен Орта Азия хандықтарының шабуылдары. Жоңғарлықтар шапқыны, халық күйзелісі. Бұл күйзелістің қазақ ауыз әдебиетіндегі көрінісі. «Елім-ай», «Қап қағылған», «Қап қағылған», «Шаңды жорық», т.б. өлеңдер мен аңыздардың тууы.

2. XVIII ғ. халық басынан өткен тарихи оқиғалардың Ақтамберді, Тәтікара, Үмбетей, Бұқар жыраудың шығармашылығында шынайы көрініс табуы.

3. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің идеялық бағыттары: феодалдық қанауға, сұлтандық патша билігіне наразылықтар мен халықтық сарындағы шығармалар.

1. XVIII ғасырдағы қазақ билерінің әдебиетке қосқан үлесі.

2. Үмбетей жыраудың «Бөгембай өліміне», «Бөгембай батырдың өлімін Абылайханға естірту» туындыларында суреттелетін қазақ батырлары.

3. Абылай ханның Жоңғар билеушісінің тұтқынында болған кезін суреттейтін Үмбетей толғауындағы тарихи шындықтың көрінісі (Ш. Уәлиханов, А. Левшин еңбектері, кейінгі Көкбай Жанатайұлы туындылары).

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.

2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII-XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1989.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын – жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т (XV–XVIII ғ. Қ.Ә. тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Кляштарный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992.
12. Қазақтың көне тарихы. Зерттеу. – Алматы, 1993.

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

Ақтамберді жырау Қаратау өңірінде 1675 жылы дүниеге келген. Бұл туралы М. Мағауиннің «Алдаспан», «Қобыз сарыны» еңбектерінде нақты айтылуы. (Ақтамбердінің жетінші буындағы ұрпағы Сәрсенбек Нүрпейісов ақсақал (1883 ж. туған) менің бабам Шақантай ақ патша қазақтан солдат алатын жылы 106 жасында опат тапты дейді. Шақантай өзінің үлкен әкесі Арықты көріпті. Ол кісі Шақантайдың 7 жасында 92-ге келіп өлген екен. Арық – Ақтамбердінің кіші әйелі башқұрт қызы Күмістен (жыраудың бәйбішесінің аты Базар екен) әкесінің 50 жасында туған көрінеді. Сонда Ақтамберді 1675 жылы дүниеге келген болып шығады). Ақтамбердінің әкесі Сары, шешесі Сыр бике екендігі. Найманның Сыбан атасынан шыққан Сарының ағайыннан жалғыз екендігі. Ақтамберді өмір бойы ат үстінен түспей, бел шешпей, елін қалмақ басқыншыларынан қорғаған батыр, жауынгер, жорық жыршысы, жырау. Кейін бейбіт тұста еліне егін ектірген, елінің қамын ойлаған ақылман, данагөй қария, ел ағасы. Ұзақ жасап, 93 жасында 1768 жылы қайтыс болған. Зираты Шыңғыстау маңында, Абай ауданының шетіндегі Шеп өзенінің шығысында, Құндызды Қос өңіріндегі Жүрек Жота деген төбенің басында тұр.

Жырау шығармаларында өз өмірі белестерінің көрініс табуы. Атадан жалғыздығы, ағайыннан көрген қорлық, азабы шығар-

маларында ішкі қайғы мұң болып қозғалуы. Осы тақырыптағы «Дұшпаннан көрген қорлығым», «Жағалбай деген ел болар», «Әңгіме жамау түскенін», «Атадан тудым жалқы боп», «Әкем көрген зорлықты», «Көк көгершін, көгершін» деп басталатын толғауларына тоқталу.

Ақтамберді жырау толғауларындағы басты сарын – ерлікке, батырлыққа, дұшпаннан кек алуға, елді сыртқы жаудан қорғауға шақыру («Балпаң-балпаң басарсың», «Жауға шаптым ту байлап», «Күмбір-күмбір кісінетіп», «Көк көгершін, көгершін», «Салпаң да салпаң жортармын», т.б.).

Жыраудың «Күлдір – күлдір кісінетіп», «Уа, қарт Бөгенбай», «Еділ, Жайық екі өзен», «Балпаң-балпаң кім баспас», т.б. толғауларына тоқталып талдау.

Жырау толғауларының әлеуметтік мәніне үңіле отырып, ондағы ерлікке, батырлыққа үндеген, елдің бірлігіне, адамгершілікке шақырған сөздерінің әсерлі көркем тұрғыда берілуі. Осы мақсатта сөз қайталау, дыбыс қайталау (аллитерация, ассонанс) тенеу, метафоарлардың ұтымды пайдаланылуы. Жырау толғауларының көркемдік қуатын айқындау.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Ақтамберді жырау өмірінің деректері.
2. Ақтамберді толғауларының тақырыптық сипаты.
3. Жырау мұраларының әлеуметтік мәні, көркемдігі, сөз нақыштары.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – 1-т. – Алматы, 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын – жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.

9. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-т. – Алматы, 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т (XV–XVIII ғ. Қ.Ә. тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Ақтамберді жырау // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 4-том. – 355-360 б.
12. Ақтамберді жырау (1675–1768) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 49-52 б.
13. Ақтамберді Сарыұлы (1675–1768): Өмірі мен творчествосы // Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 томдық. – Алматы, 1984. – 1-т. – 65 б.
14. Ақтамберді Сарыұлы (1675–1768) Әділдікке жан құрбан: Нақыл сөздер // Ақыл-ой антологиясы: Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін / құраст. Е. Шаймерденұлы. – Алматы: Өлке, 2004. – 121-123 б.
15. Анаш Д. Ақтамбердінің сауыты // Егемен Қазақстан. – 21 наурыз (№ 55). – 2014. – 14 б.
16. Кәрімов М. Ақтамберді неге Жүрекжотада жерленген? // Ақсауытты Ақтамберді: Зерттеулер, деректер, мұралар. – Астана: Фолиант, 2011. – 245-250 б.
17. Қорабай С. Ақтамберді // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 3-т. – 387-392 б.

ТӘТІҚАРА ЖЫРАУ

Тәтіқара жыраудың өмірі мен шығармашылығы. Ақынның туып-өскен жері қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданының территориясы. Ақынның саналы ғұмыры Абылай ханның төңірегінде өтуі. Абылай хан оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалаған.

Тәтіқара – XVIII ғасырда қазақ елін сыртқы жауға қарсы күреске үндеуші жауынгер жырау. Тәтіқара әскери жорықтарда ұдайы Абылай ханның қасында жүретін жортуыл жыршысы бола жүріп, өз дәуірінің тарихи оқиғаларын, дәуір келбетін молынан жырлаушы жырау екендігі.

Тәтіқара – қалмақтармен соғыста ерлік көрсеткен қазақ батырлары – Жәнібек Шақшақұлы, Бөкей, Сағыр, Дәріпсәлі, Бөгенбай, т.б. ерлік істерін шынайы жырлаған жырау («Қамыстың басы майда, түбі сайда»).

Шоқан Уәлиханов осы жанрларға тоқтала отырып, оны орысшаға аударған. Және жырдағы Абылай хан қолы мен Цин импе-

риясы әскерлерінің 1756 жылғы шайқасымен тұспа-тұс келетіндігін анықтаған. Шоқан Тәтіқара жырларының тарихына үлкен баға береді.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Тәтіқара өмірінің деректері.
2. Жырау шығармаларының тарихилық мәні.
3. Тәтіқара өлеңдерінде ерлікке үндеу сарыны. Қалмаққа қарсы соғыста жауынгерлерді рухтандырып айтқан өлеңдері мен толғауларының («Қамыстың басы майда», «Ақыл қалмас қашқанда», «Үш жүздің баласы», «Қонаққа») мәні.

1. Тәтіқараның шығармашылығы, ру басы, көсемі, әскербасы, батырлығы жайлы Ш. Уәлиханов, Қ. Халидов деректері.
2. Тәтіқара туындыларындағы Баян батыр бейнесі.
3. Тәтіқара ақын туындыларының жиналу, жариялану мәселесі.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV –XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы: Мектеп, 1981.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғ.ғ. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. 1-т. – Алматы, 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы (XV–XVIII ғ. Қазақ әдебиеті тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.
11. Дәуітов С. Жыраулар толғауындағы Абылай хан бейнесі // Жұлдыз. – 2012. – № 4. – 183-187 б.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ

Үмбетей жырау (1706-1778) Абылайхан заманындағы әйгілі жырау. Жырау арқадағы Ерейментау маңында туып өскен. Оның әкесі Тілеу ақын, шешен, қобызшы болған. Үмбетей де жастайынан өнер қуып, жыр-дастан айтып, өзі де арнау, толғау шығарып елге танылған.

Үмбетей – өз дәуірінің аса маңызды мәселелерін дидактикалық-философиялық сарында жырлаған кең тынысты жырау.

Үмбетей жыраудың даңқын шығарған жырлары – Бөгембай батырға арналған толғаулары. Олар: «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» деп аталатын екі ұзақ толғауы.

Үмбетей – қазақ поэзиясында Бөгембай батырдың өшпес образын жасаған жырау.

Сабак жоспарының үлгілері:

1. Үмбетей ақынның өлеңдері. Оның Бөгенбай батырды жоқтауы.
2. Ақын өлеңдерінде Бөгенбайдың қалмаққа қарсы күресін көрсеткен ерлігін, халыққа сіңірген еңбегін дәріптеуі.
3. Жырау толғауларының тақырыптық мәні.

1. Үмбетейдің ер құны, жесір дауына байланысты тұстардағы қызметін көрсететін туындыларының мәні мен маңызы.
2. Үмбетей жырау Тілеуұлының туындыларының жиналуы, зерттелуі.
3. Үмбетейдің ел қорғау, азаматтық тақырыпқа қатысты шығармаларының Бұқар жырау туындыларынан өзгешелігі.
4. Үмбетей жыраудың «Бөгембай өліміне», «Бөгембай батырдың өлімін Абылайханға естірту» туындыларында суреттелетін қазақ батырлары.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV–XVIII ғасырлар). 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия / құраст. М. Мағауин. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
4. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғасырлар. Қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1989.
5. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 1967.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. (XV–XVII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

XVIII ғасыр әдебиетінің ең көрнекті тұлғасы – Бұқар жырау (1668-1781). Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтердің қисыны. Абылай хан мен жырау арасындағы қарым-қатынас сыры, ханның ақылшысы, кеңесшісі, бітімгер биі болғаны туралы деректер ауқымы. Жыраудың өзінің сөзімен, жырларымен елдікті, егемендікті қолдап, бірлік пен өркендеуге шақырған көрнекті мемлекет қайраткер ретіндегі орны.

Бұқар жырау – өз дәуірінің данышпан ойшылы, философиялық тақырыптың жырау толғауларына тоқталу). Абылай ханның ақылгөй кеңесшісі, белгілі қоғам қайраткері ретінде ол қазақ елінің ішкі ынтымағы мен ырысын, біртұтастығын, қазақ мемлекетінің дербес өмір сүру қажеттігін ту етіп көтерген ірі тұлға, кемеңгер жырау ретінде терең ойлы, елді бірлікке шақырған толғаулар тудырды (осы тақырыптағы жырларына тоқталу).

Қазақ елін жоңғар басқыншылығынан сақтап қалған ержүрек батырлар туралы жырларындағы эпикалық дәстүрлердің дамуы. Ерлік пен елдік туралы ойлары.

Бұқар жырау толғауларының басты қаһарманы Абылай хан және оның жорықтас батырлары, мәслихаттас билері, ең басты қаһарманы – қазақ халқының өзі.

Сабәқ жоспарының үлгілері:

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы өмірі және шығармашылық мұрасы.
2. Бұқар жырау толғуларындағы Абылай хан бейнесі.
3. Жырау мұраларының тақырыптық өрісі.

1. Бұқар – Шалкиіз дәстүрінің шәкірті.
2. Бұқар жырау поэзиясының тіліндегі көркем сөз нақыштары, теңеулер, метафоралар, тұрақты сөз тіркестері.
3. Бұқар Қалқаманұлы мұрасының көркемдік ерекшеліктері.

1. Бұқардың «Әлемді түгел көрсе де» деп басталатын философиялық толғауындағы жаңа лириканың озық үлгілерінің қалыптасуы.
2. Жырау толғауларындағы көркем сөз нақыштары, теңеулер, метафоралар, тұрақты сөз тіркестерінің қызметі.
3. Бұқар өлеңдеріндегі діни сарындар мен шарифат негіздері.

1. Бұқар жыраудың қазақ елінің іргелі жұрт болуына сіңірген еңбегі.
2. Қазақтардың Ресеймен, Жоңғар хандығымен байланысы жөнінде Бұқар жырау ұстанымдары.
3. Бұқардың Бөгембай, Абылай, т.б. тарихи тұлғалар ерлігін бейнелеген шығармаларының мәні.
4. Бұқардың ұлттар арасындағы қатынастар туралы толғамдары, дипломатиялық келбеті.
5. Бұқар жыраудың тарихи тұлғасын танытудағы ғалымдардың еңбектері (Ш. Уәлиханов, М. Көпеев, т.б.).

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV–XVIII ғасырлар). 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап. Хрестоматия / құраст. М. Мағауин. – Алматы, 1993.

3. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
4. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғасырлар. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.
5. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 1967.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы (XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.
10. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет / XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
11. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: хрестоматия. 4-кітап. – Алматы, 1993.
12. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1993.
13. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
14. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
15. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
16. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
17. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
18. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
19. Қазақ әдебиетінің тарихы. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.
20. Жармұхамедұлы М. Бұқар жырау // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. – Алматы: Қазақпарат, 2008. – 3-т. – 357-386 б.
21. Бердібай Р. Даланың дара данасы // Бұқар жырау. – Павлодар, 2003. – 3-22 б.
22. Дүйсенбаев Ы. Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) // Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы, 2014. – 28-т. – 135-146 б.
23. Қосымова Г. Бұқар жыраудың шешендігі // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 2. – 188-191 б.

КӨТЕШ РАЙЫМБЕКҰЛЫ

Көтеш Баянауыл аймағында туып-өскен жырау. Абылай хан мен Ботақан ісіне қатысты мәселелерге көзқарасы. Тұрмысы мен тіршілігіндегі тапшылықтың қыры мен сыры. Жасыйбай батыр туралы жыры мен жоқтаулары. Көтеш ақын (1745-1818 ж.) тарихи тақырып пен ерлік идеясын, тұрмыс, кедейлік мәселелерін жыр еткен ақын. Көтеш ақынның «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Қартайғанда қатының дұшпан болды», т.б. өлеңдеріндегі тарихилық пен ақындық ұстаным. Ақынның айтыстарындағы юмор мен сарказм.

Сабак жоспарының үлгісі:

1. Өмірі мен шығармашылығы.
2. Көтеш Райымбекұлы мұрасының ауқымы.
3. Көтеш ақын шығармаларының тақырыбы.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1999.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1992.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001. – 257 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.

ШАЛ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ

Шал (Тілеуке) Құлекеұлы (1748-1818 ж.) – жыраулық поэзия үлгісін дамытқан, жаңа типтегі ақын. Шал өлендерінің тақырыбы – жақсылық пен жамандық, рақым мен зұлымдық, жастық пен кәрілік, адамгершілік пен мораль, т.б.

Шал ақын – адам өмірінің мақсаты мен мәні, фәни мен бақи сияқты дін мәселелерін де жырлаған ақын. Ақынның «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенін», «Бақытыңа кез бопты долы қатын», «Арғымақ ат кімде жоқ», «Саясы жоқ бәйтерек», «Жігіт туралы», «Әйел туралы», «Кедейлік туралы», т.б. өлендеріне тоқталу. Айтыстары: Шал мен Дегдар қыз айтысы, Бәйбішесімен қағысуы.

Шал Құлекеұлы – фольклорлық мектептің үрдісінен шыққан ақын. Теңеу, тұспалдау, метафора, символ секілді бейнелеу құралдарын жаңаша қолдануы. Редифтік ұйқастардың қолданылуы.

Жыраулық және ақындық поэзия ерекшеліктеріне тоқталу.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Жыраулық және ақындық поэзия дәстүрі.
2. Шал поэзиясының көркемдік ерекшеліктері.
3. Жыраулық және ақындық поэзия ерекшеліктері.

1. Шал Тілеукеұлының шығармаларындағы дидактикалық сарынның орны.
2. Шал ақынның шығармаларының көркемдік ерекшеліктері.
3. Шал ақынның имандылық туралы тұжырымдары.

1. Шал Құлекеұлының ақындық поэзияны қалыптастырудағы орны.
2. Шал ақын шығармаларындағы діни сарындардың мәні.
3. Ақын шығармашылығының зерттелу тарихы (Х. Сүйіншәлиевтің, М. Мағауиннің, Ғ. Әбетовтің, Ә. Дербісәлиннің, Р. Бердібаевтың еңбектері негізінде).

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XV–XVIII ғасырлар. 3-кітап: оқулық. – Алматы, 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 4-кітап: хрестоматия. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншәлиев Х. VIII–XVIII ғ. қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 1997.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы, 1997.
5. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1993. – 1-т.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 2-т.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 3-т.
11. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы, 2013.
12. Шал ақын Құлекеұлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999.

5-бөлім

ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

Осы бөлімдегі тәжірибелік сабақтар өтілген әдеби кезеңдер бойынша алынған білім мен білікке, тәжірибеге сүйенгені маңызды. ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті бойынша практикалық сабақтардың негізгі мақсаты – студенттерді ұлттық әдебиеттегі негізгі құбылыстармен таныстыру. Осы кезеңнің көркемдік үлгілерінен аталмыш уақыттың етене тән өзіндік шығармашылық әдістерінің ерекшелігін қамтыған, қоғамдық төңкерістер мен өзгерістер қарсаңындағы ұлттық әдебиеттегі жетекші идеялар мен тақырыптарға тікелей қатысты авторлар мен шығармалар сараланып алынды. Практикалық сабақтарда «Зар заман» ақындарына ерекше назар аударылған. Аталмыш кезең ақындарының шығармашылығындағы ағартушылық реализм, романтизм, шығыстық бағыттағы киссалар мен дастандарды талдау барысында сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдай мен қоғамдық ойларды тануға көңіл көбірек бөлінген. Осы мақсатты орындау үшін студенттерге М. Өтемісұлы, М. Мөңкеұлы, Ш. Қанайұлы, Ә. Кердері, Д. Бабатайұлы, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ш. Уәлиханов, С. Торайғыров, С. Көбеев, С. Дөнентаев, М. Сералин, Ш. Құдайбердіұлы секілді ақын-жазушылардың шығармаларына талдау жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі берілді.

Бұл сабақтардың тағы бір мақсаты – көркем мәтінге әдеби талдау жасаудағы негізгі амалдар мен тәсілдерді үйрету. Бұл мақсатта А. Құнанбайұлының, С. Торайғыровтың лирикалық, эпикалық, прозалық шығармалары ұсынылды. Негізгі нысан ретінде дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне, кейіпкерлер типологиясына, аталмыш кезеңдегі әдебиеттегі жанрлар мен тартыстарға көңіл бөлінді.

Аталмыш курс бойынша практикалық сабақтардың өзіндік ішкі логикасы мен кезең-кезең бойынша жүзеге асу жүйесі бар. Сабақтар XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайымен танысумен басталады. Осы жүйе шеңберінде әр типті сабақтар ұсынылады. Әсіресе реализмдегі әлеуметтік қайшылықтар мен жанр, осы кезде қалыптасып, дамыған әдеби үлгілердің түрі мен мазмұнына мән беретін сабақтар таңдап алынды. Студент әрбір суреткердің өзіндік шығармашылық әлемінен хабар беретін шығармаларын талдау барысында кезеңнің бейнесін тануға машықтанғаны абзал.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті бойынша курс тарихи-әдеби курс болып табылады, өйткені ол оқушыларды кәсіби қазақ әдебиетінің осы күнге дейін идеялық-эстетикалық мәнін жоймаған көркемдік құндылықтарымен таныстырады.

Алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда, бұл сабақтарда шығарманың көркемдік құрылымына ерекше мән берілген, себебі бұл ұстаным осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік, жанрлық жедел дамуының ерекшеліктерімен байланысты.

Талдау барысында студенттер реализм мен романтизмнің үдерістерінің жалпы ерекшеліктерін түсінулері көзделеді.

Өлемді романтикалық тұрғыдан қабылдаудың негізгі бағыты ретінде қаламгерлердің аңсары мен арманынан туған басқа дүниені суреттеуі делініп жүр. Сонымен қатар суреткер тұлғасы мен шынайы болмыс арасындағы түбегейлі қайшылықты эстетикалық тұрғыдан мақұлдауы мен мойындамауы болды. Романтикалық бейненің өзін қоршаған ортамен, болмыспен бітіспес күресі оның рухани жалғыздығына себеп болады. Ал

титанизм болса қаһарманның еркіндікке деген сезімдерінен көрінеді.

Реализм шығармашылық тұрғысынан әдебиетті дамытты, романтизмнің прогрессивті жаңалықтары психологизмнің дамуына ықпал жасады. Реализмде тарихилық мазмұн әлеуметтік пәрменге ие бола бастады. Оның танымдық, тағылымдық қызметтерінің дамуы әдеби характердің әрекеттерінің шеңберін кеңейтті, әлеуметтік орта мен қаһарман тұлғасының арасында күрделі байланыс орнатылады. Ал психологизмнің міндеті – адам мінезінің әр түрлі жағдайларға байланысты өзгешелігін көрсету болып табылатынын жаңа кезең әдебиеті жақсы түсінді.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне мұсылмандық Шығыс әдебиетінің ықпалы аз болған жоқ. Бұл жағдай осы кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі романтизм мен реализмге өзіндік ұлттық реңк берді. Аталмыш үрдіс, «Зар заман» ақындарының (Д. Бабатайұлы, М. Мөңкеұлы, Ә. Кердері) шығармаларында айқын көрініс тапты. Ағартушылық бағыттағы поэзияда да шығыстық сарындар мен сюжеттер ерекше серпінмен дамыды. Зар заман дәуірі ақындарының, діни ағартушылық бағыттағы ақындардың, шығыстың қисса-дастандарын аударушылардың рухани ізденістері отаршылдыққа қарсы шығыстық идеяға алып барды. Сол арқылы олардың шығармаларында кемел адам концепциясы пайда болды. Яғни қазақ қоғамының рухани жаңғыруы ағартушылық білім алу арқасында да жүзеге асты. Өз кезегінде бұл қазақ әдебиетінде екі үдерістің: шығыстық және батыстық бағыттардың қалыптасуына әкеліп соқты. Бұл жүйе XX ғасырдың 20 жылдарына дейін сақталды. Соцреализм жүргізген әр алуан әлеуметтік тәжірибелердің нәтижесінде олардың маңызы әлсіреді.

Ұлттық әдебиетте модернистік идеялар М. Жұмабаев пен Ш. Бөкеев шығармаларынан бастау алады. Олар модернистік бағытты орыс және еуропа әдебиетіндегі жаңашыл ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аудару барысында қазақ әдебиетіне соны ойлар енгізіп, еркіндікті дамытқан болатын.

Символизмнің сипаты өзге де модернистік бағыттар секілді аса күрделі. Ол негізінен натурализмді, әлеуметтік реализм-

нің қасаң қағидаттарын жоққа шығару рухында пайда болған. Символизм адамның ішкі дүниесіндегі түсініксіз түйсіктер мен тылсым құбылыстарды тануға ұмтылды. Символизм логикалық тұрғыдан тануға келмейтін дүниелерді көркемдік тұрғыдан бейнелеу міндетін алдына қойды. Символистер объективті әлемді нақты адамның ішкі сезімдері арқылы абстрактілеуге ұмтылды, бірақ өз идеалымен теңдестіруге мүдделі емес еді. Олар әдебиеттегі көркем шындықтан гөрі автор бейнеленген шартты шындықты эстетикалық жағынан жоғары қойды. Импрессионизмнің негізгі қарастыратын мәселесі – адамның бір сәттік көңіл күйі, ондағы адам тұрмысының сезімдік көрінісі болатын, мұндай сарындар да қазақ сөз өнерінде осы кезеңде байқала бастады.

Практикалық сабақтарда нақты мысалдар арқылы әр түрлі әдеби бағыттардың ұстанымдарының жетістігі мен кемшілігін сараптап отыру керек. Олардың ұлттық әдебиеттегі қолданылу ерекшеліктеріне, бүгінгі күннің реалияларымен байланысына да ерекше көңіл бөлген дұрыс.

XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақстандағы әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістердің барысы. Қазақ әдебиетінің әлеуметтік сипатының жаңа белгілері. Сол кезеңдегі сөз өнерінің отаршылдық езгі мен қанауға, әлеуметтік теңсіздікке, бұратана елдің құқықтарының тапталуына қарсы ойлардың тереңдеуі.

Дәстүрлі далалық поэзия және эпика, оның идеялық бағыты. Қазақ әдебиетіндегі екі негізгі үрдістің көрнекті өкілдері. XIX ғасырдағы ақындар шығармашылығындағы негізгі жанрлар және олардың дамуы. XVIII ғасырдағы көтеріліс және оның себептері, С. Датұлының бейнесі.

Халық ақындарының (М. Өтемісұлы, Ш. Жарылғасұлы, А. Азаматқызы) шығармашылығындағы жаңа идеялардың көрі-

нісі. Аталмыш авторлардың шығармаларындағы дәуір бейнесін ашудағы поэтикалық қолданыстар.

Махамбет поэзиясындағы реализм табиғаты, халықтығы және тарихилығы. Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің Махамбет шығармашылығында бейнеленуі мен бағалануы. Махамбет поэзиясындағы Исатай бейнесі, ерлік пен елдік образдарын бейнелеудегі авторлық тұрғысы. Махамбет поэзиясындағы романтизм элементтері және элективті мотивтердің пайда болу себептері. Ақын шығармаларында жиі қолданылатын поэтикалық құрылымдар, олардың құрамы. Эпитеттердің, салыстыру мен символдардың көркемдік сипаты. Қайталау және градация функциялары.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

Махамбет шығармаларының саяси, әлеуметтік көркемдік маңызы.

М. Өтемісов шығармалары – XIX ғасырдағы нысаны бай, идеясы биік, көркемдік қасиеті өрелі ерекше әдеби мұра. Оның жауынгерлік рухы бар реалистік поэзия екендігі қай жағынан болсын аңғарылып тұрады. Ел бостандығы, патриоттық идея, бітіспес тап күресі, еңбекші шаруаның мұңын мұндап, туын көтеру, ерлігін мадақтау, қоғамның әлеуметтік мәнін ашу, т.б. саяси, тарихи жағдайлардан айқын хабар беру – ақын поэзиясының нағыз реалистік көркем творчества екендігін дәлелдейді. Белгілі әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев бұл туралы: «Махамбет өлеңдері – XIX ғасырдың I жартысындағы хан, сұлтан, би-феодалдарға қарсы Исатай бастаған шаруалар көтерілісінің айқын айнасы. Оның өлеңдерін оқығанда шаруалар көтерілісінің алғашқы өрлеу кезеңдері де, күрес жолдарындағы халық батырларының ерлік қимылдары да, көтерілістің апатқа ұшырағаны да күресушілерге жауларының қолданған қатал шаралары да, жеңіліс тапқаннан кейінгі ауыр хал, қиын жағдайлардың бәрі де сол қалпында суреттелінеді», – деген.

Махамбет поэзиясының дәстүрі бұрынғы ақындық, жыраулық поэзия дәстүрлерімен тығыз байланысты. Бұл да – бұрынғы ақын-жырауларша суырып салма ақын. Дегенмен ақын өлеңдері-

нің көбі мазмұны жағынан болсын бұрынғы ауыз әдебиеті шеңберінен асып, жазба әдебиеті дәрежесіне жеткен. Ақынның қай өлеңін алсақ та, одан өмір шындығы айқын ыңғарылып тұрады. Ақын хан билеген заманның шындық бейнесін күрделі әлеуметтік оқиғалар негізінде көрегендікпен сипаттап берген. Ол қоғамдық, әлеуметтік оқиғаларға батыл араласып, оған өз үкімін, пікірін айтады.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ әдебиетіндегі негізгі шығармашылық күштері, олардың идеологиялық және көркемдік платформасы.
2. Махамбеттің поэзиясында Исатайдың образын жасаудың поэтикасы.
3. Махамбеттің «Адыра қалған Нарында», «Не жақсы», «Не пайда?» өлеңдерінің риторикалық сипаты.

1. Махамбет – ұлт-азаттық күрес жыршысы
2. Махамбеттің көтеріліс алдында, көтеріліс барысында, көтеріліс жеңілгеннен кейінгі өлеңдері
3. Махамбет шығармаларының басылым, зерттелу жайы.
4. Махамбет және жыраулық өнер.

1. Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық күресінің басталу тарихы және оның Махамбет шығармашылығында бейнеленуі.
2. Исатай-Махамбет көтерілісінің зерттелу тарихы.
3. Махамбет – бостандық рухындағы ұлт азаттығын жырлаған поэзияның негізін қалаушы.

1. Отарлық езгіге қарсы туған азаттық бағытындағы әдеби бағыттың Махамбет поэзиясынан басталуы және оның әдеби-тарихи себеп-салдарлары.

2. Махамбет шығармаларының поэтикалық құрылымы, образ сомдау шеберлігі, өлең өлшемі.

3. Махамбет шығармаларындағы Исатай бейнесі.

ЗАР ЗАМАН ӘДЕБИЕТІ

Зар заман ағымы өкілдерінің шығармашылықтары туралы толық мағлұмат беру. Туындыларының көркемдік сипатын, негізгі тақырыптық, мазмұндық, идеялық бағыттарын айқындау. Әр ақынның өзіндік ерекшелігін саралау.

Патшалық Ресейдің отарлау дәуіріндегі Қазақстанның әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени жағдайы. Патшаның төрелер, қожалар мен билердің басқару жүйесін құртуға арналған саяси шешімдері. Столыпіннің экономикалық реформалары және олардың Қазақстан үшін салдары. Ресей үкіметінің қазақтардың ата қоныстарын тартып алып, оларды Ресейдің ішкі аудандарынан көшіп келген қара шекпенділерге берудегі мақсаты. Ресей империясының қазақ ұлтын мәдени және саяси тұрғыдан ассимиляцияға ұшырату әрекеттері. Қазақ билігінің отаршылдық саясаттың нығаюына деген реакциясы. Кенесары Қасымұлының қозғалысы. Әдебиеттегі «Зар заман» бағытының қалыптасуына әсер еткен факторлар. Зар заман ақындары – Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай, Ә. Кердері, Н. Наушабаевтың эсхатологиялық сана-сезімдерінің қалыптасуы.

Д. Бабатайұлының толғауларының көркемдік ерекшеліктері. Образдарының айқындаушы белгілері. Өлеңдеріндегі ұйқастық жүйе. Жыраудың эстетикалық дәстүрлерімен байланысы, индивидуалдық ерекшеліктері. Өлеңдерінің айқындылығы мен экспрессиясы.

М. Мөңкеұлы толғауларының образдық құрылымы. Ақын ұғымындағы «Ақыр заман» белгілері. Ақын шығармаларындағы өткеннің ұлы жыраулары туралы естеліктері. Ақынның ориентализмі. Ш. Қанайұлының «Зар заман» толғауы. Шығармаларындағы отаршылдыққа қарсы пафос. Толғауларындағы дәуір бейнесі. Адамгершілік, моральды-этикалық өсиеттер.

Ә. Кердерінің өмірі мен шығармашылығы. Ә. Кердері толғауларының тілі. Мұсылмандық шығыс пенидеялық байланыстары. Ақын туындыларындағы өткен дәуірлер образы. Ақын шығармаларындағы көшпенділердің «Алтын дәуірін» аңсау сарыны.

Н. Наушабаевтың «Назымдары». Ақынның өмірі мен шығармашылығы. Ақынның моральдық стоицизмі. Н. Наушабаевтың адамгершілік, моральды-этикалық инвективтері.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуы. Қазақ әдебиетін дамыту жолдары, орыс және шығыс әдебиетімен байланыстары.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Зар заман ағымының қалыптасу тарихы.
2. Зар заман ағымын зерттеушілер.
3. Зар заман ағымының негізгі арналары.

1. Зар заман ағымының мазмұндық сипаты, өзіндік ерекшелігі.
2. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы, отаршылдық кезеңдегі қазақ мәдениетінің жай-күйі.
3. Д. Бабатайұлы поэзиясындағы медитация мен рефлексия мәселелері.

1. «Зар заман» ақындарының эсхотологиясының негізгі факторлары.
2. Мұрат Мөңкеұлы – зар заман ағымының өкілі.
3. Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауының көркемдік ерекшелігі.

1. Зар заман дәуірі, оның М. Әуезов айқындаған кезеңдері.
2. Зар заман ақындары шығармаларындағы замана күйі.
3. Зар заман әдебиетінің зерттелу жайы.

Әдебиеттер:

1. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы, 2000.
2. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – Алматы, 1997.
3. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
5. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
6. Сәтбаева Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2007.
7. Төреқұлов Н. Жанқожа батыр. Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979.
8. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.
9. Үмбетаев М.Б. С. Аронұлы ақындығы. – Алматы, 2011.
10. Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. – Алма-Ата, 1946.
11. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1963.
12. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы: Жазушы, 1976.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

Ақын өмірі туралы мәлімет. Шығармаларының жариялануы, зерттелуі. Патшалық отарлау саясатты, жергілікті басқару жүйесін сынаған өлеңдеріндегі сыни пікірлері. Ел мен жерге, атамекенге арналған шығармаларындағы реалистік суреттер: «Ақжайлау мен Сандықтас», «О, Сарыарқа», «Тауды екіге жарасын», «Әуелі қазақ деген жұрт», «Ата қоныс Арқадан», т.б.

Арнау, толғау өлеңдеріндегі психологиялық портреттер мен әлеуметтік типтер, ұлттық образдар: «Сусағанда суалып...», «Атаны бала алады», «Ешенге», «Кеңесбайға», «Бараққа», т.б.

Дулат өлеңдеріндегі адамгершілік, еңбек, тәрбие туралы ойлар: «Ұста соққан темірдей», «Тегімді менің сұрасаң», т.б.

Сатира және кейіптеу (аллегориялық) арқылы қозғалған мәселелер: «Айтпасымды айтқыздың», «Сары шымшық», т.б.

«Еспембет» дастанының әдеби-фольклорлық сипаттары. Дастанның композициялық құрылысы. Еспембет бейнесінің сомдалу ерекшелігі. Дастандағы жанама кейіпкерлер: Ер Қосай, Қабанбай, Ақтанберді. Дастан тілінің бейнелілігі.

«Шаштараз» дастаны. Халық аңызының дастан оқиғасындағы интерпретациясы.

Дулат Бабатайұлы шығармашылығының жанрлық, көркемдік ерекшеліктері. Өлеңдерінің өлшем-өріміндегі жаңашылдығы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Дулат – Абайға дейінгі қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, Абай мен Дулат байланысы.
2. Дулаттың әлеуметтік лирикасы, ақындық, өлең өнері жайлы толғаулары.
3. Дулат өлеңдерінің көркемдік сипаты.

1. Дулат ақын өлеңдеріндегі авторлық ниет пен пафос.
2. Ақынның арнау өлеңдерінің образдылығы.
3. Ақын туындыларының құрылымдық ерекшелігі.

Әдебиеттер:

1. Раев Қ. Дулат Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы. – Астана, 2007.
2. Жұматаева Ш. Дулат Бабатайұлының тәлім-тәрбиелік идеялары. – Алматы, 1996.
3. Бабатайұлы Д. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2007. – 4-том. – 391-399 б.
4. Бабатайұлы Д. (1802-1871) Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996.
5. Дүйсенғазин С. Дулат Бабатайұлы және Сыбанның он жеті ақыны // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – № 3. – 23-27 б.
6. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы, 2000.
7. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986.

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

Өмірі мен шығармашылығының кезеңдері туралы мәлімет. Шортанбай Қанайұлы мұрасының жариялануы, зерттелуі. Шортанбай шығармаларын бағалаудағы кезеңдік пікірлердің өзгерісі. Ақынның шығармашылық тұлғасының қалыптасуындағы дәстүрлер: Түркістанды, Арқаны мекендеген өмір кезеңдері.

Шортанбай Қанайұлының шығармашылығындағы ежелгі түркілік-мұсылмандық, сопылық поэзияның тағылымы. Ақын-

ның шығармашылығындағы негізгі сарын – имандылықты уағыздау. «Атамыз Адам Пайғамбар», «Қалықтаған сұңқар ем», «Адамның жалған дүниесі», т.б.

Шортанбай – патшалық отарлау саясатын сыни реалистікпен бағалаған шыншыл, ойлы суреткер ақын. Заманының тауқыметі мен халқының зарын жырлаған толғауларындағы адам мен табиғат, өлім мен өмір туралы мұңлы-шерлі толғаныстары.

Адамгершілік тәрбие қағидаларын уағыздаған толғаулары: «Сөз айтайын Асанға», «Бір насихат айтайын», т.б.

Шортанбай Қанайұлы айтыстарындағы сыншыл өткірлік, бейнелі тіл нақыштары: «Шортанбай мен Орынбай айтысы», «Шортанбай мен Шөженің айтысы», т.б.

Шортанбай Қанайұлы шығармаларының көркемдік ерекшеліктері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Шортанбай толғауларындағы ел мінезі, замана күйі.
2. Шортанбай шығармаларының идеялық негіздері мен өрістері.
3. Шортанбай өлеңдерінің құрылымдық жүйесі.

1. Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасындағы тарих пен тұлға.
2. Ақын шығармаларындағы дін, имандылық мәселесі.
3. «Зар заман» бағытының идеялық-көркемдік ерекшелігі.

Әдебиеттер:

1. Шортанбай Қанайұлы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 4-том. – 419-423 б.
2. Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) // Дау шешеді данасөз. – Алматы, 1996. – 92-99 б.
3. Дәуітов С. Шортанбай Қанайұлы // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 19 август.
4. Дүйсенбаев Ы. Шортанбай Қанайұлы // Классикалық зерттеулер: көп томдық. – 28-т. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2014. – 169-180 б.
5. Жармұхамедұлы М. Шортанбай Қанайұлы // Қанайұлы Шортанбай Шығармалары: толғаулар, айтыстар, дастандар. – Алматы, 2013. – 281-302 б.

6. Қанайұлы Шортанбай шығармалары: толғаулар, айтыстар, дастандар. – Алматы: Ана тілі, 2013.

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ

Өмірі туралы мәлімет. Мұрат Мөңкеұлы мұрасының жариялануы, зерттелу тарихы. Зар замандық сарындағы шығармаларындағы лирикалық кейіпкер – ақын тұлғасына тән биіктік, романтикалық әуенді гуманизм сипаты.

Мұрат Мөңкеұлы толғауларындағы адамгершілік тәрбиесіне байланысты философиялық ойшылдық, «Мұраттың жалпыға айтқаны», «Топқа түскендегі толғауы», т.б.

Арнау «Қыз», «Боранбайға айтқаны», хат-өлең («Оқудан қайтқан жігітке хат») жанрларындағы шығармалары. Мұраттың жыршы-ақындығы, Сыпыра, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Махамбет, т.б. ақындар жырларының Мұраттың айтуында сақталғандығы.

Мұрын жырауға Мұрат үйреткен он төрт батырлық жыр: «Қарадөң батыр», оның ұрпақтары: «Жұбаныш батыр», «Сүйініш батыр», «Төгіс батыр», «Тама батыр», «Тана батыр», «Нәрік батыр», «Шора батыр», «Құлыншақ батыр», «Ақжонас батыр», «Кеңес батыр», т.б.

«Қарасай-Қази» дастаны. Дастанның композициясындағы қоштасу, жоқтау жырларының (Орақтың досы мен Ақмырзаның шешесі Қараүлектің, әйелінің жоқтаулары) лирикалық әсерлілігі.

Айтыстары. Жылқышымен (1860), Бала Оразбен (1863), Жаскелеңмен (1868), Жантөлімен, Тыныштықпен болған айтыстарының ерекшеліктері, тілдік, көркемдік нақыштары.

Мұрат ақын шығармашылығындағы романтикалық, азаматтық сарындарының қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызы.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Өттің бір қапы дүниесі» толғауларының проблематикасы.

2. «Қазтуған» толғауының тарихи мәні, көркемдік сипаты.

3. «Қарасай-Қази» дастанының негізгі идеясы, образдар жүйесі.

Әдебиеттер

1. Мұрат Мөңкеұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006 – 5-т. – 297-319 б.
2. Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 152-156 б.
3. Омарұлы Б. Мұрат Мөңкеұлы. – Алматы: Крамдс-Пресс, 1993. – 104 б.
4. Дүйсенбаев Ы. Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) // Классикалық зерттеулер: көп томдық. – 28-т. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2014. – 181-199 б.
5. Көшекұлы Е. Таудағы тарлан бөрі едім...: Мұрат Мөңкеұлының өмірі мен шығармашылығы туралы // Егемен Қазақстан. – 1993. – 10 сәуір.
6. Мәдібай Қ. XIX ғасырдың қазақ әдебиеті. – Алматы, 2005.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Ш. Уәлихановтың дүниетанымы, саяси-әлеуметтік көзқарастары. Ш. Уәлиханов фольклортанушылық және әдебиеттанушылық мұрасы. Шоқан фольклортанудағы тарихи мектептің өкілі, аталмыш сала бойынша жазған зерттеу еңбектері (Абылай мен оның батырлары туралы жырлар және т.б.). Ш. Уәлихановтың импровизациялық өнер, Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Шал ақын, Түбек, Шөже, қазақтың халық ауыз поэзиясы туралы ой-пікірлері. Ғалымның қазақтың поэзиясы, діні, ертегілері, эпостары, жырлары мен ай-тыстары, шежірелер турасындағы зерттеу еңбектері. Шоқанның қырғыздың «Манас» эпосы туралы ой-пікірлері. Ш. Уәлихановтың «Қазақ поэзиясының формалары туралы» мақаласының мәні.

Шоқан және шығыс әдебиеті. Ш. Уәлиханов пен Ф.М. Достоевский. Ш. Уәлихановтың қазіргі қазақ және орыс әдебиеттеріндегі бейнесі.

Ш. Уәлиханов және орыс әдебиеті. Ғалым еңбектеріндегі антикалық, еуропалық әдебиеттерге сілтемелер.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Ш. Уәлиханов – тарихшы, этнограф.
2. Ш. Уәлиханов – фольклор мен әдебиеттерді зерттеуші.
3. Ш. Уәлиханов – аудармашы.

1. Шоқан шығармашылық еңбектеріндегі ауызша-поэтикалық үлгілерді жүйелеу мен жіктеудің қағидасы.
2. Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» еңбегінің құрылымы және оның көркемдік маңызы.
3. Ш. Уәлиханов және орыс әдебиеті.

Әдебиеттер:

1. Шоқан Уәлиханов // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006. – 5-т. – 243-259 б.
2. Шоқан Уәлиханов (1835-1865) Адам – таңғажайып құбылыс. Нақыл сөздер // Ақыл-ой антологиясы. – Алматы: Өлке, 2004. – 157-166 б.
3. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и северной Киргизии: Последняя четверть XVIII – 60-ые годы XIX в. – М.: Наука, 1980.
4. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч.: В 5-ти томах. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1961. – Т. I.
5. Валиханов Ч. Избранные произведения. – М.: Наука, 1986.
6. Вяткин М.П. Батыр Сырым. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1947.
7. Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература. – Алма-Ата: Жазушы, 1987.
8. Мұқанов С. Шоқан Уәлиханов: Пьеса; Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1974. – Т. 5. – 55-130 б.
9. Алпысбаева Қ. Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы: монография. – Алматы: Ғылым, 2001. – 124 б.
10. Кенжебаев Б. Шоқан Уәлиханов // Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 175-191 б.
11. Мағауин Е. «Едіге» жыры және Шоқан // Жұлдыз. – 1992. – № 3. – 182-185 б.
12. Марғұлан Ә. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі // Солтүстік Қазақстан. – 2004. – 6 тамыз.
13. Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов-филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.
14. Шоқан Уәлиханов: әдебиеттер көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 217 б.
15. Абуев Қ. Шоқан Уәлиханов және оның замандастары / Қ. Абуев. – Алматы: Лантар Трейд, 2018. – 248 б.

16. Айғаным ханша (1783–1853): Шоқан Уәлихановтың әжесі, қайраткер қазақ әйелі А. Сарғалдаққызының 220 жылдығына орай / А. Айнақұлұлы, Р. Сыздыққызы // Ақ жол. – 2003. – 4 қараша. – 6 б.
17. Ахметов З.А. Шоқан Уәлиханов – әдебиетші ғалым // Қазақ ССР Ғылым Акад. хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 1965. – № 3. – 25-33 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Ы. Алтынсариннің шығармашылығының идеялық бағыты. Алтынсариннің ағартушылық, демократиялық, гуманистік көзқарастарының поэтикалық және прозалық шығармалар арасындағы байланысы.

«Өсиет», «Азған елдің хандары» өлеңдеріндегі әлеуметтік теңсіздік бейнесі. «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясында» қолданылған үздік дидактикалық принциптер. «Кел, балалар, оқылық», «Әй, жігіттер», «Ананың сүюі» өлеңдеріндегі тәрбиелік мотивтер.

Прозалық шығармаларының негізгі тақырыптары мен идеялары. «Қыпшақ Сейткұл», «Бай баласы, кедей баласы», «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімелеріндегі дидактикалық ойлар.

Ы.Алтынсариннің аудармашылық принциптері. Ы. Алтынсарин аудармаларындағы еркін аударма, кейіпкерлердің есімдерінің, шығарма атауларының өзгертілуі, қазақ халқының тұрмысына байланысты элементтердің енгізілуі.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. «Қыпшақ Сейткұл» әңгімесінің композициясы мен сюжеті. Жағымды образды жасаудағы тәсілдер мен авторлық ұстаным.
2. Ы. Алтынсариннің «Лұқпан хәкім», «Атымтай жомарт», «Қанағат» әңгімелерінің тақырыптық-идеялық талдамасы.
3. Ақын лирикасының көркемдік маңызы мен әлеуметтік проблематикасы. «Жаз», «Өзен» өлеңдерін талдау.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Ыбырай Алтынсарин: Өмірі мен творчествосы / XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1986. – 159-188 б.

2. Сүлейменов Б. Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі // Алтынсарин Ы. Өмірі мен шығармалары. – Алматы: «Рауан» баспасы, 2013.
3. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсариннің оқу системасы: «Ы. Алтынсарин және Торғайдың халық ағарту ісінің тарихи очерктері» атты ғылыми монографиядан үзінді // Торғай таңы. – 1984. – 1, 2, 3 август.
4. Бес ғасыр жырлайды. 3 т. 2-т. – Алматы: Жазушы, 1984.
5. Оспанұлы С. Ыбырай Алтынсариннің дүниетанымы / Түркістан. – 2016. – 11 тамыз. 8. Ыбырай Алтынсарин // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850–1900). – Алматы, 2006. – 5 т. – 259-281 б.
6. Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 140-143 б.
7. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 226 б.
8. Ыбырай Алтынсарин: әдебиеттер көрсеткіші / құраст.: Қ.Ш. Шалабаев, Б. Қайыржанова. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 168 б.
9. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
11. Кенжебаев Б. Ыбырай Алтынсарин: Өмірі мен қызметінен // Әдебиет белестері: Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1986. – 156-160 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Шығармашылық өмірбаяны. Абай мұрасының жиналуы, жариялануы, зерттелуі. Абайдың ортасы мен айналасының шығармашылығына әсері мен ықпалы. Абайдың саяси-әлеуметтік, шығармашылық, философиялық көзқарастары. Абай және қазақтың халықтық ақындық өнері. Абай және көне түркілік поэзия үлгілері. Абай поэзиясындағы реализм мен дәстүршілдік.

Абай және классикалық шығыс әдебиеті. Шығыс шайырларына деген ниеті мен ынтасы. Ақын туындыларындағы шығыстық сарындардың интерпретациясы.

Абай және орыс әдебиеті арасындағы байланыстардың маңызы мен шығармашылық ерекшеліктері. Пушкин, Лермонтов, И. Крыловтың мысалдарын аударудағы ұстанымдары.

Абайдың өнер мен әдебиет туралы ойлары. «Өлең сөздің патшасы», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» өлеңдеріне талдау. Абайдың музыкалық мұрасы («Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас»).

Абай сатирасының әлеуметтік, тұлғалық, қоғамдық негіздері мен нысандары. Сыни көзқарастарының идеялық астары. Халық пен ұлттар жайлы ойларының дүниетанымдық негіздері. Қоғам, билік, заңдарға деген көзқарасы. Абайдың қоғамдық-саяси ойларының эволюциясы.

Абайдың табиғат лирикасындағы образдылық. Ақынның философиялық, медитативтік, махаббат лирикасының ерекшеліктері. Абай поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелері. Ақынның сыни реализм идеяларын дамытуы. Жаңа жанрлық түрлер мен өлең өлшемдері.

Абайдың поэмалары. «Ескендір» поэмасының композициясы мен сюжеті. Ескендір мен Аристотель бейнелерінің дамытылуы. «Масғұт» поэмасының идеялық мәні. Абай поэмаларындағы романтизм элементтері. «Масғұт» поэмасының сюжетін дамытудағы кемшіліктер, образдарды бейнелеудегі қарама-қайшы көзқарастардың төркіні.

Абайдың «Қара сөздері». Абай прозасы жанрының анықтамалары. «Ғақлияның» негізгі тақырыптары мен проблемалары. Абайдың философиялық жазбаларындағы, қысқаша мақалаларындағы, мысалдары мен публицистикалық пікірлерінде, өсиет сипатындағы кеңестерінде дүниетанымдық, рухани, моральдық, гуманистік көзқарастарының көрініс табуы. Абайдың эстетикасы және діни көзқарасы. «Иманды», әділ де кемел адам концепциясын жасаудағы әрекеттері. Абай прозасындағы шығыс прозалық стилінің көріністері, кітаби дидактикалық және халықтық сөз қолданыстарының үйлесімі.

Абай – қазақ өлеңі өрімінің дәстүрлі өрнектерін жаңғырта түлеткен жаңашыл ақын. Ақын өлеңдеріндегі жаңа өлшемдер мен өрімдер.

Абай – қазақтың жазба көркем әдеби тілін қалыптастырушы. Ақын шығармашылығындағы бейнелілік сырлары.

Абайдың аудармалық-назиралық шығармалары – әлемдік әдебиетті қазақша сөйлетудің үздік үлгілері. Абай-Лермонтов-Гете арасындағы шығармашылық байланыс. Орыс ақындарының өлеңдері мен поэмаларын тәржімелеудегі Абайдың аудармашылық мектебінің сабақтары.

Абайдың қарасөздеріндегі сыншылдық, ойшылдық, адамгершілік, мораль мәселелерін қамтитын өсиет, толғауларының өлеңдерімен сабақтастығы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Абай лирикасының жанрлық ерекшеліктері.
2. Ақынның табиғат лирикасындағы объект пен субъект мәселелері, динамика және статика.
3. Абай өлеңдері және халық ауыз әдебиеті.

1. Абай поэмаларының негізгі тақырыптары мен мәселелері.
2. Ескендір бейнесін жасаудағы көркемдік құралдар мен әдістер, оның тақырыптас өзге шығыс поэмаларымен қатынасы.
3. «Масғұт» поэмасы құрылымының сыни талқысы.

1. «Қара сөздердің» тақырыптық-идеялық ерекшеліктері.
2. Абайдың ойларындағы реалиялардың, семантикалық талдаулардың, герменевтикалық талқылаудың көріністері.
3. Абай прозасының стилдік ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

1. Абайтану. Зерттеулер. 1-36 т. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1960. – 2-т.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1965. – 2-т.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 3-т.
5. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1957.
6. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы // Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: Мақалалар жинағы. – Алматы, 1973. – 61-94 б.
7. Есімов Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1994.
8. Мұқатаева С. Абай Құнанбайұлының 1902 жылғы өлеңдері // Абай мұражайы қызметкерлерінің ғылыми зерттеу мақалалары. – Семей, 2013. – 62-65 б.
9. Құнанбаев А. // Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы, 1986. – 5-кітап. – 191 б.

10. Құнанбайұлы А. Анықтама / дайындаған Т. Жұртбай // Ақиқат. – 1995. – № 8. – 7-14 б.
11. Дүйсенбаев Ы. Абай Құнанбайұлы // Классикалық зерттеулер. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2014. – 28-том. – 200-250 б.
12. Жұмағұлов С. Абай шәкірттері Е. Ысмайылов зерттеулерінде // Абай. – 2011. – № 4. – 45-48 б.
13. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек. – Алматы, 1999.
14. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы, 1994.
15. Мұқанов С. Жарық жұлдыз. – Алматы, 1995.
16. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995.
17. Абай және қазіргі заман. – Алматы, 1994.

АҚЫЛБАЙ АБАЙҰЛЫ

Өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет. Ақын ретінде қалыптасуындағы әкесі Абайдың ақындық мектебінің әсері. Ақылбайдың ән мен күйге деген ықыласы, сазгерлігі.

«Жаррах» поэмасы, оның шығыс әңгімесі «Жеті үй» дейтін ұзақ ертегіден алынғандығы (жоғалып кеткен).

«Дағыстан» поэмасында адамдық сезім күйлерінің (қызғаныш, кек, махаббат) тартысты оқиғалар үстінде романтикалық әуенмен жырлануы. Қызғаныш пен кекке уланған Жүсіп, махаббатқа өмірлерін бағыштаған Заира мен Жебірейіл бейнелері. Поэманың романтикалық пафосы, тілдік ерекшеліктері.

«Зұлыс» поэмасының идеялық, тақырыптық негізі. Поэмадағы Омпапа бейнесі – отаршылыққа қарсы күрескерлердің өкілі. М. Әуезовтың «Зұлыс» шығармасы туралы айтқан пікірлері мен берген бағасы.

Әдебиеттер:

1. Сәтбаева Ш. Ақылбай Абайұлы // Әдеби байланыс. – Алматы, 1974. – 98-106 б.
2. Мұхаметханов Қ. Ақылбай Абайұлы Құнанбаев // Жұлдыз. – 1984. – № 1. – 158-173 б.
3. Абайтану. Зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. 1-36 т.
4. Ауэзова Л.М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алма-Ата: Наука, 1969.
5. Ахметов З.А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – Алма-Ата: Наука, 1984.

6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 16-том.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1960. 2-т.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1965. – 2-т.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 3-т.
10. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1957.
11. Ақылбай Абайұлы Құнанбаев (1861-1904) // Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 т. – Алматы, 1984. – 3-т. – 84 б.
12. Әубәкірова Н.Ә. Ақылбай Абайұлының «Зұлыс» поэмасы туралы // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2007. – № 1. – 82-85 б.
13. Бейсенбаев М. Абайдың он баласы // Солтүстік Қазақстан. –1994. – 30 мамыр. – 1, 3, 6 маусым
14. Жұмағұлов С. Абай шәкірттері Е. Ысмайылов зерттеулерінде // Абай. – 2011. – № 4. – 45-48 б.
15. Жұмалиев Қ. Ақылбай Абайұлы // XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – 389-405 б. Алматы, 1971.

МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ

Өмірі туралы мәлімет. Көңіл-күй тақырыбындағы лирикалық өлеңдері. «Еңлік-Кебек», «Абылай» атты поэмалары қолжазбаларының зерттелу тарихы.

«Медғат-Қасым» поэмасының романтикалық ауқымы, образдары мен пафосы, құрылымдық ерекшеліктері. Қасым, Сәлім мен Ғазиза бейнелері арқылы кек пен махаббат сезімдерінің жырлануындағы көркемдік шешім мәселелері. Поэмадағы ақын қолданған көркем тіл мен бейнелілік мәселелері.

Қосымша оқуға ұсынылатын өзіндік жұмыс тақырыптары:

Көкбай Жанатайұлының /1864-1927/, Ақыт Үлімжіұлының (1868-1940), Жүсіп Ешаниязұлының (1871-1927) шығармашылық мұрасы.

Әдебиеттер:

1. Мағауия Абайұлы Құнанбаев (1870–1904) // Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1985. – 3-т. – 157 б.
2. Мағауия Абайұлы Құнанбаевтың өлеңдері // Абай. – 1995. – № 1-2. – 163-165 б.
3. Ауэзова Л.М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алма-Ата: Наука, 1969.

4. Ахметов З.А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – Алма-Ата: Наука, 1984.
5. Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-т. – Алматы: Жазушы, 1985.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1960. – 2-т.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап – Алматы: Ғылым, 1965. – 2-т.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 3-т.
9. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1957.
10. Жұмағұлов С. Абай шәкірттері Е. Ысмайылов зерттеулерінде // Абай. – 2011. – № 4. – 45-48 б.
11. Мұхаметханов Қ. Мағауия Абайұлы Құнанбаев // Жұлдыз. – 1985. – № 4. – 175-181 б.
12. Сәтбаева Ш. Мағауия Абайұлы // Әдеби байланыс. – Алматы, 1974. – 106-109 б.
13. Тәбәріков С. Абай және Мағауия // Түркістан. – 2014. – 31 шілде (№ 30). – 9 б.
14. Тәбәрікұлы С. Тауқымет: Абайұлы Мағауияның отбасы тағдыры жәйлі деректі роман-эссе. – Семей: Издат. Центр «FI», 2005. – 160 б.
15. Байтоғаева Г. Абайдың немересі // Егемен Қазақстан. – 1995. – 3 тамыз.
16. Бейсенбаев М. Абайдың он баласы. // Солтүстік Қазақстан. – 1994. – 30 мамыр. – 1, 3, 6 маусым
17. Жұмалиев Қ. Мағауия Абайұлы // XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1971. – 405-411 б.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ

XIX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі, айтыскер ақын Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығы. Өмірі туралы мәлімет. Сүйінбай мұрасының жариялануы мен зерттелуі. Толғауларының тақырыптық-идеялық мазмұны: елдің тарихы, батырлар туралы: «Бөрілі менің байрағым», «Қарасай батыр», «Өтеген батыр» дастандарының тарихи астары. Ақынның адамгершілік тәрбие туралы толғаныстары: «Құсмұрын тастың үстінде», «Жақсы менен жаманның айырмасы», «Нақылдар», т.б. Саяси әлеуметтік мәні бар өлеңдері: «Зар жылатып момынды», «Датқаларға», «Үмбетәліге», «Момын малын зұлымға алып беріп», т.б.

Ақын лирикалық мұрасының үлгілері: «Өмір ағысы», «Әйелдердің нұр сипаты», «Жиырма беспен қоштасу», т.б.

Сүйінбай айтыстары – қазақтың түре және сүре айтыстарының үлгілері: «Сүйінбай мен Қарғаның» айтысы (мысал айтыс), «Сүйінбай мен Қаңтарбай», «Сүйінбай мен Кескен кекіл», «Сүйінбай мен Уазипа», «Сүйінбай мен Бақтыбай», «Сүйінбай мен Қатаған» айтыстарының көркемдігі.

Сүйінбай Аронұлының ақындық мектебі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Сүйінбай ақынның өмірі туралы деректер.
2. Сүйінбай Аронұлы толғауларының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері.
3. Батырлық, ерлік тақырыбындағы шығармалары.

1. Ақын өлеңдеріндегі адамгершілік, тәрбие мәселесі.
2. Өмір сыры, адам болмысы туралы философиялық сипаттағы шығармалары.
3. Сүйінбайдың Қатағанмен айтысындағы әлеуметтік астар мен образдылық.

1. Сүйінбай туындыларындағы философиялық сарын;
2. Ақын өлеңдерінің көркемдік кестелері.
3. Ақын шығармаларының поэтикасы, бейнелілігі.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
2. Үмбетаев М. Пірім менің Сүйінбай. – Алматы, 1992.
3. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
4. Айтыс. Екі томдық. – Алматы, 1988.
5. Айтыс. Үш томдық. – Алматы, 1965.
6. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
7. Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1984. – 1-т.
8. Сүйінбай Аронұлы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 4-т.
9. Сүйінбай Аронұлы (1822-1895) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 104-110 б.

10. Сүйінбай Аронұлы (1827-1896) // Ақыл-ой антологиясы: Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін. – Алматы: Өлке, 2004. – 111-112 б.
11. Сүйінбай Аронұлы (1892-1895): Өмірі мен творчествосы туралы анықтама // Бес ғасыр жырлайды. 3 т. – Алматы, 1984. – 2-т. – 101 б.
12. Сүйінбай мен Қатағанның айтысы: (Жаңа нұсқа) // Жетісу. – 2005. – 3 желтоқсан. – 9 б.; Парасат. – 2013. – № 10. – 6-8 б.
13. Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 18 ноябрь. – 10-11 б.
14. Үмбетаев М. Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 194 б.
15. Әлбеков Т. Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы // Жұлдыз. – 2015. – № 6. – 109-112 б.
16. Айтыс. Сүйінбай мен Қатағанның айтысы; Жинаған Ақан Әбдуалиұлы; Алғы сөзін жазған А. Ергожанв // Арай. – 2006. – № 3. – 22-24 б.
17. Дәдебаев Ж. Жыр аспанының жарық жұлдызы: Сүйінбай Аронұлының туғанына 190 жыл // Жетісу. – 2005. – 17 қыркүйек. – 4 б.
18. Дәуітов С. Тасты тілген қылыштай: Сүйінбай Аронұлының поэзиясы туралы // Лениншіл жас. – 1991. – 31 қаңтар.
19. Дәуітұлы С. Сүйінбайдың ұстазы: [XVIII ғ. өмір сүрген жырау Қаблица Асанұлы туралы] // Азия. – 1994. – мамыр (№ 19). – 4 б.
20. Ергөбеков Қ. Сүйінбай – жырдың пырағы: Ақын Сүйінбай Аронұлының ақындық өнері туралы // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 21 қыркүйек.
21. Сманов Б. Сүйінбай, Майлықожа және молда Қошық датқа // Ақиқат. – 2014. – № 10. – 55-63 б.

БАЗАР ОҢДАСҰЛЫ

Базар Оңдасұлының шығармашылық өмірбаяны. Туындыларының көркемдік сипатын, негізгі тақырыптары мен идеялық мұрат-мақсатын, тілдік ерекшелігін, ақын өлеңдеріндегі философиялық сарындар.

Өмірі туралы мәлімет. Ақындық қалыптасу жолындағы негізгі кезеңдер. Шығармашылығындағы басты жанрлар. Жазба және ауызша дәстүрдегі жыраулық-ақындық өнер ерекшеліктері.

Толғау, термелерінің тақырыптық-идеялық сипаты: көңіл-күйдің алуан сырларын айшықтайтын философиялық толғаныстары: «Құмырын тартқан алқаның», «Дүние кудым», «Әлі де сенде арман жоқ», т.б. азаматтық, әлеуметтік әуендегі толғаулары: «Жамиғы қазақ бір туған», «Түбі туыс байтақ ел».

Лирикалық өлеңдеріндегі сыршылдық пен бейнелілік «Ғашық жарым» өлеңінің эстетикалық мәні. Сатиралық өлеңдеріндегі әжуә, мазақ, келемеж, сарказм. Базар шығармаларындағы көркемдік нақыштар, бейнелілік.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Базар Оңдасұлының өмірі мен ақындық ортасы, зерттелуі.
2. Ақын толғауларының тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктері.
3. Базар жырау шығармаларындағы философиялық ой-толғауныстар. Дастандарының жанрлық, сюжеттік сипаты.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Базар жырау // Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 345 б.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
3. Жұмабаев М. Базар жырау // Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 345 б.
4. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967.
5. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.
6. Базар жырау Оңдасұлы. Шығармалары: өлең-толғаулар, жыр-дастандар. – Астана: Фолиант, 2008. – 384 б.
7. Базар жырау. Шығармалары. – Алматы: Арыс, 2014. – 328 б.
8. Қосанов С. Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (ақындық дәстүр, жанр, поэтика): филология ғылымдарының канд. автореф. / С.Қ. Қосанов; ғыл. жет. Ж. Тілепов. – Алматы: Арыс, 2005. – 24 б.
9. Базар жырау. Шығармалары / құраст., алғы сөзін, түсініктерін жазған Ш. Алдашев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
10. Оңдасұлы Базар жырау. Жамиғы қазақ бір туған: терме, толғау, өлеңдер мен хикая-дастандар / құраст.: Қ. Бабағұлов, Б. Жүсіпов. – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2008. – 380 б.
11. Базар Оңдасұлы (1839-1911) // Тебегенов Т. Әдебиет тарихы: оқу құралы. – Алматы, 2014. – 50-74 б.
12. Алдамжаров Б. Балқы базар (1842-1914 ж.): [Атақты толғау алыбы туралы] // Жұлдыз. – 2003. – № 6. – 168-170 б.
13. Алдашев Ш. Базар жырау (1841-1911): Өмірі мен творчествосы // Базар жырау: Шығармалары. – Алматы, 1986. – 5-20 б.
14. Базар жырау (1842-1911): Өмірі мен творчествосы туралы анықтама // Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 3 т. – Алматы, 1984. – 2-т. – 276 б.

15. Базар жырау Оңдасұлы Өтемісов (1842-1911) // Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 148-151 б.
16. Базар Оңдасұлы (1842-1911) Әр заманның өзіне лайық сөзі болады. Нақыл сөздер // Ақыл-ой антологиясы. – Алматы: Өлке, 2004.
17. Базар Оңдасынұлы Өтемісов // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006 – 5 т.
18. Кәрбозұлы Б. «Мақпал сегіз» дастаны // Сыр бойы. – 2006. – 17 мамыр. – 3 б.
19. Кәрібозұлы Б. Сыр сұлейлерінің көшбасшысы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 13 тамыз. – 5 б.

ШӘНГЕРЕЙ БӨКЕЕВ

Шәңгерей Бөкеевтің өмірі мен шығармашылық тағдыры. Ақын шығармашылығының шығыс әдебиеті және философиясымен байланысы. Ақынның рухани ұстаздары. Суреткердің орыс әдебиетімен байланысы, символизм эстетикасы. Ш. Бөкеевтің аудармашылық қызметі.

Ақын шығармашылығындағы модернистік элементтер, романтизм көрінісі. Ақын шығармаларындағы өлімге деген мистикалық және философиялық көзқарас. Ақынның махаббат лирикасындағы ғашықтар бейнесі, сопылық мотивтер. Ш. Бөкеевтің шығармашылығының маңызы. Ш. Бөкеев пен М. Жұмабаевтың эстетикалық қарым-қатынастары.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Шәңгерей Бөкейұлының өмірі мен шығармашылығының қалыптасу кезеңдері.
2. Шәңгерейдің ақындық талғамы.
3. Шәңгерей – лирик ақын.

1. Ш. Бөкеевтің шығармашылық библиографиясы.
2. Ақынның философиялық және махаббат лирикасы.
3. Ш. Бөкеев шығармаларының тілі, тропикасы поэтикалық құрылымы.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
2. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 т. ХІХ ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006. – 5-т. – 423-440 б.
4. Ақын-жыраулар (қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
5. Шәңгерей. Өмірдің өтуі; Қайран жерім; Көлтөрғай; Қатшекейге; Ұршық; Ғылым; Эдиссон: Өлеңдер / Ғасырлар тоғысындағы қазақ жыры. – Алматы: Раритет, 2007. – 259-273 б.
6. Тәжімұратов М. Шәңгерей: Жасампаздық өмірі. – Алматы: Өлке, 1998. – 336 б.
7. Шәңгерей. Өлеңдер жинағы. – Астана: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1933. – 73 б.

МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ

ХІХ ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Майлықожа Сұлтанқожаұлының әдеби мұрасы. Ақын туындыларының тақырыптық ауқымы, мазмұны. Толғауларындағы заман көріністерінің сыры, көркемдік деңгейі.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы – араб, парсы, ежелгі түрік классикалық әдебиетімен, қазақтың фольклорымен, жыраулық поэзиясымен жете таныс, білімдар ақын. Шығармаларының жанрлық түрлері: толғау-термелер, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, айтыстар. Толғау-термелеріндегі философиялық ғибратты ойлар: адамзатты биіктікке, парасаттылыққа үндеу «Райымқұлға», «Ноғай мырзаға»; жақсылық пен жамандық қасиеттерді даралау: «Ілімге толсын көкірек», «Дүниеге мейман көңілім»; фәни жалғанның өткіншілігі, адамдардың бір-біріне қонақ екендігі «Ажал бір келмес болсайшы», «Не жүйрік өтті дүниеден», т.б.

Арнау өлеңдеріндегі адалдыққа уағыздау, озбырлықты әшкере-релеу: «Тұрлыбекке», «Ескі мырза, манаптар бегі, салы», т.б.

Майлықожа – табиғат құбылыстарының шынайы суреттерін қазақ ауылының тұрмысымен байланыстыра жырлаушы: «Жылдың төрт мезгілі» өлеңінің мәні.

Айтыстары: «Майлықожа мен Айман», «Майлықожа мен Гүлханым». Ақын шығармаларының көркемдігі мен бейнелілігі.

Сабак жоспарының үлгілері:

1. Майлықожаның өмірі жайлы мәлімет, шығармаларының зерттелуі.
2. Толғауларының тақырыптық-идеялық сипаты.
3. Майлықожа ақын – табиғат тақырыбын жырлаушы.

1. Майлықожа туындыларындағы философиялық ойлардың бейнеленуі.
2. Майлықожаның мысал өлеңдерінің әлеуметтік астары және психологиялық маңызы.
3. Майлықожа шығармаларындағы тәлім-тәрбие мәселесі.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997.
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
3. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
4. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы, 1989. – 1-т.
5. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.
6. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
7. Оспанұлы Ә. Ақын шығармашылығындағы ақтандақтар // Оңтүстік Қазақстан. – 1991. – 20 ақпан.
8. Сманов Б. Ақындардың дүрі – Майлықожа // Ана тілі. 2013. – 23 қаңтар.
9. Шора батыр: Майлықожа Сұлтанқожаұлынан жазып алған Ә. Диваев нұсқасы // Майлықожа: Шығармалар. – Алматы, 2005.
10. Майлықожа: Шығармалар. – Алматы, 2005. – 864 б.
11. Майлықожа. Нақыл. – Алматы: Жазушы, 1972.
12. Майлықожа. Әмірәмзе: Дастандар, өлеңдер, нақылдар. – Шымкент, 1996. – 144 б.
13. Майлықожа. Дүние-ай: Өлеңдер, сықақтар. – Шымкент: Шымған, 1993. – 105 б.
14. Жандарбек З. Зар заманның бір ақыны Майлықожа // Түркістан. – 2009. – 26 қараша.
15. Майлықожа Сұлтанқожаұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006. – 5-т. – 423-440 б.
16. Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1848): Өмірі мен творчествосы // Бес ғасыр жырлайды. 3 т. – Алматы, 1984. – 2-т.

ШӨЖЕ ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ

Шөже ақынның өмірі мен тағдыры. Оның ақындық ортасы мен ұстаздары. Шөженің ақындық тұлғасы. «Арқадан шығып едім Ноғайға еріп», «Дәулетімбетке», «Домбыра шыққан тыңқылдан», «Ноғайбайға», «Бәйтікке», «Қосқұлаққа», «Ерденге», т.б. өлеңдеріндегі әлеуметтік, қоғамдық, тұлғалық тауқыметтер табиғаты. Балта, Тезекбай, Кемпірбай, Қалдыбай, Жамшыбай, Орынбай ақындармен айтыстары. Бұл айтыстарының әлеуметтік мәні, көркемдік деңгейі. Шөженің айтыстарындағы драматизм мен трагизм көріністері.

Шөженің жыраулығы мен жыршылығы, «Қозы Көрпешті» жырлауы туралы Ш. Уәлихановтың айтқандары.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
3. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
4. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы, 1989. – 1-т.
5. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы: 1992.
6. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
7. Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895) Дәуекі, осынша не қылды пейілің қашып: Өлең // XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 98-114 б.

САРА ТАСТАНБЕКҚЫЗЫ

Өмірі мен шығармашылығы. Әдеби мұрасының тақырыптық ерекшелігі мен көркемдік сипаты. «Біржан-Сара» айтысының қазақ өнері мен әдебиетіндегі орны. Сара – қазақ әйелдерінің арманын, мұң-шерін поэзия тілімен өрнектеген ақын.

Әлеуметтік теңсіздік, заман зары тақырыбындағы лирикалық өлеңдері: «Жүрек», «Ашындым», «Ортақ мұң», т.б.

Табиғат тақырыбындағы «Шымылдық» өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер толғанысының мәні.

Арнау өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер тағдыры хақында зар, мұң және оның әлеуметтік мәні. «Арсалаң алдында», «Аққу», «Қарлығаш».

Ақынның Біржан салмен айтысы, ондағы Сара өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық тағлымы. «Төребай мен Сара» – қыз бен жігіт айтысы мазмұнындағы ақындық өнер сайысы.

Ақын шығармашылығындағы көркемдік, бейнелілік кестелері.

Сабак жоспарының үлгілері:

1. Сара ақынның өмірі жайлы деректер және шығармашылық тағдыры.

2. Сара Тастанбекқызы туындыларындағы өз өмірінің суреттері.

3. «Жүрек» дастанының негізгі идеясы, көркемдік ерекшелігі.

1. «Біржан-Сара айтысының» зерттелуі. Көтерілген мәселелер. Көркемдік кестелері.

2. Сара Тастанбекқызы – өнер жұлдызы.

3. Сара Тастанбекқызының әдеби мұрасының зерттелу деңгейі.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.

2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.

3. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.

4. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы, 1989. – 1-т.

5. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.

6. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ

Әсет Найманбайұлының шығармашылық өмірбаянының кезеңдері. Шығармаларының мазмұндық, идеялық көркемдік ерекшелігі. Суреткерлік шеберлігі. Ақындық шығармашылығының бастаулары мен негіздері. Толғау-термелерінің, өлеңдерінің, әншілік, орындаушылықпен, сазгерлікпен тығыз байланыстылығы.

Шығармашылығындағы өнер, сұлулық, асыл мінез-құлық, еңбексүйгіштік, халық бақыты үшін еңбек ету мәселелерінің көтерілуі.

Айтыстарындағы қоштасу-жұбату («Кемпірбай мен Әсет»), қағысу-қалжыңдасу («Әсет пен Кәрібай») сарындары. Әсет тілінің өрнектері.

Дастандары: «Салиха-Сәмен», «Ағаш ат», «Үш жетім», т.б. Аудармалық-назиралық шығармалары («Евгений Онегин»), т.б. Ақын шығармашылығындағы көркемдік, бейнелік кестелері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Әсет Найманбайұлының тағдыры мен шығармашылығының зерттелуі.
2. Әсет Найманбайұлының әдеби мұрасы.
3. Ақын өлеңдеріндегі адамгершілік мәселесі.

1. Өнер-білім, ғылым туралы туындыларының идеялық сипаты.
2. Ақынның философиялық сарындағы шығармаларының ерекшеліктері.
3. Ә. Найманбайұлы дастандары мен назиралық туындылары. Көркемдік ерекшеліктері, сюжеттік-композициялық сипаты, көркем шешім мәселесі.

1. Әсет Найманбайұлы айтыстарының көркемдігі.
2. «Әсет – Ырысжан» айтысының көркемдік ерекшелігі.
3. Ақынның суреткерлік шеберлігі. Шығармаларындағы көркемдік кестелер.

Әдебиеттер:

1. Найманбаев Ә. Шығармалары. – Алматы, 1988.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
3. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.

4. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
5. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы, 1989. – 1-т.
6. Жармұхамедұлы М. Айттыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы, 2001.
7. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
8. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975.
9. Әбділдә О. Сал-серілік сабағы. – Алматы, 2003.
10. Айттыс. Екі томдық. – Алматы, 1988.
11. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.
12. Алашқа атым шыққан Әсет ақын. – Алматы, 2008.

САЛ-СЕРІЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сал-серінің институтындағы ақындық, әншілік, жыршылық, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, мергендік, аңшылық, сәндік, т.б. қасиеттердің ұштасуының себептері. Олардың қоғамдық, әлеуметтік, көркемдік, эстетикалық қызметі. Сал мен серінің үш жүздің бірдей еркесі, бұлбұлы болып түгел аралап жүріп, олар әр өңір өнерін бір-бірімен жалғастырып, толықтырып, тұлғалы ұлттық мәдениет жасауға үлкен ықпал етті. Мысалы, Сегіз сері Арқа мен Жайық, Сыр бойын, ал Біржан мен Балуан Шолақ Арқа мен Жетісу өңірін солай байланыстырған кесек тұлғалар.

Қазақ әдебиетіндегі әншілік поэзияның орны мен бағалануы, осы бағыттағы өнер мектептері мен кәсіби топтардың шоғырланған аймақтары, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары. Ортақ дәстүрі мен әдеби мұраларының танылуы. Сал-серіліктің тұлғалық, шығармашылық қырлары мен сырлары. Сал-серілік туралы ғылыми тұжырымдарды жүйелеу мен талдау. Ақан сері, Біржан сал шығармашылықтарының ұлттық әдебиет пен өнердегі орны.

Салдар мен серілердің бойындағы синкреттілік, пәрменділік, халықтық, тарихылық қасиеттердің негіздері. Олардың көрнек өнерінің ерекше қалыптасқан ұлттық мазмұн мен пішіндегі шығармашылығы.

СЕГІЗ СЕРІ БАҒРАМУҰЛЫ ШАҚШАҚОВ

Өмірі туралы мәлімет. Лирикалық ән өлеңдеріндегі азаматтық, романтикалық әуендер («Қашқын келбеті», «Үміт», «Үш жүзге атым шыққан Сегіз сері»).

Махаббат тақырыбындағы ән өлеңдері: («Қарлығаш», «Гауһар тас», «Әйкен-ай», «Еңлік», «Айым-жаным»).

Арнау өлеңдеріндегі ел қорғаған батырларды (Исатай батырға арналған «Өкініш», «Ақ бұлақ») мадақтауы және опасыз, екі жүзді басымақтарды («Шомбыл биге») сынауы. Сегіз серінің жыраулығы мен жыршылығы, дастандарындағы тарихилық.

Сегіз серінің нақыл сөздеріндегі достық, адамгершілік, елдік, ерлік туралы толғаныстар. Ақын шығармашылығының ұлттық көркемсөз өнері мен сан саналы мәдениетінің тарихындағы маңызы.

БІРЖАН САЛ ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ

Өмірі туралы мәлімет. Көңіл күй лирикасы («Жамбас сипар», «Біржан сал», «Орынбор», «Талай заман», «Ал дүние, өтеріңді біліп едім»), философиялық толғаулары («Ер жігіт дүниені көрген артық»), махаббат лирикасы («Айтбай», «Ләйлім-Шырақ», «Алтын балық», «Ақтентек» «Ғашығым», «Ғашық жар», «Мақпал», «Айжан қызға», т.б.), әлеуметтік тақырыптағы лирикалық ән-өлеңдері.

Өлеңдеріндегі саяси, әлеуметтік сарындар: «Жанбота», «Адасқақ», т.б. «Біржан сал мен Сара қыздың айтысы» туралы пікірлер ауаны. Айтыстың 1898, 1899, 1902, 1907 жылдары жарияланған төрт нұсқасының зерттелу тарихы. Біржан сал мен Сара айтысының эстетикалық-көркемдік тағылымы.

Біржан сал өлеңдеріндегі әуезділік, романтизм, драматизм, психологизм, трагизм көріністері. Әдеби мұрасындағы ұлттық нақыштар мен бояулар, жаңа үлгідегі айшықтау мен ажарлау.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Біржан сал шығармашылығындағы адамгершілік мәселесі.
2. Махаббат лирикасының көркемдік ерекшелігі.
3. Ақын туындыларында әлеуметтік сарындар.

1. Біржан салдың қазақ ән өнеріндегі орны
2. Біржан сал шығармаларындағы әлеуметтік теңсіздік мәселесі («Жанбота», «Адасқақ», т.б.)
3. Біржан мен Сараның айтысы туралы қайшылықты пікірлер (М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Жармұхамедов, т.б.)

1. Біржан салдың өнер мектебінің қағидаттары
2. Біржан сал әндерінің тарихы туралы А. Жұбанов, З. Қоспақов, Х. Сүйіншәлиевтің зерттеулері.
3. Көркем туындылардағы Біржан бейнесі (І. Есенберлиннің «Біржан сал трагедиясы», А. Сүлейменовтің «Адасқақ» атты шығармалары негізінде).

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
3. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
4. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
5. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы, 1989. – 1-т.
6. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы, 2001.
7. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
8. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975.
9. Әбділдә О. Сал-серілік сабағы. – Алматы, 2003.
10. Біржан сал Қожағұлұлы. Өлеңдер. – Алматы, 1967. – 228 б.
11. Біржан сал Қожағұлұлы. Ләйлім шырақ. – Алматы, 1983. – 167 б.
12. Біржан салдан қалған асыл тұяқ еді // Егемен Қазақстан. – 2010. – 31 шілде (№ 311).
13. Біржан сал // Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 т. – Алматы, 2006. – 5 т.

АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ

Өмірі туралы мәлімет. Ақан сері – қоршаған ортадағы әсемдік әлемін, сұлулық тағылымын жырлаушы суреткер ақын. Тән сұлулығы мен рухани жан дүниесіндегі тазалықты, пәктікті нәзік сезіммен аялай жырлаушы.

Лирикалық өлеңдеріндегі («Адамның біліміне ақыл серік», «Айтамын замандасқа біраз кеңес», «Әйелдер сипаты», «Жігіт сипаты») көңіл күйлері мен философиялық тереңдікке негізделген мазмұндық ерекшеліктер.

Махаббат тақырыбындағы лирикалық өлеңдері: «Сырымбет», «Үш тоты», «Қара торғай», «Кербез сұлу», «Сүйген қалқа», т.б.

Азаматтық әуенді, сыншыл сарындағы өлеңдеріндегі заман қайшылықтары, отарлық озбырлықты сынауы («Заманға қарап», «Құлагер» т.б.).

Аңшылық-саятшылық тақырыбындағы өлеңдері: «Мылтық пен мергеншілік».

Ақын өлеңдеріндегі тіл өрнектілігі, көркемдік ерекшелігі, бейнелілігі.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Қазақ сал-серілік өнерінің қалыптасу, даму тарихы.
2. Ақан сері Қорамсаұлының өмір деректері.
3. Ақан сері шығармашылығы.
 1. Ақанның ғашықтық лирикасы.
 2. Әлеуметтік сарындағы шығармалары.
 3. Ақан сері әндерінің ырғағы мен ұйқасы.

Әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997.
3. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
4. Ақын-жыраулар (Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер). – Алматы, 1979.
5. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы, 1989. – 1-т.
6. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990.
7. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975.

8. Жұмабаев М. Ақан сері // Шығармалары. – Алматы, 1989.
9. Әбділдә О. Сал-серілік сабағы. – Алматы, 2003.
10. Ақан Қорамсаұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 т. – Алматы, 2006. – 5-т. – 333-335 б.
11. Ақан сері: өлеңдері, нақыл сөздері, әзіл-сықақ қағидалары, айтыстары. – Астана: Фолиант, 2008. – 208 б.
12. «Ақан – жыр дастан»: әдістемелік-библиографиялық құрал. – Алматы, 1993.
13. Ақан сері. Маңмаңгер: әндер. – Алматы: Өнер, 1988. – 120 б.
14. Алпысұлы С. Құлагер трагедиясы: қауесет пен қиянат // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 3 желтоқсан.
15. Сүлеймен М. Сағынайдың асы // Ақиқат. – 2011. – №10. – 83-89 б.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы. Қоғамдағы дағдарыс пен тығырық, әлеуметтік құлдыраулар мен қоғамдық төңкерістер кезіндегі әдебиет пен өнер. Алаш саяси қозғалысы, қалыптасуы, саяси платформасы, қозғаушы күштері. XX ғасырдағы қазақ халқының тарихындағы Алашорданың орны. Алаш қайраткерлерінің ұлттық әдебиет пен өнерді дамытуға қосқан үлесі.

Ғасырлар тоғысындағы ұлттық әдебиеттің жанрлық құрамы, идеялық ұстанымдар, тақырыптар ауқымы, әдеби ағымдар мен бағыттар құрамы.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыттағы шығармашылық күштер. Аталмыш дәуір әдебиеті оқу мен білімді дәріптеді, адамгершілік құндылықтарды алға шығарды, ұлттық сана мен танымды дамытуды қалады. Елде болып жатқан күрделі өзгерістерге араласты. Қолайсыз шешімдерді сынады, жағдайға сәйкес әрекет етуге шақырды. Саяси мәселелер мен науқандарға ұлттық тұрғыдан баға беруге тырысты. Шығармашылық ұстанымдарындағы қарама-қайшылықтардың негіздері мен нәтижелері.

XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы шығыстық поэтикалық дәстүрдің басымдыққа ие болуының, яғни шығыс

қиссалары (апокриф) мен дастандардың көп аударылуы және мол данамен басылуының себептері. Ғ. Қарашев, М.Ж. Көпеев, Ш. Жәңгіров, Т. Ізтілеуұлы және т.б. ақындардың шығармаларының қоғамдағы қызметі.

Ағартушылық-демократиялық бағыттағы әдебиеттің құрамы. Жазушылардың, ақындардың, әлеуметтік бағыттағы журналшылардың шығармаларындағы сыни реализмнің дамуы. Қазақ сөз өнерінде поэзия мен прозаның жаңа жанрлық типологиясының қалыптасуы. Батыс әдебиетінің романдық ойлау дәстүрінің қазақ әдебиетіне ықпалы мен әсері. М. Дулатов, С. Торайғыров, С. Көбеев, Т. Жомартбаевтың романдарындағы қазақы мазмұн мен пішін.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа ісінің замана талаптарына бейімделуі. Ө. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсыновтардың баспагерлік, ағартушылық қызметі, публицистикалық шығармалары. Баспасөз бетінде жерді пайдалану, білім, ғылым мен мәдениет, дін және демография проблемаларының көтерілуі. Халықтың саяси және ұлттық санасын дамытудағы оқығандар рөлі.

М. Жұмабаев пен Б. Күлеев поэзиясындағы модернистік сарындар табиғаты, романтикалық үрдістер, символикалық образдар.

Әдеби сынның қалыптасуы мен дамуы, әдеби шығарманы бағалаудың негізгі критерийлері. А. Байтұрсынұлы мен Ж. Аймауытовтың сыни мақалалары.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

Шығармашылық жолының бастаулары мен негізгі кезеңдері. С. Торайғыровтың саяси, қоғамдық, әдеби көзқарастарының қалыптасуы мен дамуы.

Ақынның әлеуметтік лирикасы. Ақын шығармашылығындағы табиғат, махаббат және философиялық лириканың орны.

«Оқудағы мақсат не?», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдеріндегі лирикалық қаһармандардың идеялық ойлары. «Альбомнан», «Гүлайым» туындыларындағы махаббат тақырыбының жаңаша жырлануы. «Гүл», «Жапырақтар», «Кеш» өлеңдеріндегі Абайдың ақындық дәстүрінің көрінісі.

С. Торайғыровтың поэмаларындағы күрделі эпикалық мазмұн мен мағына. «Адасқан өмір» поэмасының көркемдік-идеялық ерекшеліктері. Поэмадағы өмір мен өлім, қоғамның әлеуметтік құрылымы, теңсіздік, дін, еңбек, байлық пен кедейлік, соғыс пен бейбітшілік, тұрмыс пен сана, ғылым мен өнер мәселелерінің көркемдік шешімі. Поэманың бес бөлігінің лирикалық «Мен» ұғымымен қатынасы. Трагедиялық ахуалдың көркемдік шешімі, поэма соңындағы қаһарман өлімінің уәждемесі, поэманың финалдық көріністерінде оптимистік көңіл-күйдің басымдылығы, жоғары идеалдар үшін жанқиярлыққа дайын болудың мотивтері, кейбір эпизодтардағы пессимизм мен қайғы белгілерінің көрініс табуының себептері.

Поэмада қазақы шынайы тұрмыстың көркемдік тұрғыдан бейнеленуі. Оқиғаларды ретроспективті түрде көрсетудің авторлық ұстаныммен байланысы. Бірінші жақтан баяндаудың шығармашылық тұрғыдан оңтайлылығы. Оқиғаларды қоюлату, кейіпкер өміріндегі барынша шиеленісті драмалық жағдайларды таңдау, психологиялық талдауды тереңдету амалдары, қаһарманның ішкі әлемінің диалектикасын көрсетуге ұмтылыстың астары. Поэма соңындағы авторлық көзқарастың белгісіздігі. Поэманың композициялық құрылысы.

«Қамар сұлу» романындағы кейіпкердің әлеуметтік, тұлғалық тауқыметі мен шиеленістері. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әйел тақырыбына екі түрлі көзқарас, қазақ қызы туралы шығармалардағы трагизм мен драматизм табиғаты. Роман кейіпкерлерінің авторлық тұрғыдан жіктелуі. Мінездерді сомдау қағидалары. Басты кейіпкерлердің ұстанымдарын таныту мен ұғындыру мәселелері. Шығарманың сюжеттік желілері, композициялық құрылымының ерекшелігі.

С. КӨБЕЕВ, М. СЕРАЛИН, С. ДӨНЕНТАЕВ

С. Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы. «Қалың мал» романының идеялық, көркемдік ерекшеліктері. Автордың баяндау стиліндегі дәстүр мен жаңашылдық белгілері. «Қалың мал»

романындағы әдіс мәселесі. С. Көбеев романындағы психологиялық типтер, әлеуметтік жағдай мен тұрмыс, ұлттық мінездердің көрінісі. Романдағы авторлық тұрғыдан ұнамды кейіпкерлер галереясы. Романдағы жағымсыз кейіпкерлердің бейнеленуі. «Қалың мал» романы – ХХ ғасырдың басындағы ұлттық прозада орны бар көркем туынды.

М. Сералин мен С. Дөнентаевтың шығармашылығы. Негізгі шығармалары. М. Сералинның аудармалары. М. Сералин мен С. Дөнентаевтың публицистикасы. Жазушылардың қоғамдық, баспагерлік, ағартушылық қызметі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі негізгі шығармашылық бағыттар мен ағымдар. Олардың идеологиялық және эстетикалық ұстанымдары.

2. Демократтық бағыттағы жазушылардың басты тақырыбы мен проблематикасы.

3. Ғасыр басындағы романтикалық поэзияның өзіндік ерекшеліктері.

1. С. Торайғыровтың лирикасындағы әлеуметтік, тұлғалық мәселелер.

2. «Адасқан өмір» поэмасында лирикалық баяндаудың қызметі.

3. «Қамар сұлу» романындағы Қамардың бейнесі.

1. «Қалың мал» романының идеясы және тақырыбы. Шығарма соңындағы авторлық және объективті идеялардың қатынасы.

2. С. Дөнентаев шығармаларындағы сатиралық жанрлар.

3. С. Дөнентаевтың мысалдарына талдау.

Әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, 2002.

2. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы, 1992.
3. Торайғыров С. Шығармалары. – Алматы, 1993.
4. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2012.
5. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1997.
6. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1973.
7. XX ғасыр басындағы әдебиет: хрестоматия. – Алматы, 1994.
8. Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – Алматы, 1993.
9. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1993.
10. Көпеев М.Ж. Шығармалары. 2 т. – Алматы, 1992.
11. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, 1998.
12. Қирабаев С. Спандияр Көбеев. – Алматы, 1958.
13. Көбеев С. Орындалған арман. – Алматы, 1988.
14. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы, 1999.

АЛАШ ҰРАНДЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ахуалы. Шығармашылық күштер, олардың көркемдік бағыттары мен ұстанымдары. Алаш Орда қайраткерлері – М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгеров, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиевтің әдеби, сыни, мәдени мұрасы. Олардың шығармашылығының Алаш саяси қозғалысының тарихымен байланысы. Ә. Бөкейхановтың публицистикалық және саяси қызметі, көркем аудармалары. Алаш қозғалысы көсемдерінің ұлттық өнер мен әдебиет жайлы ұстанымдары. Қозғалыстың тағдыры және оның мүшелерінің кеңестік кезеңдегі өмірі мен тағдыры. 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессиялардың қазақ сөз өнеріне әкелген тауқыметі мен қасіреті.

М. Дулатовтың саяси, қоғамдық көзқарастарының сипаты. Қайраткер ақынның «Оян қазақ» кітабының маңызы. Қаламгердің әлеуметтік лирикасы. М. Дулатов поэзиясының идеясы, тақырыбы және поэтикасы. «Бақытсыз Жамал» (1910) романының көркемдік ерекшеліктері. Романның проблематикасы мен жанрлық ерекшеліктері. М. Дулатовтың ағартушылық еңбегінің қырлары.

А. Байтұрсынұлының шығармашылығы. Әлеуметтік лирикасының нысаны мен мақсаты.

А. Байтұрсынұлының аудармашылық еңбегінің қағидаттары, Крыловтан аударған мысалдарындағы сәйкестік мәселесі.

А. Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі мен жазуының ғылыми негізін қалыптастырудағы еңбектері.

А. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануының кәсіби дамуының ғылыми алғышарттарын айқындау мен нақтылаудағы зерттеулері. А. Байтұрсынұлының сыни көзқарастары. Аудармашылық қағидаттары.

Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылығы. Шәкәрім және Абай арасындағы байланыс түрлері. Абай дәстүрінің Шәкәрім поэмалары мен өлеңдерінде жалғасын табуы. Шәкәрім теизмі. Ақынның рухани ізденістерінің ауқымы. Лев Толстоймен хат алмасуы. Шәкәрім шығармашылығының эстетикалық әрқырлылығы. Әлеуметтік, философиялық, махаббат лирикасындағы ой мен сезімнің астасуы, мінсіз мән мен уәжді мағына мәселесі. Шәкәрім поэзиясындағы шығыс әдебиеті мен философиясының сілемдері. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларындағы ұлттық тарихтың бейнеленуі. «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының идеялық және көркемдік ерекшелігі. Шәкәрім ақындық мұрасындағы сопылық поэтиканың орны. Шәкәрім прозасының көркемдік, эстетикалық ерекшеліктері. Ойшыл қаламгердің теологиялық танымы. Қазақ халқының тарихы мен тағдыры хақындағы жазбаларының құндылығы. «Үш анық» кітабының мәні мен маңызы. Шәкәрімнің аудармаларындағы ізденіс пен жаңашылдық көріністері. Суреткердің рухани универсиализмі. Оның шығармашылығының мақсаты мен мәні, ұлттық әдебиет тарихындағы орны.

Ж. Аймауытовтың шығармашылығы. Ж. Аймауытовтың әдеби-педагогикалық, ағартушылық қызметі. Ж. Аймауытовтың пьесалары, әңгімелері, повестері. «Күнекейдің жазығы» повесіндегі «жазық» концептісінің десигнаттары мен мағыналары. «Қартқожа», «Ақбілек» романдарындағы жаңа образдар және тың авторлық уәждеме. «Ақбілек» романының көркемдік ерекшелік-

тері (психологизм, композициялық еркіндік, образ сомдау әдістеріндегі үйлесімділік, тілдік айқыштар мен бояулар). Ж. Аймауытовтың әдеби сынды дамытудағы еңбектері. Қазақ әдебиетіндегі Ж. Аймауытов дәстүрінің орны мен маңызы.

М. Жұмабаевтың шығармашылығы. М. Жұмабаевтың дүниетанымының аясы мен ауаны. Ақынның романтикалық эстетикасы. М. Жұмабаевтың батыс және шығыс әдебиетімен шығармашылық байланыстары. М. Жұмабаев және түркі әлемі. Ақынның ориентализмі. Ақынның философиялық, әлеуметтік, махаббат лирикасы. М. Жұмабаевтың өлеңдеріндегі танымдық, медитативтік, психологиялық, эмоционалдық, модернистік ахуалы мен әлеуеті. Образ жасаудағы ақынның шеберлігі. М. Жұмабаевтың ұлттық лиро-эпикалық дәстүрлерге деген көзқарасы. «Қорқыт» поэмасының өзіндік ерекшеліктері. М. Жұмабаевтың поэмаларындағы мифопоэтикалық мотивтер мен бейнелер. «Батыр Баян» эпикалық поэмасындағы тарих пен тұлғаны суреттеудегі жетістіктері. Оның новеллистикасының ерекшеліктері. «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі авторлық ұстанымның күрделілігі мен баяндаудың байланысы. Әңгімедегі психоанализ табиғаты. Әдеби-сыни еңбектерінің құндылығы. Суреткердің философиялық семантикалық баяндау үлгісін қалыптастырудағы еңбегі. М. Жұмабаев және орыс әдебиеті. Көркем аудармаларындағы дәлдік пен нақтылық. Қайраткердің ұлттық педагогиканы дамытуға қосқан үлесі.

Х. Досмұхамедовтің шығармашылығы, оның «Аламан» кітабының маңызы. Х. Досмұхамедовтің ғылыми ізденістерінің бағыты мен мақсаты. Х. Досмұхамедовтің фольклорлық нұсқаларды жүйелеу мен жіктеудегі ұстанымдары. Х. Досмұхамедов – «Зар заман» әдеби бағытын зерттеудегі орны.

Сабак жоспарының үлгілері:

1. М. Дулатовтың әлеуметтік лирикасының нысандары.
2. Ақын өлеңдеріндегі астарлылық.
3. «Бақытсыз Жамал» романының көркемдік әлемі.

1. А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығының зерттелуі.
2. А. Байтұрсыновтың поэзиясындағы образдылық.
3. А. Байтұрсыновтың мысалдарды аударудағы тәжірибесі.

1. Ш. Құдайбердиевтің дүниетанымы мен шығармашылығының байланысы.
2. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі тұлға мен тарих.
3. «Әділ мен Мария» романындағы тарихи шындық пен авторлық шешім.

1. Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» шығармасындағы жағдай мен характердің байланысы.
2. «Ақбілек» романының сюжеті мен образдары.
3. «Шернияз» драмасындағы психологизм.

1. М. Жұмабаевтың медитативтік лирикасының поэтикасы.
2. «Батыр Баян» поэмасындағы автор образының қыры мен сыры.
3. «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі мағыналық қабаттар.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1992.
3. Байтұрсынұлы А. Жоқтау. – Алматы, 1992.
4. Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер. – Алматы, 1992.
5. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы, 2000.
6. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы, 1997.
7. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. 2 т. – Алматы, 1992.
8. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрімнің лирикалық шығармалары. – Алматы, 1994.
9. Бес арыс. – Алматы, 1992.
10. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989.
11. Асқаров Е. «Батыр Баян» туралы бірер дерек // Жұлдыз. – 1989. – № 8.

12. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991.
13. Елеукенов Ш. Мағжан. – Алматы, 1995.
14. Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы, 1989.
15. Қирабаев С. Ж. Аймауытов. – Алматы, 1990.
16. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы, 1989.
17. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
18. М. Жұмабаевтың поэтикасы. – Алматы, 2001.
19. Өмірсейітова Н. Мағжантану. – Петропавл, 2006.
20. Мағжан Жұмабаев энциклопедиясы. – Алматы, 2018.
8. Салқынбай А. Шахкәрім шыққан шың. – Алматы, 2011.
9. Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы, 2008.
10. Пірәлі Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. – Алматы, 2014.

6-бөлім

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТЕҢДІК ҰРАНДЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

Қазақ кеңес әдебиетінің лекциялық курсы 1920-1960 жылдардағы әдеби үдерістің күрделі, өзгермелі, құбылмалы, яғни көп өлшемді болғаны жайлы ақпарат бергені лазым. Дәріскердің студенттерді осы дәуірдегі кеңестік қоғамның қалыптасуы мен дамуының саяси, әлеуметтік және экономикалық негіздерімен, болмыс пен жағдайдың тарихи-мәдени ерекшеліктерімен таныстырып, панорамалық мағлұмат бергені жөн. Әдебиет пен өнерге қатысты қабылданған аса маңызды қаулы-қарарлар, ұйымдастырылған іс-шаралар мен науқандардың мазмұнынан хабардар ету де маңызды. Қысқасы, әдеби үдерістің саяси және идеологиялық факторларға тығыз байланысты болғанының алғышарттары мен негіздерін анықтап көрсеткен абзал. Сонымен қатар 1920 жылдардағы қоғамдағы таптар мен топтар арасындағы саяси күрестің мақсаты мен мүддесін, әдеби күштердің жіктелуінің түрлі себептерін де айқындау қажет. Сондай-ақ біржақты идеологиялық бағыт билеп-төстеген режимнің әдебиетке деген көзқарасына да жете назар аударған орынды болмақ. Әсіресе 1929 жылдан бастап социалистік реализмнің директивалық пәрмен беретін әдісін ашатын құжаттарға көңіл бөлінсін. Сонымен қатар Алаш ұранды қаламгерлерге қарсы ұйымдастырылған науқандар, қуғын-сүргін туралы толығырақ тоқтала алады. Бұл тақырып өте маңызды, себебі ол қазақ әдебиетінің келесі ке-

зеңдеріне, қаламгерлер тағдырына әсер етті. 1960 жылдарға дейін өнер мен әдебиетте кең жайылған идеологиялық клишелерді, схематизмді, мазмұндық қасаңдықты, штампқа айналған жаңа мен ескі, новатор мен консерватор арасындағы әлеуметтік тартыстардың табиғатын түсіндіреді. Социалистік реализм теориясы мен әдіснамасының жетекші қағидаттарын тағы бір рет шолып шыққан артық емес.

Дәрістік курстың тұжырымдамасы мен қорытындылары практикалық сабақтардың мазмұны мен бағытын анықтайды. Олардың нысаны мен тақырыбын таңдауда идеялық-типологиялық жинақтау мен топтауға тырыспау қажет, өйткені құбылыстар арасындағы ұқсастық пен ықпалдастық жасанды түрде мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылғаны мәлім. Бұл кезеңнің әдебиетін қабылдаушыларды әдебиеттегі ұлттық ерекшеліктің көрінуі мен бейнелену деңгейі, олардың әлеуметтік, қоғамдық сананы дамытудағы мүмкіндіктері көбірек қызықтырады. Бұл ретте, біздіңше, аталған дәуірдің көпке танылып, лайықты бағасын алған бірегей шығармалардағы ұлттық эстетикаға, стильге, көркемдік ізденістерге, поэтикаға басты назар аударылуы қажет. Сонымен қатар М.О. Әуезовтің «Қилы заман» және «Түнгі сарын», Б. Майлиннің «Күлпаш» әңгімесі сияқты сюжеті шытырман оқиғаларға толы және проблематикасы көкейкесті шығармалардың жазылу тарихына, жанрлық бітіміне, даму мәселелеріне тоқталу қажет. Сондай-ақ әдеби сын және әдебиеттанудың өсуі мен өркендеуі де назардан тыс қалмасын.

Қазақ кеңес әдебиеті бойынша тәжірибелік сабақтар тақырыбы сол кезде белең болған бүкілодақтық «мазмұны – советтік, түрі – ұлттық» деп ұрандатқан әдеби үдеріс контекстіне бейімделген қазақ кеңес әдебиетінің өзіндік жанрлық және эстетикалық қағидаларының есепке алынғаны тиімді. Әрине, осы кезеңдегі әдебиеттану мен сынды сол заманның өзекті тарихи-әдеби және әдістемелік мәселелерін зерделейтін ғылыми жүйенің қалыптасқанын жоққа шығару қиын. Бұл өзекті мәселелер қатарында XX ғасырдың жаңа әдебиетінің негізін қалағандардың шығармаларына берілген ортақ бағалар, олардың туындылары-

ның одақтық қана емес, ұлттық жарқын ерекшеліктері туралы құнды пікірлер бар. Демек, аталған кезеңнің әдеби үдерісінің айтулы құбылыстарының қатарында болған қазақ қаламгерлерінің туындылары аз емес, ендеше оларды бағалау барысында басқа тараптардан айтылған пікірлер ескерілсін. Сондықтан нақты мысалдарға сүйене отырып, мына мәселелерге ерекше мән берген дұрыс болар: дәстүр және жаңашылдық, әдеби мінез, типтендіру, жанр түрлерінің мазмұндылығы, стильдің дамуы, шығармашылық ұстанымның өзгере бастауы, фольклордың және мифо-поэтиканың қазақ кеңес әдебиеті шығармаларымен эстетикалық байланысы.

Бұл курс бойынша тәжірибелік сабақтардың өзіндік мақсаты – қазақ әдебиеті тарихының алғашқы бөлімдерінде игерілген әдебиеттанудың негізгі ұғымдарын бекіту. Идеологиялық қыспақ пен саяси диктат кеңістігінде, соцреализмнің қағидалары үстемдік еткен кезеңдегі әдеби үдерістің мәні мен ерекшеліктерін тереңірек ұғыну, осы құбылыстарды келесі өтілетін әдебиеттермен байланыстарып, абстракциялау арқылы әдеби ақпаратты барынша толықтыруды жүзеге асыру. Әрбір әдеби құбылысқа, жазушының шығармашылығына, жекелеген туындыларға, қарастырылатын мәселелерге көзқарас нақты-тарихи сипатта болуы керек әрі көркем әдебиеттегі мазмұн және түр бірлігі туралы қағиданың үдесінен шығуы қажет.

ҚАЗАҚ КЕҢЕС ӘДЕБИЕТІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

Қазақ әдебиетінің алдыңғы қатардағы шығармашыл күштерінің ғасыр басындағы қарқынының сипаты, олардың 1917 жылғы төңкерістер, азамат соғысына байланысты және негізгі әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша сырттай және іштей жіктелуі.

Қазақ кеңес әдебиетінің бастапқы кезеңдегі негізгі тақырыптары. Төңкерістік пафос, максимализм, саяси жауынгерліктің әр түрлі жанрда көрініс табуы. ҚазАПП қызметі. Алаш ұранды әдебиетпен қарым-қатынасы.

Әдебиеттің жанрлық жаңаруы. Поэзия, проза, драматургия, көсемсөздің жай-күйі, әдеби сынның жаңа мақсаты мен міндеттері.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

С. Сейфуллин шығармашылығының кезеңдері. Ақын поэзиясының идеялық-тақырыптық жаңашылдығы. С. Сейфуллиннің поэтикалық жүйесі. Ақынның алғашқы жинағындағы бейнелі-метафорлық, лексика-фразеологиялық құрылымдардың ұлттық нақыштары. Әлеуметтік пафос пен тарихилық мәселелері. Қазақ өлеңінің жанрлық үлгілері мен өлшемдерін дамытудағы ақын ізденісінің нәтижесі мен маңызы.

С. Сейфуллиннің поэмалары. Төңкеріс, азамат соғысы оқиғаларына деген авторлық көзқарас. «Советстан», «Альбатрос» поэмаларындағы қоғамдық өзгерістердің ұлттық таным мен санаға әсерінің бейнеленуі. Оқиғаларды шынайы суреттеу үшін романтизм элементтерін шығармашылықта қолдануының қисыны. Берне, кейіптеу, шендестіру, айшықтаудың қызметтері. Қиял мен ойдан шығару мысалдары, олардың төңкеріс туралы поэмаларындағы көркемдік уәжі. «Қызыл ат» поэмасының жазылу тәркіні мен тарихы. Ақынның азаматтық ұстанымы, 30-жылдардағы келеңсіз әлеуметтік құбылыстарды бейнелеуге деген ықыласы мен ынтасы. Ақынның тағдыры. Туындыларындағы қолданылған ауызекі-поэтикалық элементтер сипаты. «Аққудың айырылуы» сияқты лирикалық поэмаларындағы идеялық-тақырыптық, композициялық тұтастық негіздері. «Көкшетау» поэмасының композициясы. Поэмадағы эстетикалық идеал және тарихи кейіпкерлер бейнесі, фольклорлық сарындардың, аңыздар мен әпсаналық деректердің трансформациясының көркемдік қағидалары.

С. Сейфуллин прозасы. Қазақ қызы тағдырына арналған шығармаларындағы автор ұстанымының өзгерісі. «Жұбату» әңгімесі және «Айша» повесіндегі авторлық шешімді салыстырып талдау.

«Тар жол, тайғақ кешу» романының жанры. Роман композициясының өзіндік ерекшеліктері. Шығармадағы проблематика ауқымы, жазушының оқиғаларды, фактілерді, кейіпкерлерді іріктеуі және романдағы материалдарды жинақтауы. Әңгімелеудің, суреттеудің, бейнелеудің негізгі амалдары. Лиризм және психологизм мәселелері. Сатира мен әзілдің қызметтері. Мінездерді, портреттерді жасау амалдары.

«Жер қазғандар» повесіндегі кейіпкерді типтендіру және даралау мәселесі. Туындыда рухани әлем мен халық этикасының көрінісі.

С. Сейфуллиннің драматургиясы. Ахуал драматизмі, мінездердің әрқилылығы, С. Сейфуллин пьесаларындағы қақтығыс пен тартыс күрделілігі.

Ақынның қазақ фольклоры мен әдебиеті тарихына арналған зерттеу еңбектері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Асығып тез аттандық» өлеңіндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі.

1. С. Сейфуллиннің өлеңдерінің поэтикалық жүйесі, бейнелі-метафоралық ерекшеліктерін талдау.

2. Ақынның «Тау ішінде» өлеңіндегі табиғат және махаббат суреттері.

1. «Көкшетау» поэмасының сюжеті мен композициясы.

2. «Тар жол, тайғақ кешу» романының жанрлық ерекшелігі.

3. «Жер қазғандар» шығармасындағы әлеуметтік портреттер.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1971. – 3-т.
2. Қазақ кеңес әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1987.
3. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – М., 1997.
4. Қаратаев М. Сәкен Сейфуллин. – М., 1964.
5. Сейфуллин С. Әдебиеттер көрсеткіші. – Алматы, 1964.
6. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, 1994.
7. Садықов Х.Н. Сөз. Бейне. Идея. – Алматы, 1994.

8. Джуанышбеков Н. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, 2000.
9. Кәкішев Т. Дәуір дауылпазы. – Алматы, 2004.
10. Кәкішев Т. Қазақ зиялылары. – Алматы, 2011.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

І. Жансүгіров поэзиясы. Ақынның әлеуметтік лирикасының ерекшеліктері. 20-30 жылдардағы өлеңдері мен поэмаларындағы ұлттық және интернационалдық сарындар. Реалистік және романтикалық пафостардың қатынасы. «Сығанақ» өлеңдер жинағының мазмұны. Жаңа бейнелердің дамуы. І. Жансүгіровтің поэтикалық мәнерінің қарымы мен қуаты.

«Құлагер», «Күйші», «Дала» поэмалары. І. Жансүгіров поэмаларындағы ұлттық лиро-эпиканың дәстүрлері. Шығармашылық тұлғаның тағдыры, «Құлагер» поэмасындағы уақыт пен кеңістік, оның композициясын ұйымдастыру ерекшеліктері. Ақан мен халықтың бейнесі. Осы поэмадағы шартты суреттер мен бернелеудің идеялық-эстетикалық қызметтері. Шығарма құрылымындағы Ақан әндерінің маңызы. «Күйші» поэмасындағы өнердің эстетикалық, компенсаторлық әлуетінің жырлануы. Осы шығармадағы психологизм мәселесі. Прозалық шығармаларындағы әлеуметтік тауқыметтердің бейнеленуі.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. Ілияс прозасының ерекшеліктері. «Жолдастар» романының сюжеттік желісі.
2. «Күйші» поэмасының образдық әлемі.
3. «Исатай – Махамбет» пьесасындағы тарихи шындық пен авторлық шешім.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1971. – 3-т.
2. Қазақ кеңес әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1957.
3. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1997.
4. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары – Астана, 2004.

5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1993.
6. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
7. Садықов Х.Н. Сөз. Бейне. Идея. – Алматы, 1994.
8. Әбдиманұлы Ө. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2012.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

Б. Майлин тағдыры мен шығармашылығы. Төңкеріске дейінгі поэзиясының идеялық-тақырыптық негізі. Мырқымбай туралы өлеңдер топтамасында ақынның дәстүрлі поэтикалық әдістерді қолдануы. Суреткердің поэмаларындағы болмыс пен жағдай. Б. Майлиннің прозасы. Әйелдер бейнесін жасаудағы автор ұстанымының эволюциясы. «Шұғаның белгісі», «Күлпаш», «Берен» шығармаларындағы трагедиялық ахуалдың бейнеленуі. «Қара шелек», «Сексен сом», «Сары ала тон» әңгімелеріндегі мінез бен жағдай байланысу түрлері. «Охрана бастығы», «Арыстанбайдың Мұқышы» сияқты туындыларындағы әдеби детальдың, әжуа мен сықақтың көркемдік қызметі. Драматургиядағы табыстары. «Талтаңбайдың тәртібі» пьесасындағы образдар галереясы. «Жалбыр» пьесасының тарихилығы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Маржан» поэмасының көркемдік ерекшеліктері.
2. Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Берен», «Күлпаш» әңгімелеріндегі әлеуметтік драматизм көрінісі.
3. «Талтаңбайдың тәртібі» комедиясындағы сатира мен юмор нысаны.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1971. – 3-т.
2. Қазақ кеңес әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1957.
3. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы, 1989.
4. Нұртазин Т. Майлин творчествосы. – Алматы, 1967.
5. Наурызбаев Б. Дәуір суреткері. – Алматы, 1969.
6. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиетін жаңаша бағайлау. – Алматы, 1997.

7. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Майлин дәстүрі. – Алматы, 1979.
8. Смағұлова Н. Қазақ прозасындағы рухани құндылық. – Петропавл, 2008.
9. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1997.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Жазушының өмір жолы мен әдеби мұрасы. Шығармашылығының алғашқы кезеңіндегі қаламгерлік ұстанымының ерекшеліктері. «Еңлік-Кебек» және «Қарагөз» трагедияларындағы әлеуметтік тауқыметтердің көтерілуінің себептері. «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы, танылуы, таралуы, талқылануы, бағалануы, зерттелуі. 20-30 жылдардағы әңгімелеріндегі модернистік сарындар. «Көксерек» шығармасындағы тартыс табиғаты. М. Әуезовтің ұлттық драматургияны дамытудағы ізденістері. «Еңлік-Кебек» пьесасының варианттарының арасындағы өзгерістер мен толықтырулар сипаты. «Түнгі сарын» драмасындағы тартыс түрлері. М. Әуезовтің көркем аудармаларындағы сәйкестік деңгейлері, аударманың тарихы мен теориясы туралы еңбектері. Әдеби компаративистика, фольклор туралы зерттеулерінің құндылығы. М. Әуезов және әлем әдебиеті мәселелері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. М. Әуезовтің «Қыр суреттері» топтамасының тақырыбы мен идеясы.
2. «Қорғансыздың күні» әңгімесі құрылымының ерекшелігі.
3. «Оқыған азамат» шығармасындағы тартыс табиғаты.

1. «Қаракөз» пьесасындағы кейіпкерлер әлемі.
2. «Абай» трагедиясындағы тартыс табиғаты.
3. Абайдың ақындық ортасы және шәкірттері.

1. «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі психологиялық ахуал.

2. М. Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасының фабуласы.
3. М. Әуезов – фольклортанушы.

1. Отызыншы жылдардағы әңгімелеріндегі жетекші сарындар.
2. «Хан Кене» пьесасындағы трагизм табиғаты.
3. «Көксерек» әңгімесіндегі символдық мағыналар.

1. «Абай жолы» романындағы әке мен бала мәселесі.
2. «Бәйбіше-тоқал» драмасындағы қайшылықтар мәні.
3. Шекспир шығармаларын аударудағы ұстанымы.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Мұхтар Әуезов. – Алматы, 1997.
2. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов – суреткер. – Алматы, 1997.
3. Күмісбаев Ө. Әуезов және шығыс. – Алматы, 1997.
4. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы, 1997.
5. Алдабек Н.М. Әуезов шығармаларындағы ұлт-азаттық сарын. – Алматы, 2001.
6. Пірәлі Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. – Алматы, 2014.
7. Нұрғали Р. Айғақ. – Алматы: Ғылым, 2000.
8. Рахманова Н. Әуезовтану дәрістері. – Алматы, 2010.
9. Күзембаев Е. Мұхтартану. – Алматы, 2006.
10. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. – Алматы, 1997.
11. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы, 2002.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақпарат, 2004.

СӘБИТ МҰҚАНОВ

Жазушының өмір жолының естеліктері мен мемуарларында баяндалуы. Шығармашылық өмірбаяны. Алғашқы өлеңдеріндегі әлеуметтік сарындар. Шоқпыт сияқты образдардың туу себептері. Соғыс кезіндегі поэзиясындағы мазмұн мен түр. Поэмаларындағы сюжет құру, образ жасаудағы ізденістері. «Ботагөз» романының көркемдік табыстары. Жаңа заман адамын жасаудағы автор ұстанымы. «Аққан жұлдыз» диалогиясындағы тарих пен тұлғаның бейнеленуі. Тарихи персонаждар әлемі. С. Мұқанов – драматург.

«Ш. Уәлиханов», «Ақан мен Зайра», «Жеңіс жыры» пьесалары. Зерттеу еңбектерінің, оқулықтар, мақалаларының маңызы. «Халық мұрасы» кітабының танымдық маңызы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. С. Мұқановтың алғашқы өлеңдеріндегі өмір суреттері.
2. «Өмір мектебі» трилогиясындағы уақыт пен кеңістік.
3. «Балуан Шолақ» повесіндегі тарихи тұлға және авторлық шешім.

1. «Мөлдір махаббат» романының сюжеттік желісі.
2. «Шоқан Уәлиханов» пьесасындағы тартыс табиғаты.
3. «Сұлушаш» поэмасының құрылымы.

1. «Халық мұрасы» кітабындағы ұлттық ақпарат ауқымы.
2. «Ботакөз» романындағы авторлық ниет пен ұстаным.
3. С. Мұқановтың зерттеушілік мұрасы.

Әдебиеттер:

1. Мұқанов С. Шығармалар. 16 т. – Алматы, 1971.
2. С. Мұқанов тағылымы. – Алматы, 1990.
3. Мақпұров С. «Ботакөз» романының жазылу тарихы. – Алматы, 1994.
4. С. Мұқанов және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2000.
5. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр. – Алматы, 1991.
6. Дәдебаев Ж. Ғабиден Мұстафин. – Алматы, 1989.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967.
8. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.
9. Кәкішев Т. Сәбең әлемі. – Алматы, 2000.
10. Кәкішев Т. Сәбит Мұқанов. – Астана, 2009.

ҒАБИДЕН МҰСТАФИН

Шығармашылық өмірбаяны. Алғашқы әңгімелеріндегі реалистік суреттердің астары. Сюжет құрудағы жетістіктері мен

кемшіліктері. «Өмір мен өлім» (1940) романының тақырыбы мен идеясы. «Қарағанды» романының мазмұны мен пішініндегі өзгерістер себебі. Жаңа заман кейіпкерінің образын жасаудағы ізденістері. Халықтар достығы көрінісі. «Шығанақ» романының тақырыбы мен идеясы. «Миллионер» повесіндегі «тартыссыздық теориясының» көрінісі. Характер мен жағдайдың арасындағы байланыс түрлері. «Көз көрген» романының көркемдік, жанрлық, құрылымдық ерекшеліктері. Қаламгердің шығармашылық портрет пен суреттеме жасаудағы шеберлігі.

Сабақ жоспарының үлгісі:

1. «Шойынқұлақ» әңгімесіндегі фольклорлық образдар мәні.
2. «Шығанақ» повесіндегі образдар табиғаты.
3. «Дауылдан кейін» романының тақырыбы мен идеясы.

Әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы, 1997.
2. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы, 2002.
3. Қирабаев С. Ф. Мұстафин. – Алматы, 1971.
4. Дәдебаев Ж. Ғабиден Мұстафин. – Алматы, 1989.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

Жазушының шығармашылық тұлғасы, жазушылық еңбегінің тарихы. Алғашқы әңгімелеріндегі юмор мен лиризм. Новелла жанрын дамытудағы еңбегі.

Жазушылық жолы, қоғамдық-саяси қызметі. Ана туралы әңгімелеріндегі ұлттық бірегейлік көріністері. «Ер ана», «Ақлима» новеллаларының көркемдігі. «Қазақ солдаты» романының тақырыбы, сюжеті, идеясы. Қайрош образы. «Ұлпан» романындағы тарихи шындық, Ұлпан образынан өрістейтін ұлттық адамгершілік сабақтары. «Кездеспей кеткен бір бейне» повесіндегі психологиялық талдау сабақтары. «Оянған өлке», «Жат қолында» романдарындағы қазақ өмірі мен тұрмысының бейнесі. «Қыз Жібек» музыкалы драмасының тілі, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

трагедиясындағы авторлық шешім. Пьеса кезінде киносценарийлер жазуы. Ғ. Мүсіреповтің қоғамдық-саяси, зерттеушілік, сыншылдық еңбегі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Талпақ танау» әңгімесіндегі баяндау стилі.
2. «Ақлима» новелласындағы ана бейнесі.
3. «Ұлпан» романындағы тартыс түрлері.

1. «Ақан сері-Ақтоқты» драмасының тілі.
2. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» атты мақаласының мазмұны.

3. «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасындағы Еркебұлан образы.

1. «Өмір жорығы» әңгімесіндегі бернелер.
2. «Қазақ солдаты» романындағы образдар әлемі.
3. «Жат қолында» романындағы әлеуметтік мағыналар.

1. «Қыран жыры» әңгімесіндегі ұлттық код көріністері.
2. «Күсен» әңгімесіндегі қазақы мінез суреттері.
3. «Ананың арашасы» туындысындағы дискурс табиғаты.

1. Ғ. Мүсіреповтің әдеби-сын еңбектері.
2. Ғ. Мүсіреповтің қазақ тілі туралы толғамдары.
3. Суреткердің келер ұрпаққа аманаты мен тілегі.

Әдебиеттер:

1. Мүсірепов Ғ. Шығармалары. 5 т. – Алматы, 1992.
2. Бекбергенов М. Сөз зергері. – Алматы, 1967. Ғабит Мүсіреповтің прозасы. – Алматы, 1990
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, 2002.

4. Қайырбеков Ғ. Елтіңжал. – Алматы, 1990.
5. Тәжібаев Ә. Есімдегілер. – Алматы, 1993.
6. Әшімханов Д. Бес арыс. – Алматы, 1992.
7. Молдағалиева Ж. Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы, 1985.
8. Құлыбекова Ж. Ғабиттану. – Петропавл, 2008.
9. Ысмағұлов Ж. Тоғыз толғам. – Алматы, 2002.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

Қазіргі қазақ әдебиеті (1960-1990) қазақ кеңес әдебиеті курсының қомақты бөлігін құрайды. Бұл кезең жаһандық ахуалдағы оң өзгерістермен, «жабық есік саясатының» біртіндеп құлдырауымен ерекшеленді. «Жылымық» саясаты Н.С. Хрущевтің реформалары мен компартияның XX съезінде сталинизмді әшкерелеуден басталған болатын. Тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайдың шиеленісуі өнер мен әдебиетке де түрліше ықпал етті. «Жылымықтың» 10 жылында орыс әдебиетінде В. Гроссман, А. Солженицын, Ю. Домбровский, В. Дудинцев, В. Шукшин секілді «қайта құрушылық» бағыттағы жазушылар легі пайда болды. Бұл талантты шоғыр одақ құрамындағы басқа ұлттық әдебиеттерге дем бергендей болды. Х. Есенжанов, З. Шашкин, Ө. Тұрманжанов, С. Талжанов сияқты қаламгерлер ұзақ жылғы айдаудан қайтып келіп, жазушылыққа кірісті

Он жылдан кейін, яғни 70-жылдары қазақ әдебиетінде де социалистік реализмнің догматтық ережелеріне ілесе бермейтін, сол кезеңге дейін белең болып тұрған арзан патетикадан аулақтау шығармалар жарық көрді. Замана тауқыметін, әлеуметтік түйткілдерді терең талдауға бейім жаңа толқын пайда болды. Олар – І. Есенберлин, Т. Ахтанов, Ә. Әлімжанов, Т. Әлімқұлов, С. Шаймерденов, С. Жүнісов, Ш. Мұртаза, Ғ. Қайырбеков, Қ. Мырзалиев, Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, О. Сүлейменов, т.б. еді. Уақыт өте келе социалистік реализм әдебиетінде дегуманизация

үрдісі анық байқала бастады, яғни әдебиет тарихылық таразысынан ауытқыды, бұл үрдіс өз кезегінде аталмыш әдеби бағыттың оқырмандарын күрт азайтты. Әсіресе бұл құбылыстар 1990 жылдардың басында айқын көріне бастады. 1970–1980 жылдардағы қазақ әдебиетінде халықтың өткен тарихын суреттейтін, дәстүрлі ұлттық құндылықтарды бейнелейтін туындыларға оқырмандар тарапынан ерекше қызығушылық байқалды. Сонымен қатар экологиялық проблемаларға, қоғам мүшелерінің арасындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға жіті назар аударылды, қала мен ауыл арасындағы өткір қарама-қайшылықтарға талдау жасала бастады, қоғамдағы рухани түйткілдерді бейнелеу ниеті алдыңғы қатарға шықты.

70-80 жылдардағы қазақ әдебиетінің орталық биліктің «қайта құру» саяси науқанына сәйкес үрдістерін оқытудағы дәріскердің міндеті – осы кезеңде орын алған, көркемдік сипатта көрініс тапқан негізгі стиль және идеологиялық жағдайды, қаламгерлердің күрделі шығармашылық тағдырларын, жаңа буынның туындыларының ерекшеліктерін ашып көрсету болып табылады. Сонымен қатар әдеби нысандардың ауқымының өзгеруі, авторлық ұстанымның дамуы, жанрлардың жаңғыруы, стильдердің құбылуы, баяндау жүйелері мен түрлерінің даралануы, адам мен тарихи шындықты талқылаудағы белсенділік, батыс және шығыс әдебиетінің озық үлгілері мен әдістерін меңгеруге деген ықылас пен ынта, ұлттық идеологиялық және эстетикалық ізденістер мен жетістіктерді бейнелеуге деген құлшынысты анықтау да аса маңызды. Курстың практикалық сабақтарының мақсаты – студенттерді қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі құбылыстарымен таныстыру, оларды заманауи эстетикалық тұрғыдан талдаудың және бағалаудың дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі әдеби сын тұрғысынан бағалауға, әр түрлі пікірлер тоғысында өзіндік жолмен жүруді үйрету, сондай-ақ өз көзқарастарын аудитория алдында талқыға салуға баулу.

Жаңғыру кезіндегі қазақ әдебиеті (60-90 жылдар) ілгерілеу мен өзгерістерге ұмтылған қоғам өміріне, саяси-әлеуметтік бетбұрыстарға өзіндік сыни пікірлері бар адамдарды бейнелеуге бет

бұрды. Қаламгерлер қауымының құрамындағы іштей бөлінулер барысы, стильдердің әр түрлілігі, жанрлардың іштей жіктелуі сияқты факторларды қамтитын оқу материалы ауқымдылығы, бөлінген сағаттардың аздығы мәтін талдау жұмыстарының көлемін шектейді. Дегенмен көрнекті суреткерлердің көркемдігі жоғары туындыларымен жүйелі танысу – аса қажет дүние.

Заманауи қазақ әдебиеті зайырлы қоғам орнатудың, өркениетке сай тұрғыдан өмір сүрудің қағидаттарын бүгінгі шығармашылық ізденістің бағыты мен бағдары етуде. Аталмыш кезеңге адамзаттың рухани әлеміне терең әсер ететін қозғалыстарды баяндау, өмірді диалектикалық тұрғыдан тану, мазмұнның философиялық негізі мен дискурстық астарын тереңдету, адамзат санасына терең енген когнитивті қозғалысты бейнелеу, жалпы эстетикалық деңгейді жоғарылату, тарихи «ақтандақтарға» деген ерекше қызығушылық, құжатты, дерек пен дәйекті мол мәтін қолдану, фольклордың эстетикалық әлеуетін пайдалану секілді ерекшеліктер тән.

Қазіргі заманғы қазақ әдебиеті бойынша практикалық сабақтардың үлгілері ұсынылады. Аталған проблемалар мен сұрақтар бір автордың еңбегінің материалдарының негізінде қарастырылуы мүмкін, бірақ біз бірнеше авторлардың жұмыстарын қатар ұсындық. Демек, оқу тобындағы студенттер бір уақытта бірнеше мәтінді салыстыра зерттеуге және сабақта әрқайсысы өзіндік бақылауларының нәтижелерін хабарлауға және талдау нәтижелерінің жинақтап қорытындылауға мүмкіндіктер беріледі. Бүгінде заманауи әдебиетті зерттеуге арналған баламалы сипаттағы оқу құралдары, монографиялар, зерттеулер көптеп шығуда, бұлар өз кезегінде курстың мақсаты мен міндеттерінің сәтті жүзеге асуына көмектесер.

Көркем мәтінмен танысу барысында әр студенттің жеке парағында өзі маңызды деп санаған түрлі үзінділерге талдау жасауын қадағалау керек, оларды оқырманның өзіндік пікірлерімен толықтырып отырудың да пайдасы бар. Сонымен қатар ортақ шешімді мерзімді басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер мен сыни мақалалардағы пікірлермен салыстыра талқылап отыру да қисынды.

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

Шығармашылық ғұмырының кезеңдері. Поэзиясындағы соғыс және бейбітшілік тақырыбы.

Жұбан Молдағалиев – эпик ақын. Ақын поэзиясындағы азаматтық әуен мен нәзік лиризм. «Ғашық көзбен» (1965), «Ақ жауын» (1985), «Көке» жинағының көркемдік ерекшеліктері. Көсемсөз саласындағы, аударма ісіндегі жемісті еңбектері.

Ақынның творчестволық портреті, өмір жолы мен қоғамдық қызметі. Ақынның творчествосының өсуі, өркендеуі. Ақынның азаматтық лириканы датытудағы ізденістері, өлеңдерінің жанрлық сипаты, идеялық-көркемдік мазмұны, поэтикалық тіл байлығы. «Мен қазақпын», «Қыран дала» шығармаларындағы этномәдени бірегейлік пен ұлттық код түрлері. «Байқоңыр баспалдақтары» жинағының әлеуметтік, тарихи мәні.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Мен қазақпын» поэмасының құрылымы.
2. Өлеңдеріндегі азаматтық әуен мен нәзік лиризм. «Ғашық көзбен», «Ақ жауын» өлеңдерінің тілі.
3. Поэзиясындағы соғыс тақырыбының эволюциясы.

1. Ж. Молдағалиев – аудармашы.
2. Қаламгердің шығармашылық мұрасының зерттелуі.
3. Ақын поэмаларындағы ұлттық сарын.

Әдебиеттер:

1. Молдағалиев Ж. Шығармалар. 2 т. – Орал, 2000.
2. Егеубаев А. Сыр мен сымбат. – Алматы, 1981; Сөзжүйесі. – Алматы, 1985.
3. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы, 1973.
4. Әбдірешев Ж. Парасат пен парыз. – Алматы, 1973.
5. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар. – Алматы, 1986.
6. Тәжібаев Ә. Ойлар, толғаныстар. – Алматы, 1986.
7. Қирабаев С. Шындық пен шығарма. – Алматы, 1981.
8. Дүйсенов М. Ақын мұраты. – Алматы, 1967.
9. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы, 1984.
10. Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. – Алматы, 1979.

ӘНУАР ӘЛІМЖАНОВ

Жазушының өмірбаяны. Қоғамдық қызметі. Публицистикасындағы басты тақырыптар. Ә. Әлімжановтың повестеріндегі заман мен адам. «Жаушы» романындағы тарихи тұлға мен жағдай. «Махамбеттің жебесі» повесінің сюжеті, поэтикасы. Автордың ұлт тарихына қатысты оқиғаларға көзқарасы. Ұстаздың оралуы» тарихи романдағы уақыт пен кеңістік. Шығарманың мазмұны, жанрлық ерекшелігі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Ә. Әлімжанов өмірбаяны. Қоғамдық қызметі.
2. Ә. Әлімжанов повестерінің кейіпкерлері.
3. «Махамбеттің жебесі» шығармасындағы автордың тарихи оқиғаларға көзқарасы.

1. «Ұстаздың оралуы» романының образдар әлемі
2. Қаламгердің публицистикалық мұрасы
3. «Мәңгілік тамыр» жинағының маңызы.

1. Қаламгердің тарихи тақырыпты бейнелеудегі өзіне тән әдістері.
2. «Жаушы» шығармасындағы әдеби образ сомдаудағы ұстанымы.
3. «Отырардан жеткен сый» туындысының құрылымындағы көркемдік қисын.

Әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.
2. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1996.
3. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1979.
4. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы, 1973.
5. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы, 1990.

6. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы, 2001.
7. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы, 2002.

ТАХАУИ АХТАНОВ

Суреткердің өмір жолы мен әдеби мұрасын таныту. Шығармаларындағы соғыс тақырыбының бейнеленуі. Майдан шындығын арқау еткен «Қаһарлы күндер» романындағы кейіпкерлер табиғаты. «Боран» романындағы қарапайым еңбек адамының өмірі. «Шырағың сөнбесін» романының басты қаһарманы – Ана мен Бала образдары. Драматургия саласындағы еңбегі. Әдебиет саласын, аударма саласында қалам тартуы. Әдебиет зерттеуші және сыншы болғандығы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Боран» романының идеясы мен сюжеті
2. «Махаббат мұңы» повесіндегі тартыс ауқымы.
3. «Керуен» атты сыни жинағының мазмұны.

1. «Сәуле» пьесасындағы мінез бен тартыс.
2. Драмалық шығармаларының идеялық көркемдік ерекшелігі.
3. Майдан шындығын арқау еткен «Қаһарлы күндер» романының сюжеттік ерекшелігі.

1. «Боран» романындағы қарапайым еңбек адамының өмірі туралы.
2. «Шырағың сөнбесін» романының басты қаһарманы – Ана мен Бала образдарын берудегі жазушы ерекшелігі.
3. «Ант» драмасындағы кейіпкерлер әлемі.

Әдебиеттер:

1. Ахтанов Т. Ғабит Мүсірепов. – Алматы, 1956.
2. Нұрғазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы, 1996.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 3-т.
4. Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы, 1985.
5. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы, 1990.
6. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.
7. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы, 1997.
8. Елеуқенов Ш. Әдебиет және ұлт рухы. – Алматы, 1997.
9. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
10. 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ

Ақын шығармашылығын мазмұндық тұрғыдан меңгерту. Теориялық талдау жасау дағдыларын дамыту.

Балаларға арналған шығармалар. Циклді өлеңдеріндегі ақынның өмір құбылыстары жөніндегі жан-жақты талғамдары. Шығармаларының тақырыптық аясы. Ақынның 200-ден астам өлеңіне ән жазылғандығы. Аударма саласындағы еңбегі. О. Сүлейменовтің «Атамекен», «Әр күн арайлы таң» атты таңдамалы өлеңдер жинақтарын қазақ тіліне аударуы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қадыр Мырзалиев – ақын, аудармашы, сыншы, қоғам қайраткері.
2. «Домбыра» жинағының тақырыптық аясы, көркемдік құндылығы.
3. «Қызыл кітап» жинағындағы ақынның өмір құбылыстары жөніндегі толғамдары.

1. Қ. Мырзалиев шығармашылығындағы ұлттық болмыс.
2. Қ. Мырзалиевтің мемуарларының маңызы.
3. Балаларға арналған өлеңдеріндегі образдылық.

Әдебиеттер:

1. Ысқақұлы Д. Талант және тағдыр. – Алматы, 1997.
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
3. 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.

ОРАЛХАН БӨКЕЕВ

Жазушының өмір жолы мен әдеби мұрасы. Ауыл тақырыбына арналған әңгімелеріндегі нақтылық пен шарттылық. Публицистикадағы жетістіктері.

Суреткердің шығармашылық өмірбаяны. «Қамшыгер» жинағының идеялық-тақырыптық мазмұны. «Жасын» шығармасының сюжеттік құрылымы. «Мұзтау» повесінде ертегілер мен аңыздардың көркемдік қызметі. «Ұйқым келмейді» шығармасының жанрлық ерекшелігі, тақырыбы, идеясы, образдар жүйесі. «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Бәрі де майдан», т.б. шығармаларындағы сабақтастық пен ықпалдастық арналары. «Атакере» романында «адам және табиғат», «адамның рухани әлемі» мәселелерінің бейнеленуі. Қаламгердің драматургиясы, «Қайдасың, қасқа құлыным» пьесасының әлеуметтік маңызы. Жазушы туындыларындағы мифопоэтикалық ізденістер сипаты. О. Бөкеев творчествосы туралы пікірлер мен зерттеулер.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Қамшыгер» шығармасының проблематикасы.
2. «Жылымық» әңгімесіндегі автор образы.
3. «Жетім бота» повесіндегі астарлы мағыналар.

1. «Қар қызы» повесіндегі әлеуметтік ахуал мен шарттылық.
2. «Сайтан көпір» повесінің өмірлік материалы.
3. Автордың публицистикалық стилі.

1. «Атакере» романында ноосфералық идеяның көрінісі.
2. «Жасын» повесіндегі адамгершілік мәселесі.
3. Оралхан Бөкей әңгімелеріндегі тартыс түрлері.

Әдебиеттер:

1. Ысқақұлы Д. Талант және тағдыр. – Алматы, 1997.

2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
3. 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 3-т.
5. Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы, 1985.
6. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы, 1990.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

Ф. Оңғарсынованың шығармашылық қайраткерлік, қоғамдық еңбегі. Ақынның алғашқы жыр жинақтарының танылуы мен бағалануы, творчестволық тұлғасының дамуы. Лирикалық шығармаларының мазмұны, идеясы, жанрлық ерекшеліктері. Монолог ретінде жазылған өлеңдерінің поэтикасы. Фариза өлеңдерінің негізгі нысаны мен сипаты. Лирикалық кейіпкерлердің сана-сезімін, көңіл-күйін суреттеудегі психологизм көріністері. «Қырдағы айқас» поэмасындағы тарихи оқиғалардың интерпретациясы. «Мақатаев туралы жыр» шығармасындағы тарихи тұлға тағдыры. Тәуелсіздік тұсындағы өлеңдеріндегі толғаныс түрлері. Тақырыптары: махаббат, бақыт, адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы. «Менің сорлы сәттерім» өлеңдерінің ерекшелігі. Әйелдің монологы. Өлеңнің поэтикалық тілі. Ф. Оңғарсынова творчествосының қазақ поэзиясында алатын орны.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Ф. Оңғарсынованың сөзіне жазылған әндердің ерекшелігі.
2. Ақын поэзиясындағы лирикалық кейіпкер образы.
3. «Менің сорлы сәттерім» өлеңдерінің ерекшеліктері. Әйелдің монологы өлеңінің поэтикалық тілі.

1. Ақынның ұлттық азаматтық поэзияны дамытуға қосқан үлесі.
2. Ф. Оңғарсынова лирикасындағы әйел бейнесі.
3. Ф. Оңғарсынованың «Біздің Кәмшат» атты шығармасының идиостилі.

1. «Қырдағы айқас» поэмасының тартысы.
2. Ф. Оңғарсынова лирикасының көркемдігі.
3. Әйел тағдыры және ақын туындылары.

Әдебиеттер:

1. Жүнісов С. Төрт томдық шығармалар жинағы. Роман, повесть. – Алматы: Жазушы, 1994. – 1-т. – 544 б.
2. Ысқақұлы Д. Талант және тағдыр. – Алматы, 1997.
3. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
4. 40-50 және 60-жылдарындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967.
6. Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы, 1985.
7. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы, 1990.

СӘКЕН ЖҮНІСОВ

Суреткердің өмір жолы мен әдеби мұрасы. «Жапандағы жалғыз үй» романының тағдыры, қазіргі заманға үндестігі. С. Жүнісов – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Жазушылық автобиографиясы. «Ақан сері» дилогиясының тұлғатануға қосқан үлесі. Романдағы тарихи таным мен көркемдік шешім үйлесімі. «Аманай мен Заманай» шығармасындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі. Драматургиясы. «Ажар пен ажал» пьесасының құрылымдық ерекшеліктері. «Жаралы гүлдерде» көтерілген зәру әлеуметтік тауқыметтер. «Абылай» пьесасындағы негізгі тартыс. Шығарманың жанрлық ерекшелігі, образдар жүйесі. Қаламгердің публицистикалық мақалаларындағы ұлттық мазмұн. Аудармашылық еңбегінің нәтижесі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Жапандағы жалғыз үй» романының астарлы мағыналары.
2. Романның бас кейіпкерінің азаматтық ұстанымы.
3. «Ажал мен Ажар» пьесасындағы тартыс пен жағдай.

1. «Аманай мен заманай» шығармасы тақырыбының көкей-кестілігі.
2. «Қызым, саған айтам...» пьесасының тағылымдық, тәрбиелік мәні.
3. «Абылай» пьесасындағы персонаждар әлемі.

Әдебиеттер:

1. Ысқақұлы Д. Талант және тағдыр. – Алматы, 1997.
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
3. 40-50 және 60-жылдарындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967.
5. Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы, 1985.
6. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы, 1990.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

Қаламгер келбеті, творчестволық өмір жолы. «Бір уыс топырақ», «Дала балладалары» атты жинақтарындағы қазақ рухы мен тарихының суреттелуі. «Аңыздың ақыры» романының құрылымындағы жаңалық. Ішкі монолог пен сана ағымын қолданудағы қаламгер ізденістері. «Үркер» романында бейнеленген тарихи уақыт пен кеңістік. «Елең-алаң» романының мазмұны, негізгі проблемалары: тарих және қазіргі заман, кеше мен бүгін, тарих және таным. «Күй» повесінің тақырыбы, идеясы образдар жүйесі. «Шыңырау» повесінің философиялық мағынасы. «Ханшадария хикаясы» повесінің сюжеттік желілері. «Абылай» трагедиясының композициясы, идеясы, проблематикасы. Жазушының қолданған психологизм әдісі. Әбіш Кекілбаевтың «Дәуірмен бетпе-бет» сын мақалалар жинағының маңызы. Қаламгердің бес томдық публицистикалық еңбектерінің тақырыбы мен нысаны.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. «Ханшадария хикаясы» шығармасындағы авторлық тұрғы мен ниет.

2. «Аңыздың ақыры» шығармасындағы кейіпкерлер сипаты.
3. «Дала балладалары» жинағының құрылымы.

1. «Күй» повесінің көркемдік ерекшелігі.
2. Ө. Кекілбаев аудармаларының көркемдігі.
3. «Шыңырау» повесіндегі философиялық сарын туралы.

Әдебиеттер

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967.
3. Әдібаев Х. Уақыт және суреткер. – Алматы, 1967.
4. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы, 1973.
5. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы, 1990.
6. Есембеков Т. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе. – Алматы, 1996.
7. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы, 2001.

ӘБДЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВ

Суреткердің өмір жолы мен әдеби шығармашылығы. «Қан мен тер» трилогиясының мекеншағы, композициясы, сюжет пен характер, психологиялық талдау, портрет жасаудағы ізденістер. «Сең», «Соңғы парыз» романдарының жанры, поэтикасы. Аударма саласындағы еңбегі. Публицистикалық еңбегінің маңызы.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Ө. Нұрпейісовтің шығармашылық өмірбаяны.
2. «Қан мен тер» трилогиясының құрылымы.
3. «Сең» романының идеясы мен тақырыбы.

1. «Күткен күн» романындағы психологиялық портреттер.
2. Аудармашылық еңбегі.
3. Көсемсөз саласындағы еңбектерінің мәні.

1. «Ымыртта» шығармасындағы жағдай мен оқиға.
2. «Күйреу» кітабының хронотопы.
3. «Сергелден» кітабының мазмұны.

Әдебиеттер:

1. Нұрпейісов Ә. Шығармалар. 4 т. – Алматы, 1984.
2. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967.
4. Әдібаев Х. Уақыт және суреткер. – Алматы, 1967.
5. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. – Алматы, 1973.
6. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы, 1990.
7. Есембеков Т. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе. – Алматы, 1996.
8. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы, 2002.
10. Қасқабасов С. Жан азық. – Астана, 2003.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Тарихи тақырыпқа арналған романдардың жанрлық құрылысының ерекшеліктері мен композициясы.
2. Тарихи оқиға және оның көркемдік шешімі.
3. Тарихи романдағы образдар мен оқиғалар жүйесі.

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

М. Мағауиннің «Аласапыран», С. Сматаевтың «Елім-ай» романы; Х. Әдібаевтың «Отырардың күйреуі» романы, Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романы.

Қарастырылатын мәселелер:

1. XX ғасыр басындағы төңкерістер мен азамат соғысының жаңғыру кезіндегі әдебиетте бейнеленуі.
2. Туындыдағы тарихи шындық пен авторлық шешімнің байланысы.
3. Қаһарман эволюциясының көркемдік мотивировкасы.

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

Х. Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясы; Қ. Сәрсекеевтің «Қызыл жалау» романы, Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы; А. Нұрмановтың «Құланның ажалы» романы.

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Тарихи тұлғаның образын сомдауда дерек пен дәйектің орны: тарихи-мәдени талдаулар.

2. Характерді бейнелеу принциптері (оқиғаларды таңдау, сюжет құру, баяндауды ұйымдастыру, портреттер сомдау, образ жасаудағы авторлық мінездеменің рөлі, шығармадағы авторлық баға).

3. Баяндау типінің дамуы мен жаңашылдығы.

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

Д. Әбілевінің «Ақын арманы» романы; О. Сәрсенбаевтың «Шамшырақ» романы, З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романы; З. Ақышевтың «Жаяу Мұса» романы, М. Мағауиннің «Сары қазақ» романы.

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Қаһармандық мінез және оның өмірлік негіздері.

2. Өлім мен өмір арасындағы психологиялық күйдің бейнеленуі.

3. Майдан мен тыл арасындағы байланыстың суреттелуі.

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы; Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» кітабы; Ә. Шәріповтің «Партизан қызы» повесі; Қ. Қайсеновтің «Партизан жазбалары»; С. Бакбергеновтің «Талғат» повесі.

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Заманауи тақырыптарды көркемдік тұрғыдан игеру.

2. Әлеуметтік-моральдық және эстетикалық-философиялық мәселелерді бейнелеу амалдары.

3. Замандас тұлғасының өзіндік ерекшеліктерін шығармашылық тұрғыдан жинақтаудың көркемдік қағидалары.

4. «Табиғат және адам» проблемасының, экология дағдарыс пен күйзелістің бейнеленуі және оның мағыналық қабаттары.

Талдауға ұсынылатын көркем мәтіндер:

Қ. Жұмаділовтің «Саржайлау» повесі, С. Шаймерденовтің «Мәжнүн тал» повесі, А. Сүлейменовтің «Бесатар» хикаясы, С. Санбаевтың «Аруана» повесі; Д. Исабековтің «Дермене» повесі, М. Мағауиннің «Тазының өлімі», С. Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі, Т. Әбдіковтің «Ақиқат» повесі, Т. Нұрмағамбетовтың «Тұнық су» повесі.

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Қазіргі қазақ әңгімесінің даму үрдістері мен негізгі бағыттары.

2. Материал және оның көркемдік тұрғыдан кіші жанрларда қолданылуы.

3. Өмір құбылыстарының сипаттамалары және әлеуметтік мән-жайларды суреттеу амалдары.

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

Т. Әбдіковтің «Бассүйек», С. Мұратбековтің «Жабайы алма», Ә. Кекілбаевтың «Керек адам», М. Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», С. Шаймерденовтің «Марғау», Қ. Жұмаділовтің «Момын», Қ. Мұхамедқалиевтің «Ескі достар», Б. Мұқаевтың «Жедел жәрдем» туындылары.

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Қазіргі қазақ прозасындағы психоанализ түрлері мен үлгілері және олардың көркемдік қызметі. Характердің құлқын талдаулардың психоаналитикалық негіздері, кейіпкердің ішкі ұстанымы мен сыртқы әрекеті, мінәжат-монолог, кейіпкердің өзін-өзі тануы, көркем образдың ауани ойлары мен эмоцияларының авторлық сипаты.

2. Психологиялық талқылаудың синтетикалық формалары: «ішкі дүние мен сыртқы дүниені астастыру, ретроспекция немесе

монтаж және клайп шешім арқылы бейнелеу. Кейіпкердің сезімі мен тәжірибесі, ішкі монолог, кейіпкердің ойталқысы.

3. Психологиялық анализдің синтетикалық формалары (ішкі дүниені сыртқы дүние арқылы, портрет пен пейзаждың көркемдік қызметі).

4. Аналитикалық және синтетикалық пішіндердің өзара әрекеттестігі. Психологиялық параллелизм.

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

С. Шаймерденовтің «Ит ашуы»; Т. Әбдіковтің «Оң қол»; М. Мағауиннің «Көк мұнар»; О. Бөкейдің «Мынау аппақ дүние»; Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау», Д. Исабековтің «Сүйекші», С. Мұратбековтің «Біреу», Қ. Жұмаділовтің «Момын» және т.б. туындылары.

Әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, 2002.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1992.
3. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Алматы, 1998.
4. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы, 2000.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы, 2003.
6. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Қазіргі қазақ лирикасының жанрлық сипаты. Философиялық, медитативтік лириканың дамуы. Өлеңнің мазмұндық сипаты мен құрылымының дамуы, поэзиялық циклдар табиғаты. Қазіргі қазақ поэмасындағы жанрлық түрлердің жаңғыруы. Поэма сюжетіндегі эпикалық және лирикалық элементтердің қатынасы.

О. Сүлейменов, Қ. Мырзалиев, М. Шаханов, Т. Молдағалиев, Ж. Нәжіменденов, Т. Айбергенов, М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова, К. Ахметованың өлеңдері.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қазіргі қазақ лирикасының жанрлық сипаты.
2. Философиялық, медитативтік лириканың дамуы.
3. Өлеңнің мазмұны мен пішінінің дамуы.

1. Қазіргі қазақ поэмасы. Жанрдың сипаты.
2. Поэма сюжетіндегі эпикалық және лирикалық сарындар қатынасы.

3. Өлеңдердегі табиғат бейнесі (байқау мен қабылдау ерекшеліктері, кескіндеме суреттер, ландшафтың орналасу сипаты, жеке және жан-жақты бақылау нүктесі, әлеуметтік және ұлттық сарындар, көріністің философиялық пайымы).

Талдауға ұсынылатын мәтіндер:

С. Мәуленовтің «Қызыл арша» жинағы, Ғ. Қайырбековтің «Торғай толқындары» жинағы, Қ. Мырзалиевтің «Ой орманы» жинағы, Ж. Қыдыровтың «Күтемін сені» жинағы, Ш. Мұхамеджановтың «Наз қоңыр» жинағы, Ж. Нәжімеденовтің «Шуак» жинағы, С. Жиенбаевтың «Орқиік» жинағы, М. Мақатаевтың «Өмір-өзен» жинағы.

Сабақта қарастырылатын мәселелер

1. Қазіргі қазақ лирикасындағы Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбы.
2. «Соғыс ұрпақтары» шығармашылығындағы адам мен майдан тақырыбы.
3. «Соғыстан кейінгі ақындар» шығармаларындағы соғысты образды бейнелеу сипаты. Майдан болмысы мен оқиғаларын трагедиялық және қаһармандық пафоспен жырлаған лирика.
4. Соғыс туралы трагедиялық және қаһармандық лирика.

Талдауға ұсынылатын көркем мәтіндер

А) Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, С. Мәуленов, Қ. Бекхожин, Т. Бердияров, Қ. Аманжолов, Ж. Молдағалиев өлеңдері;

Ә) Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, І. Мәмбетов, Ш. Мұхамеджанов, М. Мақатаев, Ғ. Қайырбеков өлеңдері.

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Қазіргі қазақ поэзиясындағы тарихи уақыт пен кеңістік. Миф, фольклор және заманауи қазақ поэзиясы.

2. Қазіргі қазақ поэзиясының поэтикалық құрылымының мәселесі.

3. Қазақ өлеңіндегі мифопоэтикалық сарындар.

Талдауға ұсынылатын мәтіндер:

М. Шаханов, Қ. Мырзалиев, Ф. Оңғарсынованың өлеңдері, Ә. Тәжібаев, Х. Ерғалиев, О. Сүлейменов, М. Мақатаев, Т. Айбергеновтің өлеңдері.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

Сабақта қарастырылатын мәселелер:

1. Кейіпкерлер галереясы (идеал және шындық, тұлғатану, жеке кейіпкер әлемі, кейіпкерлердің ішкі дүниесіндегі гармония мен дисгармония, диссонанс және үйлесім, құштарлық пен іңкәрлік).

2. Қазіргі қазақ поэзиясындағы махаббат тақырыбы.

Объектісі мен субъектісі. Іңкәрлік, құштарлық, құлшыныс, құмарлық, сүйіспеншіліктің бейнеленуі. Нарциссизм көріністері. Өмір сүру мақсаттары, жағдайдың ерекшелігі мен сезімдері, өзара қарым-қатынасқа кедергі келтіретін әлеуметтік, психологиялық себептер, поэзияның лирикалық «сюжеттері».

3. Адам сезімінің диалектикасы, психологиялық сипаттамалар (портреттің, сөйлеудің, қимылдың, кинетиканың, тұрмыстық элементтердің, табиғат суреттерінің көркемдік қызметі).

Талдауға ұсынылатын шығармалар:

М. Мақатаевтың «Өмір өзен» жинағы; Қ. Мырзалиевтың «Домбыра» жинағы; Ф. Оңғарсынованың «Қырдағы аяқас» поэ-

масы, Т. Медетбектің «Көк түріктер сарыны», Ж. Әбдіраштың «Құлпытас»; Ұ. Есдәулеттің «Киіз кітап», Ғ. Жайлыбайдың «Құс қанаты» жинағы; Е. Раушановтың «Сары өзен», И. Сапарбайдың «Сезім патшалығы», М. Райымбекұлының «Ай» жинақтары.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Сабақта қарастырылатын мәселе және талдауға ұсынылатын мәтіндер:

1. Қазіргі қазақ трагедиясы, тартыстар типологиясы. Т. Ахтановтың «Ант», Қ. Ысқақтың «Жан қимақ», Ш. Мұртазаның «Тамұқ», Б. Мұқайдың «Семей қасіреті», И. Оразбаевтың «Қорқыттың көрі», Шахмарденнің «Томирис» пьесаларының идеялық және көркемдік ерекшелігі.

2. Қазіргі қазақ драмасының өзекті тақырыптары мен мәселелері, тартыс пен характердің байланысу түрлері. С. Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер», Б. Мұқайдың «Өмірзая», Т. Әбдіктің «Ардагер», Д. Исабековтің «Тор», И. Оразбаевтың «Хайуандық комедия» драмалары.

3. Қазіргі қазақ комедиясы, жанрлық түрлер мен тартыстар жүйесі. Комедияда авторлық тұрғыны білдірудің белсенді амалдары. Қ. Мұхамеджановтың «Құдалар келді», С. Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар», С. Сматаевтың «Той үстіндегі топаң».

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӘДЕБИ СЫН

Талдауға ұсынылатын зерттеулер:

1. З. Ахметовтің «Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы мен дәстүрлері» монографиясы, З. Қабдоловтың «Сөз өнері» (1993), Р. Нұрғалиевтің «Әдебиет теориясы» (2003), «Сөз өнерінің эстетикасы» (2003) еңбектері, Ж. Тілеповтің «Қазақ халқының хандық

дәуір әдебиеті» (2013), Т. Есембековтің «Көркем мәтін теориясы» (2015), «Көркем мәтін поэтикасы» (2014), Ж. Мәмбетовтің «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» (2011), Ж. Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» (2014), З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» (1995).

2. Қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихын зерттеу бойынша талдауға ұсынылатын еңбектер:

З. Ахметов «Қазақ поэзиясы» монографиясы, Ж. Ысмағұлов «Абай: даналық дәрістері», Ш. Елеукенов «Қазақ романы және қазіргі заман», «Әдебиет және ұлт тағдыры», М. Атымұлов «Қазақ романының поэтикасы», Р. Нұрғалиев «Драма поэтикасы», «Телағыс», Б. Майтанов «Портрет поэтикасы», «Монолог құрылымы», М. Базарбаев «Қазақ поэзиясы: көркемдік ізденістер», С. Қирабаев «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», З. Қабдолов «Көзқарас», Т. Кәкішев «Мағжан және Сәкен», З. Серікқалиев «Ақыл таразысы», Д. Ысқақұлы «Сын өнері», Б. Ыбырайым «Сырлы әлем», Б. Сарбалаев «Өткірдің жүзі», Қ. Ергөбек «Арыстар мен ағыстар», Г. Пірәлі «Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея».

3. Әдеби компаративистика мәселелері.

Талдауға ұсынылатын еңбектер:

Ш. Сәтпаева «Уақыт шуағы», «Шоқан және орыс әдебиеті», Ө. Күмісбаев «Араб, парсы және қазақ әдеби байланыстарының мәселелері», К.Ш. Керева-Қанафиева «Қазақстан туралы революцияға дейінгі орыс баспасөзі» монографиясы, Ж. Ысмағұлов «Әдеби байланыстар», Е. Солтанаева «Әдеби компаративистика», Г. Бельгер «Гете – Лермонтов – Абай».

4. Қазіргі қазақ фольклортануының негізгі зерттеу бағыттары.

Талдауға ұсынылатын зерттеулер:

С. Қасқабасов «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері», Е. Тұрсынов «Қазақтың тұрмыстық ертегілерінің генезисі», «Бақсылар, ақындар, сері және жыраулардың пайда болуы», О. Нұрмағамбетова «Қобыланды батыр».

5. Қазіргі қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері

Талдауға ұсынылатын зерттеулер:

Т. Кәкішев «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», З. Серікқалиев «Ақыл таразысы», Т. Тоқбергенов «Қос қағыс», Қ. Ергөбек «Жан жылуы», Б. Майтанов «Көркемдік нәрі», А. Нысаналы «Жансарай». С. Жұмабек «Сын әуені», Ә. Бөпежанова «Дүние – имани құбылыс», С. Әшімбаев «Парасатқа құштарлық»,

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2002.
2. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы, 1983.
3. Егеубаев А. Сөз жүйесі. – Алматы, 2000.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994.
5. Ысқақұлы Д. Сын сымбаты. – Алматы, 2000.
6. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. – Алматы, 1999.
7. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы, 2002.

8-бөлім

ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢА ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

Егемен Қазақстан Республикасы ұлттық өнер мен әдебиеттің дамуына зайырлы мақсаттар мен міндеттер қойды, жаңа шығармашылық мүмкіндіктер ашты. Еркін сөз, кемел ойға кең өріс ашылды. Ұлт тәуелсіздігі ел еңсесін көтерді, ұлт мұратын айқын бағдарлауға, рухани жаңғыруға даңғыл жол ашты. Ұлттық руханиятымыздың негізгі өзегі саналатын әдебиетке, рухани-мәдени құндылықтарға деген жаңаша көзқарас қалыптасты.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиеті өзіндік даму бағытымен, көркемдік ізденістерімен ерекшеленеді. Ел тарихындағы оң өзгерістерді, рухани әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастықты, азат сана тудырған рухани жаңғыруды бейнелеуге деген ықылас қаламгерлер шығармашылығынан айқын аңғарылды. Ұсынылып отырған практикалық сабақтарға арналған курста тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму үрдістері, қазіргі әдебиеттің көркемдік арналары, мазмұн мен пішін, тың идеялық-мазмұндық ізденістер жан-жақты талдау нысанына айналып отыр.

Филолог маманның білімі мен білігіне, құзыреті және дағдысына қойылатын талаптарға сәйкес студент қазіргі қазақ әдебиетіндегі жетекші құбылыстар мен авторларды, танымал көркем мәтіндерді, қазіргі шығармашылық еңбектің психологиясын, эстетикалық ерекшелігін, көркемдік бейнелеу құралдарын, амал-тәсілдерін, жалпы әдеби үдерістің бағыты мен бағдарын білуі шарт.

Білім алушылар қазіргі қазақ әдебиетінің бағыт-арналарын, жаңа есім мен соны туындылар табиғатын, ондағы ізденіс, көркемдік және ой-сөз жүйелерін кең көлемде танып-талдау, байыпты зерделеуге, ақын-жазушылар еңбектеріндегі ізденіс іздерін, дәстүр мен жаңашылдықты, ұлттық-рухани мұраттарды, дерек-дәйек көздерін, елдік-ерлік сипаттарды, көркемдік өрнектерді, тілдік-стильдік құбылыстарды жан-жақты танып, талдауға дағдылануы қажет. Тәуелсіздіктің тұғырлы, баянды болуының талаптарын барынша бедерлі бейнелеген туындылар табиғатына, жанрлар жүйесіндегі өзгеріс-ерекшеліктерге мән берілгені орынды. Қаламгерлердің тіл-стильдік сырларына, жаңа бағыт-бағдарына, қаламгерлік табыстарына, көркемдік таным арналарына тиісінше көңіл бөліп, жіті назар аударылғаны абзал.

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасында ұлтымыздың жүріп өткен жолы мен бүгінгі өмірдің тыныс-тіршілігін, жаңа заманның қаһармандарын, олардың шынайы бейнесін, тіршілік-тағдырын өздері өмір сүрген кезеңдердегі әлеуметтік ортамен, қоғамдық-саяси шындықпен астастыра, сабақтастыра бейнелеген көркем шығармалар аз жазылмағаны белгілі. Сол арқылы қазақ әдебиеті де өз кезегінде көркемдік дамудың жаңа белесіне қол артып отырған.

Осы кезеңдегі қазақ қаламгерлерінің романдары тарихи, әлеуметтік-қоғамдық шындықты авторлық таныммен сабақтастыра суреттеді. Олардың қатарында Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, Д. Досжанов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеев, т.б. есімдерін атауға болады. Сондай-ақ ой еркіндігімен, талғам биіктігімен танылып үлгерген А. Алтай, Ж. Қорғасбек, Т. Ахметжан, Н. Ораз, Ж. Шағатай, Р. Мұқанова, т.б. сынды суреткерлердің соңғы жылдары жазған әңгімелері мен повестері қоғамдық тарихымызға да, әлеумет өміріне де өзіндік ықпалы болғандықтан, бүгінгі қазақ прозасының мазмұнынды құбылысына айналды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде модернистік және постмодернистік сарындағы көркем шығармалар Т. Әбдік, А. Алтай, Д. Амантай, А. Кемелбаева, Т. Әсемқұлов, Қ. Мұбарак, т.б. сынды қаламгерлердің еншісіне тиіп отыр.

Ұзақ жылдарға созылған азаттық үшін күрестің төл поэзиямызға тигізген әсері ерекше екендігі сөзсіз. Ұсынылып отырған курста тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының дамуына ықпал еткен М. Шаханов, Н. Оразалин, С. Ақсұңқарұлы, Н. Айтов, Е. Раушанов, Иран-Ғайып, Б. Жакып, С. Нұржан, Н. Мәукенұлы, Т. Әбдікәкімов, Г. Салықбай, С. Адай, С. Нұржан, М. Райымбекұлы, Ж. Сәрсек, Ә. Балқыбек, М. Шаймаран, А. Исаділ, Б. Алдияр, Б. Бабажанұлы, Т. Толқынқызы, Е. Жүніс, А. Темірбай, А. Елгезек, т.б. ақындар Ұлы Дала елінің, қазақ ұлтының басынан кешкен қилы тағдыр мен алуан тұлғаларды бейнелеуде шығармашылық ізденістерімен ерекшеленді. Олардың күрделі образдық шешімін көркемдік тұрғыдан жинақтау жолында әр қаламгер өзіндік суреткерлік танымы мен стильдік мәнер-машықтарын, жазушылық қолтаңбаларын танытты. Осы арқылы әрқайсысы өзінің көркемдік әлемін жасақтады.

Практикалық сабақтарда көркем әдебиетіміздің тәуелсіздік жылдарындағы даму үрдісі, яғни қазіргі қазақ сөз өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық, жанрлардың даму сипаты, құрылымдық ерекшеліктері талдау нысаны болмақ. Сонымен қатар проза жанрындағы өзіндік дара қолтаңбасымен, шығармашылық жолындағы көркемдік ізденістерімен танылып, дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік өзгерістері мен құбылыстарын бейнелеуде, соған лайық әр қырлы адам характерін жасауда қол жеткізген көркемдік ізденістерімен ерекшеленген авторлар назарда болғаны жөн. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы драманың жанрлық түрленуі, ұлттық драматургиядағы идеялық бағыттар мен тақырыптық ізденістер, жаңашылдық, т.б. мәселелер жан-жақты талданады.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясына тән құбылыс – ақындарымыздың абстрактілі ұғымдарды өлеңге айналдырып, оның рухани мән-мағынасын ашуға тырысуында. Адамзаттың ойлау жүйесін мифтік және поэтикалық деп екіге жіктей қарайтын тұжырымдарға назар аударсақ, мифтік ойлау кезеңінде метафора тура мағынасында қабылданса, поэтикалық ойлау жүйесінде ол ауыспалы, бейнелі түрде қолданылды.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік тәсілдер мен көріктеу құралдарын қолдану ерекшелігі ашылып, олардың барлығына тән сипат – барынша күрделі интеллектуалдық поэзияға тән көпқырлылықпен өлшенетіні дәлелденді. Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі көркемдік жүйенің бір шығармада бірнешеуінің қабаттаса араласып, бір негізге қарай жымдасып орналасуы сипатталады. Тіпті күрделі формада құрылған көркемдік түрлері араласып келіп, әдеби тілдің соны үлгісін жасайтыны байқалады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯ ӨРНЕКТЕРІ

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясындағы ұлттық бітім. Ұлттың азаттық күрес тарихының жырлануы. Қазіргі қазақ поэзиясындағы «Мәңгілік ел» және ұлттық идеяның тоғысуы. Тәуелсіздік тақырыбына арналған туындылардағы ұлттық рухтың көрінісі, азаматтық ойдың бейнеленуі, шығармалар тіліндегі ұлттық бояу элементтерінің ерекшелігі. Тәуелсіздік кезеңіндегі отаншылдық лириканың бейнелілігі. Қазақ әдебиетінде мифологиялық желінің дамуы. Тәуелсіздік тақырыбына арналған туындылардағы тарихи шындықтың берілу сипаты. 1991 жылдан бергі жылдардағы әдебиеттің дамуының бағдары, міндеттері. Ақын-жазушыларға еркін жазу мүмкіндігінің тууы. Кеңестік кезеңдегі сыңаржақ шектеулерден арылып, әлемдік көркемдік үрдістен тәжірибе жинап, ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдер кіргізуі. Бұрыннан бар көркемдік тәсілдердің қазіргі заманғы жаңа болмысты поэзияда өзгеше жаңғыруы мен түрленуі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Күләш Ахметованың «Құт» кітабындағы рухани құндылықтар сипаты.

2. Серік Ақсұңқарұлының поэзиясындағы алаштың азаттығы, түркі рухының ұлттық код ретіндегі бейнесі.

3. Гүлнар Салықбаеваның «Азаттық» өлеңіндегі ұлттық бірегейліктің мазмұндық құрылымы.

1. Ерлан Жүніс өлеңдеріндегі мифопоэтика мәселелері.
2. Ғалым Жайлыбайдың «Ардакүрең» жинағындағы тарихи уақыт пен кеңістік.
3. Ұлықбек Есдәулеттің «Өзгеру» атты өлеңіндегі өзгеше өлшем мен ырғақ, поэтикалық құрылымының ерекшеліктері.

1. Исрайыл Сапарбайдың «Махаббат пен ғадауат» жырларындағы махаббат тақырыбы.
2. Жәркен Бөдештің «Туған жер» өлеңіндегі экспресемалар қызметі.
3. Қазақ поэзиясындағы желтоқсан образы (Ұ. Есдәулеттің «Алматы. Желтоқсан», С. Нұржанның «Оқиға», «Тағы да бір оқиға» өлеңдері).

1. Поэзиядағы ұлттық рухтың көрінісі, азаматтық ойдың бейнеленуі (Рафаэль Ниязбектің «Махамбет майданында» кітабы).
2. Ақын тіліндегі ұлттық бояу элементтерінің ерекшелігі (Жүрсін Ерманның «Іздеу салу» өлеңі).
3. Ақберен Елгезектің «Періште» өлеңіндегі суреттілік, образдылық сипаттары.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығармалар:

Т. Молдағалиевтің «Жаз да өтіп барады», М. Айтхожинаның «Жапырақ сілкінген кеш», Т. Медетбектің «Көк түріктер сарыны», Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі», И. Исаевтың «Жан жылуы», Ж. Ерманның «Алыстан және жақыннан» туындылары;

Н. Оразалиннің «Ғасырмен қоштасу», Е. Раушановтың «Бозаңға біткен боз жусан», Ә. Қайырбековтің «Шер шертер», Ұ. Есдәулеттің «Киіз кітап», Н. Айтұлының «Көз жасым»,

Г. Салықбаеваның «Кешіріндер келгенімді өмірге» жыр жинақтары;

Ә. Балқыбектің «Қасқыр құдай болған кез», Е. Жүністің «Хауас», М. Ыбыраевтың «Ай», А. Елгезектің «Көлеңкелер күбірі», Д. Мәсімханұлының «Семсер суы», С. Нұржановтың «Таң қауызын жарғанда», Т. Көпбаевтың «Аңсар», Б. Бабажанұлының «Аспан мен жердің арасы», Ә. Шегебайдың «Ақ жауын», Б. Белделханұлының «Ауадағы жазулар» жинақтары.

Әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты. Зерттеулер. – Алматы: Құс жолы, 2013. – 490 б.
2. Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. – Алматы: Білім, 2010. – 320 б.
3. Қуатбек Е., Шортанбаев Ш. «Бәйтерек» поэмасындағы көшбасшы бейнесі // Қазақстан ғылымы мен өмірі, 2016. – № 3. – 88-91 б.
4. Есдәулет Ұ. Ғұмыр жас. – Алматы. 2012. – 376 б.
5. Ерман Ж. Алыстан және жақыннан. – Алматы: «Ан-арыс» баспасы, 2013. – 348 б.
6. Көпбаев Т. Аңсар. Таңдамалы туындылар. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 360 б.
7. Оразалин Н. Құралайдың салқыны. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Атамұра, 1997. – 312 б.
8. Жайлыбай Ғ. Ардакүрең. – Алматы, 2008. – 288 б.
9. Әбдірәсілқызы А. Мезгілсіз дәурен. – Алматы, 2006.
10. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2016. – 384 б.
11. Салықбай Г. Кешіріндер келгенімді өмірге. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. – 192 б.
12. Айтөв Н. Көз жасым. Таңдамалы. – Астана: Күлтегін, 2006. – 368 б.
14. Орда Г. Н. Айтұлы поэзиясы туралы // [http:// www.akjolgazet.kz/?p=6411](http://www.akjolgazet.kz/?p=6411)
15. Райымбекұлы М. Көшбасшы // <https://baq.kz/kk/news/oner/maraltai-raimbekuli-koshbasshi-поема>
16. Жүніс Е. «Мәңгілік Ел. Наряду» // <http://abai.kz>
17. Үсенова А. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері: автореферат. – Астана, 2010. – 55 б.
18. Исаділ А. Жолдар, жолдар. – Алматы, 2001. – 158 б.
19. Райымбекұлы М. Кентавр. – Алматы, 2008.
20. Алдияр Б. Өмір өзен. – Алматы: Жазушы, 2005.
21. Берікжабыұлы Д. Көңіл құпиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 156 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАР ПОЭМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Тәуелсіздік алған жылдарда қазақ поэмасы көркемдік-бейнелілік, тақырыптық-идеялық тұрғыда жаңа белестерге көтерілді. Ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдері, бастан кешкен өмірінің суреттелуі. Тарихи тақырыпты арқау еткен поэмалардың дамуы. Тәуелсіздік жылдарындағы поэмалардағы көркемдік тұтастық, поэтикалық өріс ерекшеліктері. Қазақ поэмасындағы мәңгілік ел және ұлттық идеяның көрінісі. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэмасы. Жанрдың сипаты. Поэма сюжетіндегі эпикалық және лирикалық элементтердің қатынасы. Поэмалардағы әлеуметтік және ұлттық сарын көрінісі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қ. Мырзалиевтің «Заманай» поэмасындағы замана шындығы және көркемдік шешім.

2. Тәуелсіздік жылдарындағы поэмалардағы көркемдік тұтастық, поэтикалық өріс ерекшеліктері.

3. Е. Жүністің «Мәңгілік ел. Нараду» поэмасындағы мәңгілік ел және ұлттық идеяның көрінісі.

1. Фариза Оңғарсынова поэмаларындағы қазақ әйелінің ұлттық болмысы.

2. Е. Раушановтың «Ғайша биби» поэмасы сюжетіндегі эпикалық және лирикалық элементтердің қатынасы.

3. А. Егеубаевтың «Желтоқсан», Н. Айтұлының «Мұқағали-Желтоқсан» поэмасындағы қазақ жастарының қаһармандық тұлғасы.

1. С. Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр», «Махамбет және Жәңгір хан» поэмаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі.

2. Н. Айтұлының «Бәйтерек» поэмасындағы тәуелсіздік идеясы.
3. Ғ. Жайлыбайдың «Қара орамал» поэмасындағы қазақ халқының ұлттық мінезінің көріністері.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығармалар:

Т. Медетбек «Махамбет рухының монологі», Ж. Бөдешұлы «Жақия», Р. Ниязбек «Махамбет майданы», «Тамұқ отына жанбаған», М. Шаханов «Жазагер жады космоформуласы» туындылары.

Әдебиеттер:

1. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011 ж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
2. Айтұлы Н. Көз жасым. – Астана, 2006.
3. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс. – Алматы, 2008.
4. Елеуєнов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы: Алатау, 2006. – 352 б.
5. Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 124 б.
6. Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Күс жолы, 2012. – 490 б.
7. Толысбаева Ж. Поэзия жанрлары, тарих және жаңа заман тәжірибесі: оқу құралы. – Семей, 2008.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕСІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Әңгіме жанрында түрлі әлеуметтік-қоғамдық мәселелердің, мәдени-рухани құндылықтардың қамтылуы. Аталмыш жанрдың мазмұны мен пішінінің дамуы, көркемдік тұрғыдан ілгерілеуі. Лиризм мен психологизмнің белең алуы, символдық, лирикалық, проблемалық, әлеуметтік талдаудың белсенділігі. Аңыздар мен мифтердің қазіргі қазақ әңгімелеріндегі орны.

Ғасырлар тоғысындағы әңгіме жанрындағы үрдістер, жас толқынның өзіндік дара қолтаңбасымен, шығармашылық жолындағы көркемдік ізденістерімен танылуы. Жазушылардың дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік өзгерістері мен құбылыстарын

терең бейнелеуге, заманға лайық алуан қырлы адам характерін жасауға деген ұмтылысы. Қазіргі қазақ әңгімесінің адамның жан дүниесінің сана мен түпсананың терең қатпарларын тануға бағытталған әрекеті. Адамның ішкі дүниесінің нәзік иірімдерін сөз етуімен, адам болмысына жан-жақты назар аударуымен ерекшеленуі. Қазақ қаламгерлерінің адам бойындағы ұлттық мінез-құлықты, адамгершілік қасиеттерді, рухани құндылықтарды терең ашуды мақсат етуі. Әңгіменің поэтикалық компоненттері құрамының дамуы, тілдік-стильдік ерекшеліктердің табиғаты.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Шерхан Мұртазаның «Соғыстың соңғы жесірі» атты әңгімесіндегі Хадиша образының ұлттық негіздері.

2. Айгүл Кемелбаеваның «Тобылғысай», «Қоңырқаз» әңгімелеріндегі формалық-көркемдік ізденістер.

3. Дәурен Қуаттың «Он сом» әңгімесінің сюжеті және авторлық шешім.

1. Б. Нұржекеұлының «Мүденің қатыны» атты әңгімесіндегі аңыздық сарынның қызметі.

2. А. Алтайдың «Кентавр» әңгімесіндегі мифопоэтикалық астар.

3. Н. Ораздың «Біз, ол, «Мерседес» және махаббат», М. Омардың «Ақша іздеген бала» әңгімелеріндегі замана нақыштары және қаламгерлік ұстаным.

1. Қ. Жұмаділовтің «Тіленші» атты әңгімесіндегі өнерпаз тағдыры.

2. Т. Нұрмағамбетовтың «Анасын сағынған бала» атты әңгімесіндегі ауыл өмірінің пәлсапасы.

3. Л. Қоныстың «Тиын» әңгімесіндегі трагедиялық түйін сыры.

1. Несіпбек Дәутайұлының «Айғыркісі» атты әңгімесіндегі символдық мағына мен жаңа мазмұн.

2. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі желтоқсан қасіретінің бейнеленуі (М. Байғұт «Жоғалған жұрнақ», Ж. Қорғасбек «Желтоқсан», А. Алтай «Сібір офицері»).

3. Р. Мұқанованың «Мұқағали», Ә. Қоспағарованың «Ол» атты әңгімелеріндегі сарындастық сипаты.

4. М. Мағауиннің «Құмырсқа қырғын» әңгімесіндегі символдық және философиялық түйіндер.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығармалар:

Ж. Ахмадидің «Кие», М. Мағауиннің «Салах-ад-Дин», Ж. Шаштайұлының «Есбай тігі», Д. Рамазанның «Көкжал», «Алланың елшісі», А. Алтайдың «Қызыл қасқыр», «Шаһид» әңгімелері.

Дархан Бейсенбектің «Тағдыр тақтасы», Ерболат Әбікенұлының «Министр», Мирас Мұқашевтың «Ит жанарындағы жас», Аягүл Мантаеваның «Құндақ», «Жазушы», Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», Қанағат Әбілқайырұлының «Естелік», «Сурет», Қанат Тілеуханның «Менің шешелерім», Қойшыбек Мұбарактың «Ескексіз қайық», «Қара қобыз», «Жат құшак», «Пері қыз», Тұрсынжан Шапайдың «Айна сарай», Мақсат Мәліктің «Ажалмен бетпе-бет», «Ажалды қуған жігіт», «Ертекші қыз», Талаптан Ахметжанның «Мұн», т.б. әңгімелері.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 358 б.
2. Есембеков Т. Драматизм и казахская проза. – Алматы: Жазушы, 1997. – 356 б.
3. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. – Алматы: Жазушы, 1988. – 176 б.
4. Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі психологизм мәселелері: автореферат. – Алматы, 2004.
5. Елеукенова Г. Поэтика казахского рассказа: автореферат дис. д-ра филол. наук. – Алматы, 2005.
6. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік элементі: повестер мен әңгімелерге шолу, талдау. – Алматы: Дәстүр баспасы, 2016. – 288 б.
7. Смағұлова Н. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Астана, 2007.
8. Рамазан Д. Әңгіме туралы әңгіме // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 19 сәуір. – № 16.
9. Рамазан Д. Көкжал. – Астана, 2001. – 136 б.

10. Кемелбаева А. Тобылғысай. – Астана, 2001. – 120 б.
11. Жас толқын. Жас қаламгерлер жинағы. Проза. – Алматы: 2006. – 2 т.
12. Есембеков Т.У. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.
13. Майтанов Б. Портрет поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 126 б.
14. Майтанов Б. Монолог құрылысы. – Алматы, 2006. – 106 б.
15. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 326 б.
16. Алтай А. Алтай новелласы. – Алматы: Өлке, 2001. – 292 б.
17. Байғұт М. Алмағайып. – Алматы: Жазушы, 2001. – 200 б.
18. Мұртаза Ш. Бойт ұмар. – Алматы: Рари тет, 2006. – 256 б.
19. Ахметжан Т. Мұң. – Алматы: Жалын, 2007. – 288 б.
20. Дәутаев Н. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы, 2008. – 272 б.
21. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: монография. – Қарағанды, 2009. – 400 б.
22. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 284 б.
23. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Сын-зерттеу. – Астана: Елорда, 2001. – 312 б.
24. Кеңесбай Т. Марафон: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 288 б.
25. Әбілқайыр Қ. Тырнақшаның ішіндегі әңгіме: әңгімелер. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 288 б.
26. Дәдебаев. Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
27. Әсемқұлов Т. Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары // Таң-Шолпан. – 2004. – № 5. – 144-155 б.
28. Жас толқын. Жас қаламгерлер жинағы. Проза. – Алматы, 2006. – 2-т.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІ

Қазіргі қазақ повесінің әлемдік әдеби үрдіспен байланысы, жанрлық, тақырыптық тұрғыдан түрленуі, қаламгерлердің көркемдік-эстетикалық поэтикалық ұстанымдарының дамуы, дәстүрлі жанрлық өлшемдер ауқымынан саналы түрде шығуға, еркін жазуға деген ұмтылыс. Тәуелсіздік идеясының көрініс табуы. Қазақ жазушыларының сан алуан көркемдік-бейнелеу құралдарын игеруі. Қазіргі қазақ повестеріндегі аңыздар мен мифтердің көркемдік танымдық қызметі. Қазақ повестерінің тақырып аясының кеңеюі. Қазақ повесіндегі лиризм мен психологизмнің көрінісі. Повестердің идеялық, көркемдік сипаты және жазушылардың

аңыз, мифтерді қолданудағы көркемдік-стильдік ерекшеліктері. Сюжеттік-композициялық құрылымының күрделенуі.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Таласбек Әсемкұловтың «Бекторының қазынасы» туындысындағы ұлттық характер мен психологизм.

2. Несіпбек Дәутайұлының «Жол» повесіндегі адам тағдырын суреттеудегі коллизияның қызметі.

3. Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» туындысындағы кейіпкерлердің рухани бейнесі.

1. Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Какаду» повесіндегі характер жасаудағы сюжеттің мәні.

2. Төлен Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі баяндау типтерін өзара салыстырып, талдау жасау.

3. Қуандық Түменбайдың «Түрмедегі торғай», Нұрғали Ораздың «Тазқара» повестеріндегі мекеншақты салыстырыңыз.

1. С. Асылбекұлының «Ақ қарға» повесіндегі кеңес дәуірінің шындығы.

2. Т. Сәукетаевтың «Күзғын тойған қыс» повесіндегі отбасы тағдырының бейнеленуі.

3. О. Егеубайұлының «Тарымда өткен бір тәулік» туындысындағы шетелдегі қандастарымыздың тағдыры.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығармалар:

Д. Досжановтың «Жазмыштың формуласы», Т. Мәмесеітовтің «Бесік пен несіп», Ә. Асқаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді», Д. Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан», Ж. Ахмадидің «Зар-заруқа» повестері, Қ. Жұмаділовтың «Көкжал», Р. Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы», Ш. Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» хикаяттары.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992. – 350 б.
2. Майтанов Б. Суреттеу мен мінездеу. – Алматы, 1991.
3. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 327 б.
4. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998.
5. Асылбекұлы С. Қазақ повесі: монография. – Алматы: Үш қиян, 2008. – 296 б.
6. Мәуленов А. Қазіргі прозадағы мифтік-аңыздық қолданыс: монография. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 184 б.
7. Жарылғапов Ж. 70-80 жылдардағы қазақ прозасындағы адам концепциясы: автореферат. – Алматы, 2000.
8. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: повестер мен әңгімелерге шолу, талдау. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2016. – 288 б.
9. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы: Алатау, 2006. – 352 б.
10. Ахмади Ж. Зар-заруқа. – Алматы: Өлке, 2001. – 158 б.
11. Адырбекұлы К. Жүрек жұтқан: деректі повесть. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 288 б.
12. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: ұжымдық монография. – Алматы, 2017.
13. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары: оқу құралы. – Алматы, 1995. – 227 б.
14. Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм: монография. – Алматы, 2012.
15. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫ ЖӘНЕ ЖАҢА КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МҰРАТТАР

Тәуелсіздік жылдарында роман жанрының дамуы. Жаңаша бағыттағы романдардың стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейнелілігіне, көркемдік шешіміне назар аудару. Осы жылдардағы қазақ романдарындағы тарихи тақырыптың көркемдікпен игерілуі, адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, жинақтап, жүйелеп беруі, тәуелсіздік идеясын бейнелеудегі көркемдік-ерекшеліктері, тұлға болмысына шығармашылық талаптар тұрғысынан келуі, романдарда адамның азаматтық

тұғынамасының, тарихи тұлға мен әдеби кейіпкер бірлігі мен диалектикасының терең қамтылуы. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму үдерісі сараланғанда, уақыт мінберінен дәстүр жалғастығы мен сабақтастығы сөз етілгенде, көркемдік деңгей мен сөз өнерінің әлеуеті сарапталғанда қазіргі заманғы роман жанрының ұстанған бағыты, даму арнасы, жеткен биігінің көріністері айтылғаны абзал. Көркем прозаның, оның ішінде роман жанрының поэтикасын, даму кезеңдерін, тақырыптық-жанрлық ерекшеліктерін, дәстүр сабақтастығы мен ұлттық сипатын, идеялық мазмұны мен көркемдік арналарын, сондай-ақ ел мен жер тарихын, қоғам тынысын, өнерпаз тағдырын, өнер күдіретін шығармашылығының өзегі етіп алған қаламгерлердің қалам қуатын, суреткерлік әлеуетін кеңінен қарастырып, жан-жақты зерделеу. Қазақ романдарындағы тәуелсіздік жолындағы күрескерлік рухты азаматтық тұлғаның ішкі әлемі арқылы ашып көрсетудегі жазушы шеберлігінің жаңашыл көркемдік ізденістерін жүйелі түрде талдап көрсету, жалпы адамзаттық мәселелер көрінісін қазіргі таңдағы адамның рухани әлеміне қатысты талдау. Тарихи романдардың тәуелсіздік жылдары жарық көрген жаңа үлгілердегі мазмұн мен пішін сәйкестігі. Жаңа заман талабынан туындап отырған қажеттілігі. Жаңа романдардың дәстүрлі әдебиетке, ауыз әдебиеті мен халық прозасына, романдық эпосқа сүйенуі. Қазақ әдебиеті замана, уақыт, өмір, қоғам, адам тіршілігінің пәлсапасын эстетикалық игеру бағытында халық әдебиеті мен мәдениетінің інжу-маржандарын қолдануы.

Сабак жоспарының үлгілері:

1. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының жанрлық-стильдік ерекшеліктері.
2. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» туындысындағы символдың мәні.
3. Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара», Дидар Амантайдың «Гүл мен кітаптар» романдарындағы постмодернистік сарындар.

1. Бексұлтан Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай!» романындағы көркемдік идея.
2. Смағұл Елубайдың «Ақбоз үй» романындағы ұлттық рух, діл мәселелерінің сипатталуы.
3. Тарихи романдардың жаңа ғасырдағы шынайы келбеті (Қабдеш Жұмаділовтың «Прометей алауы», Қажығали Мұқамбетқалиевтың «Тар кезең» романы бойынша).

1. Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романындағы отарлық кезеңнің шындығы.
2. Қалихан Ысқақтың «Ақсу – жер жаннаты» романындағы кейіпкерлер әлемі.
3. Жақсылық Сәмитұлының «Қаһарлы Алтай» трилогиясындағы Оспан батыр бейнесі.

1. Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» романындағы оқиға өрбіту, тұлға жасау ерекшелігі.
2. Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романының идеялық-құрылымдық ерекшелігі.
3. Эрнест Төрехановтың «Ескендір мен Роксана» романындағы тарихи оқиғалар мен кейіпкерлер жүйесі.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығармалар:

Р. Тоқтаров «Абайдың жұмбағы», М. Мағауин «Жармақ», Ә. Кекілбаев «Шандоз», Ж. Сәмитұлы «Сергелден», Қ. Исабаев «Шоң би», Ә. Тарази «Жаза», З. Қабдолов «Менің Әуезовім», С. Сматаев «Жарылғап батыр», Т. Зәкенұлы «Көк бөрілердің көз жасы», О. Сәрсенбай «Шенбер», К. Сегізбай «Беласқан», Ж. Ахмади «Айтұмар», Ж. Шаштайұлы «Аяз би», Т. Сәукетаев «Айқараңғысы», А. Алтай «Алтай балладасы» және т.б. романдар.

Әдебиеттер:

1. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік: монография. – Алматы, 2008.

2. Бисенғали З. Қазақ романы. – Ақтөбе, 2003.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 251 б.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
5. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
6. Мағауин М. Шақан шері. – Алматы: Жазушы, 1993.
7. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. – 205 б.
8. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
9. Қазақ романы: өткені мен бүгіні: ұжымдық монография. – Алматы, 2009. – 644 б.
10. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары: зерттеу. – Астана: Елорда, 2001.
11. Тебегенов Т.С. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (XX ғ. 90-жылдары және XXI ғ. бас кезі): монография. – Семей: «Үш биік» баспасы, 2013.
12. Мұқамбетқалиев Қ. Тар кезең. Роман. – Алматы, 2012.
13. Орда Г. Соңғы жылдар прозасы // Қазақ әдебиеті. – №23. – 2014.
14. Елеуқенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. – Алматы: Алатау, 2006. – 352 б.
15. Асқаров Ә. Өр Алтай, мен қайтейін биігінді. – Алматы: Раритет, 2006. – 312 б.
16. Шаштайұлы Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 2-т; Аяз би. Роман. – 368 б.
17. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2017. – 512 б.
18. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары: оқу құралы. – Алматы: 1995. – 227 б.
19. Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм: монография. – Алматы, 2012. – 200 б.
20. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДРАМАТУРГИЯ ЖАНРЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы драманың дамуы. Ұлттық драматургиядағы идеялық бағыттар мен тақырыптық ізденістер, жаңашылдығы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ дра-

матургиясының даму қарқыны мен жай-күйі. Театр өнері арқылы республикамызды бүкіл әлем таныған ел дәрежесіне көтеріп, бүгінгі заманға сай өркендеуімізге қаламгер-драматургтеріміз қосқан үлестері. Театр өнерінің қайнар көзі мен арқауы – ұлттық драматургия екендігі. Қазақ драматургиясында тарихи бейнелердің мольнан суреттелуі. Драма және характер. Драмалық тартыспен типтік образ жасау жолындағы тенденциялар. Сахна және өнер мұраты. Қойылым және қолтаңба. Театр және уақыт. Қазақ драматургиясында жанрлық-стильдік ізденістер. Ұлттық драмада қазақ халқының өткен өмірі, тарихы мен тағдыры жан-жақты көрініс табуы. Классикалық драматургияның уақыт пен кеңістіктегі өміршеңдігі.

Драмадағы өмір оқиғалары, әлеуметтік тартыстар, комедия жанрының өріс алуы. Комедиядағы кейіпкерлер болмысы, характер тілі. Трагикомедияға тән жанрлық сипат.

Сабақ жоспарының үлгілері:

1. Қазақ драматургиясында тарихи бейнелердің суреттелуі (Ә. Кекілбаев «Абылай хан», И. Оразбаев «Шыңғыс хан»).
2. Қазақ қыздарының бейнесі (Ш. Құсайынов «Томирис», Иран-Ғайып «Естайдың Қорланы»).
3. Ақын тағдырының суреттелуі (Н. Әбутәлиев «Өттің, дүние», Ә. Тарази «Ақын. Періште. Махаббат»).

1. Комедия жанрындағы кейіпкерлер болмысы, характер тілі (Т. Нұрмағамбетов «Бес бойдаққа бір той», С. Балғабаев «Тойдан қайтқан қазақтар»).
2. Д. Исабековтің «Ескерткіш» драмасындағы қоғам шындығы.
3. М. Омардың «Ақтастағы Ахико» драмасындағы Алаш тақырыбы.

Өздігінен оқуға ұсынылатын шығармалар:

М. Байсеркенов «Абылай ханның ақырғы күндері», Р. Отарбаев «Бейбарыс сұлтан», Қ. Ысқақов «Қыл көпір», Қ. Ысқақ пен Ә. Тарази «Алатау сыңды алыбым», И. Сапарбай «Сыған серенадасы», С. Балғабаев «Ғашықсыз ғасыр», «Ең әдемі келіншек», Ә. Ақпанбетұлы «Дүние-думан», Д. Амантай «Сәлеметсіз бе, қоңыр мұң», С. Сматаев пен Т. Теменов «Көгілдір такси», А. Жағанова «Жан алқымда», А. Бекбосынов «Соңғы сезім», Д. Исабеков «Актриса», Б. Мұқай «Сергелдең болған серілер», «Өмірзая», С. Асылбеков «Рабиғаның махаббаты», «Күзгі романс», Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне», т.б. драмалық туындылар.

Әдебиеттер:

1. Бораш Р. Драматургиялық шығармаларды оқыту. – Алматы: Кие, 2009. – 120 б.
2. Жуасбек Е. Қазіргі драманың жай-күйі // Мәдениет, 2012. – 36-44 б.
3. Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 328 б.
4. Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы, 2001.
5. Сығай Ә. Ой төрінде – театр. – Алматы, 2008. – 330 б.
6. Тұрысбек Р. Қазіргі драматургиядағы өнер тақырыбы // Керуен. – 2008. – № 13. – 25-35 б.
7. Мәдібаева Қ. Көркемдік кеңістігі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215 б.
8. Кеңшілікұлы А. Жүрек сөзі. – Алматы, 2009. – 435 б.
9. Есембеков Т. Функции драматизма в художественном тексте (электронный ресурс). – Алматы: КазНУ, 2013. – 304 с.
10. Исабекұлы Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. 6-т. Пьесалар. – Алматы: Атамұра, 2001. – 319 б.
11. Исабекұлы Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. Пьесалар. – Алматы: Атамұра, 2001. – 7-том. – 270 б.
12. Мұқанова Р. Мысықтар патшалығы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2005. – 2-том. – 320 б.
13. Балғабаев С. Ең әдемі келіншек (Өңгімелер мен пьесалар). – Алматы: Ана тілі, 2006. – 272 б.
14. Иран-Ғайып. Он үш томдық таңдамалы. – Алматы, 2006. – 7-т. – 429 б.
15. Асылбекұлы С. Шығармалары. 2 т. – Астана: Фолиант, 2008. – 383 б.
16. Отарбаев Р. Айна-ғұмыр: пьесалар. – Астана, 2013.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-бөлім. Практикалық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар	6
2-бөлім. Қазақ халық ауыз әдебиеті бойынша практикалық сабақтар	17
3-бөлім. Ежелгі дәуір әдебиеті бойынша практикалық сабақтар	40
4-бөлім. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті бойынша практикалық сабақтар	55
5-бөлім. XIX-XX ғасырлар басындағы қазақ әдебиеті бойынша практикалық сабақтар	85
6-бөлім. XX ғасырдың 20-60 жылдарындағы қазақ әдебиеті бойынша практикалық сабақтар	128
7-бөлім. Қазіргі заман қазақ әдебиеті бойынша практикалық сабақтар	141
8-бөлім. Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа әдебиет бойынша практикалық сабақтар	162

Оқу басылымы

Есембеков Темірғали
Дәрібаев Самал
Шортанбаев Шоқан

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ӘДЕБИЕТІ
БОЙЫНША МӘТІН ТАЛДАУ
САБАҚТАРЫ**

Оқу-әдістемелік құралы


Редакторы *Г. Ыбырайқызы*
Компьютерде беттеген *Ғ. Қалиева*
Мұқабасын безендірген *Я. Горбунов*

Мұқабаны безендіруде сурет
www.tilortalyq.kz сайтынан алынды

ИБ №12985

Басуға 27.09.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x80 ¹/₁₆.
Көлемі 17,85 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №5364.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



9 786010 441705